№ 05-06 (67/68) / Мамыр/маусым 2021 жыл / WWW.BILIMSHINI.KZ

БІЛІМ ШЫҢЫ-
ҒЫЛЫМ СЫРЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК, ТАНЫМДЫҚ, МӘДЕНИ-РУХАНИ ЖУРНАЛ

ҚАЗАҚСТАН

Y. ALTYNSARIN
ULTYQ BILIM AKADEMIASY

2-3 бет

БІЛІМ ШЫРАҒЫН ЖАҚҚАН ҒҰЛАМАҒА 180 ЖЫЛ

МЕНІҢ АТАМ - МЕНІҢ МАҚТАНЫШЫМ!

Қан майданда от кешіп, өзінің ұрпағының, өз елі мен халқының ғана емес, барлық елдер мен халықтардың бейбіт өмір сүруі үшін қан төккен БАТЫРДЫҢ ұрпағымын. Дәл осы сөз айтылғанда кеудемді мақтаныш сезімі кернеп, ел мен жер алдындағы жауапкершілігім арта түседі. Себебі, сіз де, мен де сонау қиын қыстау замандарды бастан кешірген, жау оғының алдында кеудесін тосқан, келешек ұрпақтың бейбіт өмірі үшін қанын төгіп, жанын берген батырлардың жалғасымыз. Бүгінгі күн сол батырларды ұлықтайтын, сол халықтың біртуар азаматтарын еске алып, бүгінгі тәуелсіз бейбіт күннің қадірін түсінетін күн. Менің атам - Өскенов Әкімбек, 1923 жылы бұрынғы Қызылқұм (Қазіргі Шардара) ауданының 11-ауылында дүниеге келген.

1937 жылы 7 жылдық мектепті бітіргеннен кейін 1941 жылға дейін бұрынғы Қызылқұм (Қазіргі Жиззақ облысы, Фарыш ауданы) ауданының Шымқорған, Қызылқұм совхоздарының 7 жылдық мектептерінде мұғалім, оқу ісінің меңгерушісі, директор болып қызмет атқарды.

1942 жылы шілдеде соғысқа кеткенге дейін 7 жылдық Пушкин мектебінде директор болды.

1942-1946 жылдары Ұлы Отан соғысына қатысып Украина, Балтық бойындағы елдерді жаудан тазартуда бірнеше рет жараланады.

2-топтағы соғыс мүгедегі болып елге оралғаннан кейін 1947-1983 жылдары Пушкин орта мектебінің директоры қызметін атқарды.

Зейнеткерлікке шыққаннан кейін 1983-1990 жылы Пушкин орта мектебінде қатардағы мұғалім болып еңбек етті.

1952 жылы оқытушылар институтын, 1956 жылы пединститут-ты бітірген.

8 рет ауыл совет депутаты, 2 рет халық заседателі болып сайланды.

Атам Өскенов Әкімбек соғыста және еңбекте атқарған ерен еңбектері мен ерліктері ескеріліп, көптеген алған марапаттарға ұсынылды. "Ұлы Отан соғысында Сталинградты қорғағаны үшін", "Ұлы Отан соғысында 1-дәрежелі жеңісі үшін", "Ұлы Отан соғысында ерлік еңбегі үшін", "Еңбек ардагері", Кеңес Одағының маршалы Жуков және басқа көптеген медальдармен марапатталған.

Қазақ ССР халық ағарту ісінің үздігі, СССР оқу министрінің Грамоталарымен, Қазақ ССР Жоғарғы Советі президиумының, облыстық білім басқармасының, аудандық білім бөлімінің Грамоталарымен марапатталған.

Мақтарал ауданының Құрметті азаматы. 5 бала, 3 қыз өсіріп, барлығы жоғары білім алды. 27 Немере, 20 шөбересі бар . Үлкен әулеттің қамқоршысы болды. Атам Әкімбектің ерліктерімен мақтанамын!

Қош болыңыз, менің қадірлі батыр атам!

Адамзат тарихындағы ең ауыр қантөгістің аяқталғанына 76 жыл өтсе де, күллі елдің жадында өшпес із қалдырды. Ұрпақ жадында батырлардың есімі мен ерлігі ұмытылмақ емес.

Немересі ШЫНЫБЕКОВА Жаннета Есенбековна,
№50 .Р.Қошқарбаев атындағы жалпы орта мектебі
Түркістан облысы, Жетісай ауданы

ЖАС ТҮЛЕК,

БОЛАШАҚТА ЖОЛЫҢ БОЛСЫН, АҢСАҒАН АРМАНДАРЫҢ ОРЫНДАЛСЫН!

ЕСЕН Бақыткүл Артыққызы,
бас редактор

Мектеп баланы білімнің биік шыңдарына жетелейтін, оқушыны таң нұрындай табындыратын, әрбір сәті сағындыратын білім ордасы болып табылады. Әр баланың мектептегі өмірі естен кетпес қызықты сәттерге толы екені белгілі. Сондықтан да «Соңғы қоңырау мерекесі» жас түлектердің өмірінде өшпес із қалдырады, көңілінде мәңгі сақталады. Соңғы қоңырау үні жалынды жастық шақтың дастандарындай, нұрлы болашақтың баспалдағындай барлық адам үшін қымбат. Бұрынғы кездері керемет салтанатты жағдайда өтетін «Соңғы қоңырау мерекесі» өткен жылы онлайн форматта өткен еді. Жас түлектерді Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың өзі соңғы қоңырау күнімен құттықтап, «Құрметті түлектер! Баршаңызды бүгінгі ерекше жағдайда өтіп жатқан «соңғы қоңырау» күнімен құттықтаймын! Асыл армандарыңыз орындала берсін! Болашақтарыңыз жарқын болады деп сенемін! Жас ұрпақты ғажайып білім әлеміне жетелейтін ұстаздар қауымына қажырлы еңбектері үшін алғыс айтамын!» деп жазды өзінің твиттер парақшасында.

2021 жылы соңғы қоңырау іс-шарасын 9 және 11-сынып бітірушілеріне ашық ауада өткізуге рұқсат берілді. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов «Соңғы қоңырау іс-шарасын 9 және 11-сынып бітірушілеріне санитарлық талаптарды қатаң сақтай отырып, ашық ауада өткізуге рұқсат беріліп отыр. Бұл оқушылар үшінші тоқсаннан бастап негізінен дәстүрлі форматта әрі онлайн форматта оқыды. Сондықтан бұл екі шешім бір-бірімен үйлесіп отыр. Аттестат беру рәсімін де осындай форматта өткізуді жоспарлап отырмыз. 9 және 11-сынып түлектері үшін қабылданған осындай шешімді дер кезінде ата-аналарына жеткізіп, тиісті дайындық жұмыстарын өткізу керек», - деді ведомствоның аппарат жиналысында. Еліміздің бас ұстазы маска тағу режимін, әлеуметтік арақашықтықты, сондай-ақ басқа да санитарлық талапты сақтау бойынша нақты жұмысты жүргізуді тапсырып, осы талаптар сақталғанда және ашық таза ауада өткізгенде ғана тиісті рұқсат берілетінін айтты.

Соңғы қоңырау мерекесі оқу жылының аяқталғанын әйгілеп, ұстаздар еңбегінің қорытындысын шығаратын маңызды кезеңнің басталғанын білдіреді. Жақсы ұстаз қандай жағдайда да оқушыларға сапалы білім береді деп ойлаймын. Қашықтан оқытудың өзіндік пайдасы болғанын да мойындауымыз керек. Бәсекеге қабілетті ұстаздар өздерін жақсы жағынан көрсетіп, оқушыларға сапалы білім берудің жаңа жолын тауып, жаңа жағдайда бәсекеге қабілетті жеткіншектердің шоғырын қалыптастыра білді. Бұл өз кезеңінде Қазақ Елінің қарыштап дамуына жол ашып, жарқын болашағымыздың кепілі болып, халықтың көңіліне үлкен сенім ұялатты. Жалындаған дарындарға сенеміз, СЕНІМ барда біз әрдайым жеңеміз. Бір жыл бойы онлайн оқыса да оқушылардың ҰБТ-да жоғары балл жинайтынына сенеміз, ата-аналарына қуаныш сыйлайтынына сенеміз. Жақсы істер жалғасын табады деп сенеміз, болашағымыз ғажайып болады деп сенеміз.

«Білім шыңы-Ғылым сыры» журналының шығармашылық ұжымы да жаңа жағдайда жаңаша жұмыс жасап, ұстаздар үшін ең қажетті ақпараттарды дер кезінде жариялап, жарқын болашаққа нық сеніммен қадам басып, бәсеке биігінен көрінуде. Журналымызға жазылып, бізбен бірге болған, үлкен СЕНІМ білдіріп, көңілімізді нұрландырған ҰЛЫ МӘРТЕБЕЛІ ҰСТАЗДАР ҚАУЫМЫНА шын жүрегіммен алғысымды білдіремін. Алдағы кезде де әрдайым бірге болып, білімнің биік шыңдарын бірге бағындыра береміз деп сенемін.

Құрметті жас түлектер! Алтын ұя мектепті бітіріп, жарқын болашаққа басқан нұрлы қадамдарың құтты болсын! Сыңғырлаған соңғы қоңырау үні өмірлеріңізге қуаныш сыйлап, көңілдеріңізге СЕНІМ болып ұяласын. Жас түлек, болашақта жолың болсын, аңсаған армандарың орындалсын!

БІЛІМ ШЫРАҒЫН ЖАҚҚАН

ҒҰЛАМАҒА 180 ЖЫЛ



АРЫСБАЕВА Жарқынай Әсетуллақызы,
Шымкент қаласы Білім басқармасы
Әдістемелік орталығының әдіскері

Қазақта қолына «Әліппе» ұстап, «Кел, балалар, оқылық» деп сауатын ашқан баланың барлығы Ыбырай (Ибраһим) Алтынсариннің есімін жақсы таниды. Ғұмырын халық ағарту ісіне, мектеп ашып, кітап бастырып, бала оқытуға арнаған ұлт педагогі Ыбырай Алтынсариннің туғанына биыл 180 жыл толып отыр. Талантты ақын, терең ойшыл, қайраткер Ыбырай Алтынсаринді қазақ ұлттық педагогикасының іргесін қалаушы деп айтуға толық негіз бар.

Биыл Қазақстан Республикасының даталы күнтізбелері бойынша Ыбырай Алтынсариннің туғанына 180 жыл толуына орай, 15.04.2021ж.сағ.10:00де ZOOM платформасында Қазақстан Республикасы Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім Академиясының қолдауымен, Шымкент қаласы Білім басқармасы Әдістемелік орталығының жылдық жоспарына сәйкес Ы.Алтынсариннің 180 жылдық мерейтойы аясында «Ы.Алтынсарин: Ұлттық педагогика, методология» тақырыбында аралас форматта аймақтық онкүндіктің ашылуы салтанатты түрде ұйымдастырылды. Бұл іс-шараның мақсаты: Ұлы дала педагогы Ы.Алтынсарин еңбектерін педагогтер арасында кеңінен насихаттай отырып, педагогикалық заманауи әдіснамалық негіздеріне тәжірибелік қолдау таныту.

Ы.Алтынсариннің пікірінше, ең алдымен бастауыш мектептегі білім - баланың қалыптасуы мен дамуындағы ең маңызды кезең. Мұнда оқушылар алғаш рет қоғаммен араласады. Білім алу үшін мектепке келген баланың ақыл-ойы тереңдеп, зейіні ашылады. Әрине, білім ошағында басты орынды мұғалім атқарады. Оқушы мұғалімнің оқытуымен айналасындағы әлемді танып, жаңа білімнің есігін ашады. Мұғалім оқушының азаматтық, адамгершілік, зияткерлік көзқарастарының қалыптасуына тікелей ықпал етеді. Бірақ мұның бәрін мұғалімнің өзі жоғары білікті, ақылды, мейірімді әрі жанашыр болған жағдайда ғана дамыта алады. Оқу орындарының білім және тәрбие беру міндеттері, ондағы оқу-тәрбие процесін адамгершілік құндылықтарын насихаттай отырып ұйымдастыру, прогрессивті педагогикалық идеяларды ескере отырып, элективті оқу жоспары мен бағдарламасын құру, оқыту үрдісінде фольклорды қолдану, мұғалімнің мәртебесі - Ы.Алтынсариннің осындай және басқа да ағартушылық идеялары білім беру саласында әлі күнге дейін өзекті. Ы.Алтынсарин өз еңбектері мен қызметінде мектептегі білім беру жүйесін дамыта отырып, мұғалімнің тұлғасы мен адамгершілік бейнесіне маңызды орын берген. Ұлағатты ұстаз ойларының идеялық құндылығы білім беру саласы бүгінгідей инновациялық деңгейге көтерілген кезеңде де маңыздылығын жоғалтпай отыр.

Іс-шара барысында Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім Академиясы президенті, PhD докторы Ғ. Бейсембаев қатысушыларды онкүндіктің ашылуымен құттықтап, заманауи білім беру парадигмасындағы Ы.Алтынсарин іліміне терең тоқталды. «Ұлттың қамын ойлаған Ыбырайдай кемеңгер қазір кемде-кем. Әрбір жазбаларын оқысаңыз тек қана халық қамы, келер ұрпақ болашағы. Ыбырай туралы ізденетін болсақ, әлі де көптеген тың ақпараттар табуға болады. Ыбырай жылын жақсы өткеруге тілектеспін. Ол үшін Шымкент әдістемелік орталықтікіндей жүйелі жоспар керек. Біз әлі күнге дейін сырттан келген қонақтарға өңір жайлы жарық көрген бір кітап бере алмай жүрміз. Неге Ыбырай жайлы керемет кітап шығармасқа. Ол үшін жанашырлық керек, - деді өз сөзінде Академия президенті, PhD докторы Ғ.Бейсембаев.

Жоспарға сәйкес 16.04.2021жылы Ы.Алтынсариннің 180 жылдық мерейтойы аясында «Ұлы даланың ұлы ұстазы» атты оқушылар арасында челлендж өтті. Бұл челленджде білім алушылар Ы.Алтынсарин еңбектерін кеңінен насихаттай отырып, өлеңдері арқылы имандылық, адагершілік, еңбекқорлық секілді адам бойындағы қасиеттерді дамыта отырып, ұлы тұлғаны есте сақтауға, құрмет тұтуға, шығармаларынан үлгі алуға баулыды. Аталған іс-шараға Түркістан, Қызылорда, Жамбыл облыстары мен Шымкент қаласының педагогтері және білім алушылары қатысты.

2021 жылдың 20 сәуір күні сағат 15:00-де «Ы.Алтынсарин: Ұлттық педагогика, методология» атты мерекелік онкүндікті қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәні мұғалімдері арасында «Ы.Алтынсарин: КЕШЕ. БҮГІН. ЕРТЕҢ» тақырыбында онлайн семинармен жалғасын тапты. Іс-шараға Шымкент қаласы және Түркістан облысының қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері белсенді қатысты. (298 мұғалім). Семинарда ұлы ағартушы Ы.Алтынсаринді қазақ халқының тарихында және ұлттық мектебінің қалыптасуында терең із қалдырған тұлға ретінде кеңінен таныстырып,

еңбектерінің жаңа қырларын ашты. Сондай-ақ, оның өшпес ілімі мен өнегелі мұраларын жас ұрпаққа дәріптеудің маңыздылығы кең ауқымда талқыланды. Ы.Алтынсарин ағартушы ретінде білім культі, қоғамның дамуы мен әрбір адамның жетілуіндегі білімнің мүмкіндігіне сенді. Ыбырай Алтынсариннің әдеби шығармашылығына замандастары көзі тірісінде-ақ бағасын берді. Әдебиеттегі шығармашылықтан басқа, ол қазақ тілінде хрестоматия құрастыру, халық поэзиясының алғашқы жинақтарын және кітап туындыларын құрастыру ісімен айналысты. Осы орайда 2021 жылдың 23 сәуірі күні 13:00-де ZOOM платформасында «Ы.Алтынсарин: Ұлттық педагогика, методология» тақырыбында аралас форматта аймақтық онкүндіктің жалғасын «Абай мен Ыбырай шығармаларындағы үндестік» тақырыбында дөңгелек үстел жалғастырды. Іс-шараның мақсаты: білім алушыларға Абай мен Ыбырай еңбектерін терең меңгертуде ұлы ұстаздардың өсиетін үлгі ету, ғұламалардың табиғат лирикасы мен өнер-білімге үндейтін өлеңдеріндегі үндестігін, жақындығын ашу және оқушылардың әдебиетке деген сүйіспеншіліктерін оята отырып, еңбек сүйгіштікке, табиғатты қорғауға және шығармашылық ізденісін арттыру жұмыстары аясында әдістемелік ұсынымдар беру.

2021 жылы 26 сәуірде Шымкент қаласы әдістемелік орталығы «Ы.Алтынсарин: Ұлттық педагогика, методология» тақырыбындағы онкүндік аясында Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы қолдауымен Жамбыл облысы оқу-әдістемелік кабинеті, Қызылорда облысы «Оқу орталығы», Түркістан облысы әдістемелік орталығы, «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша ПҚБАИ-мен бірлескен Ы.Алтынсариннің 180 жылдығына орай «Заманауи білім беру парадигмасындағы Ы.Алтынсарин ілімі» тақырыбындағы аймақтық форумның пленарлық мәжілісі болып өтті. Форумда қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогы, жазушы, этнограф, фольклоршы, қоғам қайраткері Ыбырай Алтынсариннің ілімі кеңінен дәріптеліп, шығармашылығы насихатталды.

2021 жылдың 27 сәуірі күні Әдістемелік орталыққа қарасты «ULAGAT» пән мұғалімдерінің педагогикалық қауымдастығы «Ы.Алтынсарин - Ұлы даланың дара ұстазы» тақырыбында Республикалық озық тәжірибе алаңын ұйымдастырды. Іс-шара барысында Шымкент қалалық пән мұғалімдерінің «ULAGAT» педагогикалық қауымдастығының мүшелері «Ы.Алтынсарин - Ұлы даланың дара ұстазы» озық тәжірибе алаңында барлық пәндердің қауымдастық төрағалары пәнді оқыту үдерісінде тиімді заманауи тәсілдерін таратып, тәжірибелік тұрғыда әдістемелік ұсынымдар берді. Республикаллық іс-шара соңында, Ұлттық білім беру академиясының Республикалық әдістемелік қызметті үйлестіру орталығының директоры, п.ғ.к, доцент Ә.Ә.Сайлыбаев, KAZBRANDS ҚҚ (қоғамдық қорының) басшысы, педагог, заңгер, қоғам қайраткері, сарапшы, талдаушы Ж.Қ.Қайкенова, Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасының оқу-әдістемелік кабинетінің бөлім жетекшісі Жамалбекова Шафиға Мамырханқызы мен Қостанай педагогикалық колледжінің оқытушысы, ҚР білім беру ісінің үздігі, ҚР білім беру саласының құрметті қызметкері, Ы.Алтынсарин медалінің иегері, Б.Б.Сүйінкиналар ыстық лебіздерін білдірді.

Осындай аталған іс-шараларды ұйымдастырған Шымкент қаласы Білім басқармасы Әдістемелік орталығының басшысы Медетбекова М.А, орталық әдіскерлеріне, белсене қатысқан мектеп мұғалімдері мен оқушыларына алғысымыз шексіз. Ыбырай Алтынсариннің 180 жылдығына байланысты іс- шара өз мәресіне жетіп, көптеген құнды мәліметтер, тың идеялар, қызықты да ғылыми ізденістерге толы материалдар болды.

Өткізілген шаралар оқушылардың бойында елімізге деген патриоттық және ұлттық мақтаныш сезімін, ағартушы-педагогтың мұрасына құрмет сезімін, Ы.Алтынсариннің зияткерлік және рухани мұрасына қызығушылығын қалыптастыруға бағытталған. Сөз соңында Ыбырай Алтынсарин кеше, бүгін және болашақтың ұстазы деп қорытындыладық.

ПАРАСАТТЫ БІЛІМ ҰЯСЫНЫҢ ТҮЛЕГІ - АРУЛАР МАҚТАНЫШЫ

ИСАЕВ Сапар Әуезбекұлы,
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің информатика және қолданбалы математика кафедрасының профессоры, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері.
Алматы қаласы

Орта ғасырларда халықты салт-дәстүріне берік, өзін-өзі жоғалтпайтын мықты ел етіп қалыптастыру үшін қыздарын ұлттық идеологияға негізделген арнайы бағдарламамен оқыту тәсілі болған екен. Сонда еврейлер еврей ұлтының болашағы еврей қыздарының қолында екенін ескеріп қыздар мектептерін ашып, бұл саланы қатаң бақылауға алады. Немістер де арнайы мектептер ашып, сол мекемеде болашақ Германия азаматтарын тәрбиелейтін неміс әйелдерін дайындаған екен. Бұл, әрине, ұлт тағдыры әйелдердің қолында болғандықтан, атқарылған шаралары еді.

Демек, әйел адамдардың қоғамға ықпалды келетіні анық. Ана тілінің тағдыры да, ұлттың болашағы да аналардың қолында. Ұрпақ тәрбиесі ана ұлағатынан, әже әлдиінен бастау алатыны ешкімге жаңалық емес. Ертеңгі ұл мен қызды тәрбиелейтін ана – бүгінгі бойжеткен, аяулы аруларымыз. Тал бойында қайсарлық пен өжеттік, нәзіктік пен мейірімділік қатар дарыған дала қыздарының тектілігін ешкім жоққа шығара алмас. Ел басына күн туғанда, ерлермен бірге қан кешкен Әлия мен Мәншүкті, ел намысын өз намысы деп ұққан кешегі Ләззат пен Сәбиранің ерлігі сөзіміздің айқын дәлеліндей. Алайда әр заманның өзіне сай тұлғалары болады екен. Әсіресе, қуантатыны, әйел күрескерлігінің үлгісін көрсетіп, сол баяғы аты аңызға айналған әйел-аналардың жолын жалғаған қазақ қыздары бүгін де бар.

Солардың бірі де бірегейі – ұстаз, қоғам қайраткері, шынайы тұлға, қазақтың мұң-мұқтажын жоқтаушы Оразкүл Асанғазықызы Асанғазы. Кең ойлап, тең кесетін дала перзентінің даралығы дарыған Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті бүгінгі күні өнеге, білім ұясы білім кеңістігінде білімді де білікті мамандарды даярлаумен ерекшеленіп отыр. Уақыт көшінің сан белесіндегі түрлі сындардан абыроймен өтіп келе жатқан Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті – республикамыздағы бірегей жоғары оқу орны. Ертеңгі ел анасын тәрбиелер бірден-бір ұлағатты ұйым. 77 жылдан астам тарихында өсу мен өркендеудің, жету мен жетілудің өнегелі үлгісін көрсетіп келе жатқан дара мәртебелі мекеме.

1973 жылы Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтының физика-математика факультетінің физика мамандығын үздік дипломмен тәмамдаған. Институтта оқып жүргеннен бастап-ақ өзінің белсенділігін таныта біліп, Лениндік стипендиат атанып, факультетте комсомол комитетінің хатшысы болып тағайындалған. Осыдан-ақ Қыздар институтының үздік саясаткер, қайраткер Оразкүл Асанғазықызы Асанғазының іскерлік қабілетін ашудағы маңызды рөлін аңғаруға болады. Орта мектепте қатардағы физика мұғалімі қызметінен бастап, 1982-1985 жылдары Сарыағаш қаласындағы №10 мектеп-интернатының директоры болып, билік басында жүргенде «ұстаз мәртебесі», «ұрпақ тәрбиесі», «білім сапасы» және тағыда сол сынды мәселелерге тиісті шешімдердің кең ауқымды, дәлелді қолданылуы осы Оразкүл Асанғазының ұстаздық жолындағы жинаған тәжірибесі мен болашақ педагогтарға берері мол сабақтарының бір көрінісі болатын.

Білім беру саласында басқарушылықтың озық үлгісін көрсете білген Оразкүл Асанғазықызы «Қазақ КСР оқу ісінің үздігі» атанды. Өзінің педагогикалық білім ордасынан шыққанын еш жадынан тыс ұстамайтын жан ретіндегі бағытын ұстаз беделі, ұрпақ тәрбиесі мен білім саласындағы мәселелерге Оразкүл Асанғазықызының тарапынан жасалған оң өзгерістерден байқауымызға болады. Қайраткер бір сөзінде «Ұстаз беделін көтермей, ұрпақ тәрбиелеу мүмкін емес» деген ұстанымын атап өтіп, билік басындағыларға көзбен көрген, жүрекпен білген, бірнеше жылдық тәжірибесі бар ұстаз ретінде педагогика саласындағы бірнеше түйіткілді мәселелерді ортаға тастап тиімді шешімдерімен елді қуантып, алғысын алды.

Тарих көшінің сан белесінен абыроймен өтіп келе жатқан республикамыздағы жоғары оқу орнының ішіндегі бірегейі – Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті. Бұл – қазақтың қара шаңырағының берекесіне айналған қылықты қыз бен ұлағатты аналарға білім мен тәрбие нәрін егетін 77 жылдан астам тарихы бар киелі білім ордасы. Ұлттың ар-ұжданы, кемел келешегі – ұлтжанды арулар мен азаматтарға байланысты. Тектілік те тәрбиеге қарайлас қасиеттердің бірі, тегінде адамдықтың бастауы – ананың мейірі мен ыстық ықыласында.

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті ұлт аясының ұйытқысын оқытумен, тәрбиелеумен еңселі. Бүгінде қоғам қайраткеріне айналған Оразкүл Асанғазықызы Асанғазы сынды ұлт жанашырын тәрбиелеумен мәртебелі. Қайраткер елге қара қылды қақ жарған турашылдығы мен және қалың жұртты аузына қаратқан шеберлігімен елге кеңінен танылды. 90-жылдар етек-жеңімізді енді жинап, құрсауы қалың бұғаулықтан босаған кезең еді. Елордасы Арқаға ауысқанда, қала экономикалық-саяси жағынан жылдам дамығанымен, ұлттық рең беретін қазақы бояулары жоқ еді. Осы тұста Оразкүл Асанғазыға үміт артылғанды. Кезінде әр деңгейде саяси қызметтер мектебінен өтіп, әкім де

болып, аудан басқарған, Жоғарғы Кеңес депутаты да болған, қалалық қызметтерде де танылған Оразкүл Асанғазықызы бұл жұмысқа осындай бай тәжірибемен келді. Орнықты, ойлы, қай істі де тиянақты тындыратын ұйымдастырушылық қабілетін таныған билік оны осы ауыр міндетті атқаруға қосты. Ол өзіне міндеттелген істі шегіне жеткізбейінше тыным таппайтын, ізденімпаз, кедергіден қайтпайтын қайсар, күрескер болып келеді. Әр көшенің, әр даңғылдың, әр көпірдің, әр тас жолдың, балабақша, мектеп, мәдени-тұрмыстық орындар, кәсіпорын атаулары, маңдайша, жарнама, көрнекі ақпарат үшін болатын «айқастар мен шайқастар» көпке елеусіз. Оның бәрі Оразкүл Асанғазықызы бастаған топқа ғана аян қиындықтар еді. Еліміздің тарихын, ұлттық бояуларымыз бен ұлыларымыздың есімін ашық аспан астындағы Елордамыздың кез келген бұрыш, қиылысынан көргісі келген Оразкүл Асанғазықызы осы дүниені мақсат етіп қойып, орындай да білді. Бұл Нұр-Сұлтан қаласы тарихындағы елеулі оқиғаға айналды. Бүкіл елге үлгілі боларлық қызмет атқарған нәзік жанды тез-ақ ортасын мойындатып, ана тілінің тұғырын терең етудегі еңбегі арқасында «Құрмет» орденімен марапатталды.

Осы кезеңге дейін қазақ тіліне байланысты өтетін семинар, конференция, дөңгелек үстелдердің тізімінде Оразкүл Асанғазықызы барып сөйлемеген, тіл туралы айқаспағаны жоқ. Осындай әрбір кездесуде жастарға: «Бүгінгі жастар туған тілін бейбітшілік туындай биікке көтеріп, өз ана тілін өмір бойы серігім деп түсінуі тиіс», - деп патриоттық сезімдерін оятып, ұлттық тәртіптің мән-мазмұнын терең түсіндіре біледі.

Дүйім ел тіл күрескері деп танитын Оразкүл Асанғазықызы Мәжіліс депутаты атанған соң да кеуде керіп, басшы болмай тіл мәртебесі және ұлттық құндылықтардың сақталуы жолындағы ұлы жорығын жалғастырып жүр.

Талай ұл мен қыздың көкірегіне сәуле оятып, көзін ашқан, білім нәрін сеуіп, тәрбие нұрын шашқан, біздің қаракөз қыздарымызға өнеге бола білген Оразкүл Асанғазықызы Асанғазы сияқты ұлт мақтаныштарын әлдилеумен қастерлі.

Жер бетіндегі адамзат баласының тағдыры сан қилы. Әр адамның өз ерекшелігі бар. Бірақ, барша адамға тән ортақ нәрсе – өмір. Ол өмірді адам баласы мәнді де мағыналы, адами қалпын сақтай отырып сүргісі келеді. Адамның жеке өмірі, егер ол өнегелі істерге толы болатын болса, туған халқының назарына іліктей қоймайды. Оның халық пен қоғам алдындағы абыройы атқарған еңбегі арқылы көрініс тауып, баршаның игілігіне айналады. Мен білетін сондай жарқын дара тұлғалардың бірі – қайраткер Оразкүл Асанғазықызы Асанғазы.

Өмірдің өз ағымы бар. Өз отбасында бақытты адам – нағыз бақытты адам деп жатады ғой. Әрине, отбасында бақытты жар, ана, ене, әже, болу бақытты, осының барлығы Оразкүл Асанғазықызының өмірінде бар және бүгінгі жастарға өнеге.

Қазірге қоғам қайраткері осы заманның өзекті дүниесі – отбасы құндылықтарына байланысты өткір баяндамалары мен ұсыныстарын жасап, еліміз үшін тиімді шешімдерді орнатып жүр. Мемлекет үшін әлем сахнасындағы атақ, абырой, білім-ғылым, байлық, экономика және тағы басқа факторлар қаншалықты маңызды болғанымен, ұлт болашағы үшін ең басты нәрсе – ұрпақ және отбасы. Кейіпкеріміз бес баланы тәрбиелеп отырған, қазақы дәстүрден аттамаған, келіндік, жар, ата-аналық міндетін барынша толық, үлгілі етіп орындап отырған жан. Міне, отбасы мен билікті қатар алып, жүрген іскер жанның өмірі әр қазақ қызы үшін үлкен өнеге! Осыған байланысты халық қалаулысы тарапынан отбасы құндылықтарын сақтап қалуға отбасының, әйелдің қоғамдағы рөлі туралы мақалалардың авторы және қазіргі қоғамға ізгілік нұрын себетін отбасы күні сияқты мерекелердің өтеуіне ұйытқылардың бірі болды. Осы жасалған жұмыстар арқылы жастар отбасы құндылықтарын жүректерінен өткізіп, ойларынан саралап, шынымен маңызды екенін ұғына бастады.

Астарлы шындықпен астасқан Оразкүл Асанғазықызы көтерген келелі мәселелер көптің көңілінен шықты, алғыс алды, қолдау тапты. Көп дүниелерге оң өзгерістер енгізілді. Бұл қайраткердің өмір жолы талай адамға өнеге, үлгі. Көп азаматтың қолынан келмейтін ауыл, аудан, қала әкімі, облыс әкімінің орынбасары да болып, елдің разылығын, батасын алды. Басшы болған өңірлердің тұрғындары әлі де болса өздерінің кемеңгер басшылары туралы жылы лебіздерін әлі де айтуда. Нәзік жанды болса да қиындықтан қашпай, барлығына төтеп берді.

Маған Оразкүл Асанғазықызының шынайылығы ұнайды. Өз пікірін ішіне бүкпейтіні, азаматтық арын лауазымды қызметтегі азғантай ұпай үшін «құрбан» қылмайтыны, «сүйікімімді кетіріп аламын-ау» деп, қара басының қамын күйттеп, үнсіз қалмайтыны қызықтырады. Айтарын тіке айтатын, ұлт мүддесінде бұғып қалмайтын Оразкүл Асанғазықызы депутат болып сайланғанда көптің қуанғаны да сондықтан...

«Еселі кетпейтін – еңбек қана». Сол еңбек Оразкүл Асанғазықызын биіктеген үстіне биіктетті.

Рас, билікке, әсіресе, әлеуметтік мәселелерге, ұлт мәселелеріне әйел-ана көзімен қарау үшін әйел адамдар қажет. Адал әйел болса, аналық инстинкт қай қызметте де адастырмайды. Тіпті алдына келгендерді тануға да жәрдемдеседі. Алдағы орын алуы мүмкін қауіп-қатерді, қиыншылықты сездіреді.

Қазақтың «әйел екен» демей, ерте замандардан бастап дана әйелдерге тізгін бергені, тіпті қажет кезде әйелдерді би көріп, алдына жүгінгені де сондықтан.

Ал әйел намысы – алапат күш. «Қыз қырық жанды» болса, ар-намысын биік қойған лауазымды әйелдің де қолынан қыруар іс келетіні, қызметте қамшы салдырмай, артығымен орындайтыны, ел сенімін ақтауға барынша адал, жауапкершілікпен қарайтыны анық.

«Мен өзім әкім болған, басшылықта отырған жерлерге жүзім жарқырап бара аламын. Үнемі, барғанда, сол жердегі азаматтар келіп, маған алғысын айтып жатады» деп Оразкүл Асанғазықызының айтқанындай ерен еңбектің алмайтын асуы жоқтығын көрсетеді.

«Жақсы туса – ел ырысы, жаңбыр жауса – жер ырысы» деген сөз әлі де болса оңтүстік халқының Оразкүл Асанғазықызына айтқан алғысынан, асыл ниеттерінен-ақ осы бір даналықтың шын екенін, қайраткердің жасаған жобалары шынымен де елі үшін сауапты болғанын көрсетсе керек.

Адам көзқарасы өзгере беруі мүмкін. Алайда тиянақты, тұрақты адам негізгі ұстанымнан айнымаса керек. Бұл ұстаным адамның өзімен бірге жаратылатын

нәрсе болуы мүмкін.

Бұл орайда, Оразкүл Асанғазықызының ұстанымға беріктігін үлгі-өнеге қылып айтуға тұрады.

Қатардағы физик мұғалімінен білдей бір Мәжіліс депутатына айналған дара қыздың дара жолы кімді болсын таңырқатпай қоймас! Әрине, бұл жетістік жәй ғана сәттілік емес. Асанғазы Оразкүл Асанғазықызының терең еңбегі, ұлтжандылығы, шешендігі мен турашылдығының арқасында келген нәтиже. Өмірлік жол мен кәсіби жолды қатар алып келе жатқан Оразкүл Асанғазықызының өмірінің өзі өнеге! Оразкүл Асанғазықызы дара да, дана қазақ қыздарының бірі де бірегейі, арулар мақтанышы.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМЫТУДА ПЕДАГОГТІҢ РӨЛІ

ЫБЫШЕВА Динара Кемельбаевна,
№3 Абай Құнанбаев атындағы орта мектебінің
бастауыш сынып мұғалімі.
Жамбыл облысы, Қордай ауданы

Еліміздің білім беру жүйесіне оқушының өмір сүру дағдысын қалыптастыратын, қабілетін, икемділігін дамытуға бағытталған, шешім қабылдай алатын, өзіндік «Мені» қалыптасуына мүмкіндік беретін бағдарламалар енгізіліп, жаңартылған мазмұндағы бағдарлама қолданылуда. Ұлттық жоспарда функционалдық сауаттылықты дамытудың төрт негізгі механизмі көрсетілген. Бірінші механизм – оқыту әдістемесі мен мазмұнын түбегейлі жаңарту. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жалпы білім беретін орта мектептің Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын жаңартудан бастау алуға тиіс. Ол үшін мұғалім білім алушының бойына алған білімін практикалық жағдайда тиімді және әлеуметтік бейімделу үдерісінде пайдалана алатындай негізгі құзыреттіліктерді сіңіруі керек. Олар: басқарушылық (проблеманы шешу қабілеті), ақпараттық (өз бетінше ақпараттар көздері арқылы үнемі білімін көтеріп отыруы), коммуникативтік (қазақ, орыс, ағылшын тілінде ауызша, жазбаша қарым-қатынас жасау), әлеуметтік (қоғамда, өзі өмір сүрген ортада іс-әрекет жасай алу қабілеті), тұлғалық (өзін жеке тұлға ретінде қалыптастыруға қажетті білім, білік, дағдыларды игеру), азаматтық (қазақ халқының салт-дәстүрі, тарихы, мәдениеті, ділі, тілін терең меңгеріп, өзінің азаматтық парызын түсінуі), технологиялық (түрлі технологияларды сауатты пайдалануы). Білім алушы осы айтылған негізгі құзыреттіліктермен қатар пәндік құзыреттіліктерді меңгеруі тиіс. Екінші тетік – оқу нәтижелерін бағалау жүйесін жаңарту, яғни, функционалдық сауаттылықты дамыту білімтүсіну, қолдану, жүйелеу, жинақтау сияқты өлшемдер бойынша оқу жетістіктерін бағалаудың жаңа тәсілдерін біртіндеп мектеп өміріне енгізу. Функционалдық сауаттылықты дамытудың үшінші тетігі – балаларды оқыту мен тәрбиелеуге ата-аналардың белсенді қатысуы. Төртінші тетік – қосымша білім беру жүйесін дамыту. Оқудың интерактивтік, инновациялық формалары енгізілуде. Олар: балалар интерактивті сабақтары (ғылыми қалалар), технопарктер, балалар мұражайлары, ғылыми үйірмелер және т.б. Осылардың бәрі – тұлғаның кәсіби тұрғыда өзін-өзі анықтауына мүмкіндік береді. Оқушылардың бойында шығармашылық және инновациялық қызметке деген қажеттілікті қалыптастыруға ықпал етеді. Ұлттық іс-қимыл жоспары тек нақты мақсатты – алған білімді іс жүзінде қолдануды айқындап қана қоймайды, сонымен қатар орта білім парадигмасын түбірімен өзгертудің де негізі болады. Бұл дәстүрлі мектептен тиімді мектепке, одан әрі ең заманауи – баланың жеке адам ретіндегі рөліне негізделген және бүгінде алдыңғы қатарлы әлемдік тренд болып табылатын феноменалды мектеп моделіне көшу болып есептелінеді. Функционалдық оқу сауаттылығын дамытуда оқушы мен мұғалім арасындағы қарым-қатынастың түбегейлі 8 өзгерістерін талап етеді. Яғни дәстүрлі оқулардағы оқушы мен шәкірт арасындағы көп жағдайларда оқушы көңілін қанағаттандыра бермейтін қалыптасқан заңдылықтар ұстаз бен шәкірт арасындағы серіктестік қарым-қатынасқа ауысуын қажет етеді. Функционалды сауаттылықты меңгерген оқушы білімді өз бетімен игеріп, өз болжамдарына күмәнмен, сыни тұрғыдан қарайтын болады. Бүгінгі таңда әлем, тіршілік, жаратылыс туралы өзінің түсінігін тереңдетіп, кеңейтуге ұмтылу мүмкіндігі ұлғаяды, құрбы-құрдастарымен әлеуметтік байланыс жасайды. Белсенді түрде білім жинақтайды. Осының бәріне мұғалім көшбасшылық етіп, бағыт-бағдар беріп отыр. Оқушы оқу үдерісіне мұғаліммен бірге араласып отырады. Тіпті өзінің және сыныптас достарының білімін бағалауда да өз үлесін қоса алуға мүмкіндіктері бар. Ол үшін бағалау критерийлеріне сүйене отырып, топпен, жұппен немесе жеке жауап берген балалардың еңбегін қалыптасу

деңгейіне қарай бағалау оқушының әрі қарай ынталанып оқуы үшін үлкен ықпал етеді. Мектеп тәжірибесінде табысты қолдануға ықпал ететін әдістемелік сипаттағы бірқатар жалпы ұсыныстардан тұратын бағдарламаның жеті модулі: оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер; сыни тұрғыдан ойлауға үйрету; оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау; оқытуда ақпараттық коммуникациялық технологияларды пайдалану; оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту және оқу; оқытудағы басқару және көшбасшылық. Педагогтың функционалдық сауаттылығын дамыту арқылы оқушының сауаттылығы дамиды деген сенім бар. Оқытуда оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жүйесі осы балалардың өмір сүруіне демеу беретін, қолдайтын, ынтымақтастықта да, бірлесіп отырып та білім алуға болатынын дәлелдейтін жүйе. Баланың ата-ананың ғана баласы болмай, елдің жанашыры, патриоты, қорғаушысы, тұлғалық «Мені» қалыптасқан, басқарушылық, көшбасшылық, достық, ынтымақтастық қабілетін дамытуға мүмкіндік беретін жүйенің бірі осы функционалдық сауаттылықты дамыту. Қоғам күнде қарыштап дамуда, өзгеруде, еліміздің әлеммен қарым-қатынасы нығаюда, жастарымыз шетелдерде білім алып, өз елінің тарихын, дәстүрін басқа елдермен салыстыра алады, өзге мәдениетті де өз тәжірибесіне, қажеттілігіне қарай қолдануына мүмкіндіктері бар. Жас білім алушылар орыс, ағылшын, француз, қытай, түрік, өзбек, қырғыз тілдерін еркін игеріп, сол халықтардың да әдет-ғұрыптарымен танысып, достық, ынтымақтасқан қарым-қатынастары дамуда. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту – ол өмір талабы, қоғам талап етіп отырған жүйе. Бұл жүйені дамытуда педагогтің рөлі ең жоғары дәрежеде болып отыр. Білімін жетілдіру курсына келген мұғалімдер оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуы бойынша тренингтер, семинарлар, дөңгелек үстелдер, шығармашылық жобалар, өзіндік жұмыстар арқылы функционалдық сауаттылығының дамуына мүмкіндік алады. Әрине, педагог білімін жетілдірудің түрлі формалары бар. Қашықтықтан оқу, онлайн тәртібінде, желілік қауымдастық арқылы, оқу семинарлары арқылы т.б. іс-шаралардың педагогтар үшін берері мол. Ол үшін педагогтың өзіндік талпынысы, ұмтылысы, қызығушылығы, белсенділігі, қажеттілігі, ізденісі жоғары дәрежеде болған жағдайда оқушының функционалдық сауаттылығы дамиды. Педагогтың білім берудегі рөлі жоғарыда айтылған жүйеде жұмыс атқарған жағдайда жетістікке жетеді деп ойлаймын

ОНЛАЙН ОҚЫТУ: САБАҚТЫ ҚЫЗЫҚТЫ ӨТУ ЖОЛДАРЫ

ЖУМАХАНОВА Эльмира Жумахановна,
№58 Ы.Алтынсарин атындағы шағын жинақты жалпы орта білім беретін мектебінің ағылшын тілі пәні мұғалімі.
Түркістан облысы, Келес ауданы

ТЕМИРХАНОВА Салтанат Мухтаровна,
№58 Ы.Алтынсарин атындағы шағын жинақты жалпы орта білім беретін мектебінің орыс тілі және әдебиеті пәні мұғалімі.
Түркістан облысы, Келес ауданы

Қазіргі уақыттағы бүкіл әлемде ушығып тұрған эпидемиялық жағдайға байланысты қашықтан оқыту мәселесіне көшуге тура келді. Мұғалім мен оқушы енді алшақ отырып, яғни қашықтан жұмыс жасап отыр. **Қашықтан оқыту** –ақпараттық құралдар және ғылыми негізделген тәсілдер арқылы білім алу формасы. Қашықтан оқытуда екі компонент бар: оқытуды басқару және өз бетімен білім алу. Қашықтан оқыту технологиясы – оқу үрдісі кезінде білім алушылар мен мұғалімдер арасында интерактивті өзара іс-әрекетте оқытылып, материалдың негізгі көлемін оқып үйренушілерге жеткізуді қамтамасыз ететін, оқылған материалдарды меңгеру бойынша, сонымен бірге оқу үрдісі барысындағы оқып үйренушілердің өз бетімен жұмыс істеуіне мүмкіндік беретін ақпараттық технология.

Қашықтан оқытуды ұйымдастырудың үш түрлі формасы бар: **онлайн** (синхрондық) **оффлайн** (асинхрондық) және кең таралған үшінші түрі **вебинар. Онлайн режимдегі оқыту дегеніміз –** интернет ресурстарының көмегімен ағымдағы уақытта белгілі бір қашықтықта мұғалім экранын көру арқылы оқытуды ұйымдастыру формасы. **Оффлайн режимдегі оқыту дегеніміз** - интернет ресурстарының көмегімен (электрондық пошта) мұғалім мен оқушы арасындағы ақпарат алмасуды қамтасыз етуге мүмкіндік беретін оқытудың формасы.

Еліміздегі 3 миллионнан астам оқушының тиісті білім алуын қамтамасыз ету оңай шаруа емес. Бұған дейін

ұстаздың қарсы алдында отырып сабақ алған бала алғаш рет компьютер мен смартфонға үңілмек. Ал қашықтан оқытуға “**Balapan**” (қазақ тілінде) мен “**Еларна**” (орыс тілінде) телеарнасы да атсалысып жатыр.

Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетовтың айтуынша, аз уақытта жұмыс тобы құрылып, мамандар жаңа форматтағы білім жүйесінің моделін жасады. “Індет кезеңінде оқу үрдісін ұйымдастыру бойынша уақытша шаралар енгізген көршілес елдердің тәжірибесі, халықаралық тәжірибе зерделенді. Оқушылар үшін 2 мыңнан астам телесабақ әзірленеді. «Қашықтан оқыту» түсінігі оқушы мен мұғалім арасындағы қашықтықтың бар екенін көрсетеді. «Онлайн-оқыту» тақырыбы интернет-байланыс арқылы жүреді. Яғни, мұғалім сабақ жоспарының тезисін құру арқылы тапсырмалар дайындап, оларды оқушыларға **Kundelik.kz, Billimland, Whatsapp, Daryn.online** арқылы жіберіп, кері байланыс орната алатындай мүмкіндік тудырдық. «Біз үшін барлық сабақ орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сай оқу бағдарламасы бойынша, сабақ кестесіне сәйкес, цифрлық білім беру ресурстары бойынша әдістемелік қолдаумен және мультимедиалық материалдармен қамтамасыз етіліп, ұстаздар үшін алдын ала әзірленген жоспар бойынша жүргізілгені маңызды. Бастысы, білім алу тетігі сапаға әсер етпеуі қажет.» - деген министрдің айтқанын қолдап, расында, сапа төмендеп кетпесе екен деп уайымдаймыз. **Kundelik.kz, Billimland, Whatsapp, Daryn.online** арқылы біз оқушылармен мұғалім арасында түсінікті әрі тиянақты ұйымдастыра отырып, тапсырмаларды қызықты мессенжерлер және платформалар арқылы жеткізуге болатынын байқадым. Біз оқушыларға онлайн арқылы сабақ оқудың тиімді әрі нақты жолдарын көрсете білдік.

Синхронды оқытуда **Zoom** - қосымшасын қолдана отырып, тақырыпты мәнді де қызықты түсіндіруге болады. Мұндағы трансляцияға 100 адамға дейін қосыла алады. Білім және ғылым министрлігі бұл қосымшаны білім беру жүйесіне енгізген.

Zoom артықшылығы – тұрақты байланысты қамтамасыз етеді, жылдам жұмыс істейді, компьютер мен смартфонның жедел жадына күш салмайды, конференция қатысушылары өз экранын трансляциялап, демонстрация жасау үшін арнайы тақтаны пайдалана алады.

Өз тәжірибемізде презентация (*powerpoint*) құру арқылы материалдарды толыққанды түсінікті етіп жасаймыз. Ол үшін бірнеше ережелерді қолдансақ, оқушылардың назарын аудара аламыз:

-презентацияда фон таңдар уақытта түрлі-түсті гүлдер, табиғат көріністерін таңдаудың қажеті жоқ, біркелкі ашық түстерді қолдануымыз қажет;

-тақырыпты қанық түспен, үлкен шрифтпен жазуымыз керек;

-негізгі сөздер барынша қанық түспен есте қаларлықтай ерекшеленіп тұруы керек;

-смайликтерді қолдануда да тек тыныштық сақтау, мұқият тыңда немесе назар аудар деген сияқты қолданылуы керек.

Асинхронды оқытуда өз тәжірибемізде **Google Classroom** (//Classroom.google.com/) интернет платформасын ыңғайлы деп санаймыз. **Google Classroom** - бұл **Google** компаниясының білім беру саласындағы ең жаңа өнімдерінің бірі. Бұл оқытуды басқару жүйесі, ол тапсырмаларды сандық түрде құруға және басқаруға, сондай-ақ оқушыларға кері байланысты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Яғни:

- Өз сыныбыңызды немесе сабақты құру мүмкіндігі.
- Оқушыларды курсқа жазуды оңай ұйымдастыру.
- Курс оқушылары үшін пайдалы материалдарды тез және ыңғайлы тарату.
- Оқушыларға арналған тапсырмаларды орнату.
- Оқушылардың орындаған тапсырмаларын бағалау мүмкіндігі.
- Оқушылардың жалпы үлгерімін бақылау мүмкіндігі.

Google сыныптары мектептер мен мұғалімдерге класс мүшелерімен қауіпсіз ортада ортақ пайдалану және қарым-қатынас жасау үшін виртуальды сыныптар құру мүмкіндігін береді. Әкімшінің параметрлеріне байланысты мұғалімдер сабақтарды жасай алады немесе олар үшін құрастырылған класстар болуы мүмкін.

Содан кейін мұғалімдер жеке немесе осы шектеулі топқа тапсырмалар мен материалдарды бөлісе алады, ал интерфейс студенттерге жеке жетістіктерді қадағалауға мүмкіндік береді. Бұл **LMS** үшін стандартты. **Google Apps** қызметін пайдалану арқылы **Google Drive** қалталарына тапсырмалар мен материалдар ұйымдастырылған.

Жұмыс уақытын кірістіру үшін **Google күнтізбе** функциясын пайдалануға болады. Бұл өте ыңғайлы және қашықтықтан білім алу сапасын арттыруы керек. Виртуалды сыныппен жұмыс істеу негіздерінен басқа, қосымша бағалауды электрондық кесте форматына экспорттауға мүмкіндік береді.

Бейне сабақтарды қалай жасауға болатыны туралы бірнеше қажетті кеңестермен бөлісеміз. Бірақ алдымен, бейне сабақ түрлерін ажыратып алайық. **Әдетте оқыту видеоларының үш түрі болады:**

1. *Скринкаст* – компьютер экранындағы әрекеттер дыбыспен сүйемелденетін бейне сабақ. *Photoshop* немесе сол сияқты бағдарламаларды қолдануды үйретуге арналған таптырмас жанр.

2. *Бейнесүйемелдеу* - адам камера алдында отырады және мәтінді оқиды. Бұл әдетте слайдтарға түсініктеме беру үшін PowerPoint презентациясына қосымша ретінде пайдаланылады.

3. *Бейне сабақ* - қысқа оқыту ролигі. Формат бойынша теледидар хабарларына ұқсас. Қазіргі кезде кеңінен таралған оқыту видеолары.

Бейнесүйемелдеуге **OCam** программасы таптырмас көмекші. Жоғарыда айтқандай презентация құрастырып, аудиожазба арқылы дыбыстап, сапалы видео жаза аласыз. Сабақ түсіндіру барысында түрлі әдіс-тәсілдер қолдану мұғалімнің ізденімпаз қасиетін көрсетеді. Айта кетсек анимациялық видео (*videoscribe, coreldraw*) құрастыру:

-оқушыларды қызықтыра аласыз, көбіне диалогтік тапсырмаларда;

-анимациялық өзгерістер: сөздердің жылжуы, қате сөздер өшіріліп, дұрыс жауаптардың пайда болуы;

-оқиғаны, мәтінді оқып қана қоймай көрсете отырып дыбыстау тағы басқа мүмкіндіктері өте көп программаларды қолдануға болады.

Видеоның ұзықтығы 7-10 минутты құрауы керек. Себебі, зерттеулерге сүйенсек, адам бейне материалдың

алғашқы 10 минутындағы ақпаратты толық қабылдайды екен. Ал сағаттарға созылатын видеоларды тек 20% көрермен ғана соңына дейін қарайды.

Олай болса, дайын болған бейне материалды **Google Classroom** платформаға жүктеп, өз оқушыларыңызды қуанта аласыз.

Қашықтықтан оқыту кезінде оқушылармен байланыс ең маңызды болып табылады. Тапсырманың анықтығын, оқу материалдарына толық қолжетімділіктің болуын және т.б. үнемі бақылау қажет. Кері байланыс жасау үшін тиімді құралдардың бірі - **Google форумдары**. **Google форумдары** - Google Дисктегі ең танымал функциялардың бірі. **Google форумдары** – қашықтықтан оқыту кезінде кері байланыс жасауда, әсіресе бөлім бойынша және тоқсандық жиынтық бағалау өткізуде өте қолайлы құрал. Google формалары тест жұмыстарын (бір дұрыс жауаппен және бірнеше дұрыс жауаптармен) өткізуге, оқушыларға белгілі бір тақырып бойынша жазба жұмысын жаздыруға, бақылау жұмыстарын орындатуға ыңғайлы құрал болып табылады.

Тесттер, сәйкестендіру жұмыстарын оқушылар орындап болған соң, әр оқушының мәтіндік жауаптарын жеке қарап шығуға болады. Сұрақтардың түрлеріне қарай оқушының жауаптарын тексеріп, қолмен тексерілетін жауаптардың қорытындысын хабарлауға болады. Жауаптардың нәтижесін Google таблицаға орналастыра отырып, қолдануға ыңғайлы етіп **Excel** бағдарламасына аударып алуға болады. Google формаларының мүмкіндіктері тек мұнымен шектелмейді, жұмыс жасау барысында басқа да артықшылықтарына көз жеткізуге болады.

Тағы бір айта кететін бір жайт, ізденімпаз мұғалім үшін **Google Classroom**-ға жазба-дәптер енгізсеңіз болады. Оқушылардың үй жұмыстарын орындауда қиналмастан тез әрі қызықты материалды қолданып тапсырады. Мысалға: **MicrosoftOfficeWord**-та жаттығуларды түсіріп: түсіп қалған әріптерді қойып шығу; сәйкестендіру; көшіріп жазу жолдары; суреттерді үйлесімді белгілей салу деген сияқты дайын тапсырмаларды енгізсеңіз, оқушылардың уақыты да тиімді болады. Оған қоса сол тапсырмаларын Google Classroom-ға жүктеп уақытылы тапсыра алады.

Ғаламтор арқылы өзімізге қажетті де пайдалы осындай сервистердің көмегімен өз уақытымызды тиімді пайдалана аламыз деп ойлаймын.

Қашықтықтықтан оқыту технологиясы – оқушы дайындау мен олардың біліктілігін әрі қарай тереңдете арттыру бағытындағы осы заманның ең әсерлі де тиімді жүйесі болып табылады және болашақта алатын орны орасан екені даусыз.

Жасай берші, жақсы Адам...

ЕРНАЗАРОВА Мұқаддас,
Кентау қаласының Адами Әлеуетті дамыту бөлімінің кітапхана ісі жөніндегі әдіскері

Кітап – адамзат баласының баға жетпес асыл құндылығы, білім мен мәдениеттің биік белестеріне жетелейтін тәрбие құралы. Абай атамыз «Танымның бар тамашасы – кітапта, оған қол жеткізу үшін кітап оқудан жалықпа», «Артық ғылым кітапта, ерінбе оқып көруге» деп насихаттайды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінде берген тапсырмасына сәйкес Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Оқуға құштар мектеп» жобасын бекіткен болатын. Жалпы мектеп кітапханашылары балалардың кітап оқуға құмарлығын ояту үшін мектептерде көптеген жұмыстар атқаруда.

«Алтыным! Көңіл отын тұтандыратын да жағымды сөз, жақсы ой. Өмірге деген құштарлық та осыдан бастау алады». «Алтыным! Адамдарға керегі - мейірім. Жетпейтіні де - мейірім. Адам деген құрметті атты ұстап тұрған да осы мейірімнің арқасы». «Алтыным! Өмір қашанда қазынаға толы алтын сандық. Зерек те зерделі жан соны аша білетін кілтке айналады».

Бұлт жұрт сүйсіне оқитын, мектепте «Өзін-өзі тану» пәнінің қосымша оқулығына айналған, дарынды да белгілі қаламгер Әкім Ысқақтың «Алтыным» атты кітабынан үзінділер. Иә, өлкеміздің тумасы, ҚР Парламенті Мәжілісінің бірінші шақырылымының депутаты, тұңғыш қазақ тілінде жазылған заңның авторы, қоғам қайраткері, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, ақын, сазгер, журналист, сатирик, философ Әкім Әбдіқайымұлы Ысқақ арнайы шақырумен Кентау қаласына келіп, өз оқырмандарымен кездесті.

Жүздесудің мақсаты жазушының «Алтыным» атты философиялық ой-тұжырымдар топтамасының өзбек тіліне аударылған, Ташкент қаласындағы «Янги аср авлвди» баспасынан шыққан «Олтиним» кітабының таныстырылымы еді.

Кешті ұйымдастыруда Кентау қалалық білім бөліміне қарасты мектеп кітапханашылары белсенділік танытты. Шығармашылық бас қосу Иқан ауылындағы №25 мектепте өтті.

Қалалық білім бөлімінің басшысы Баянғали

Жұмабаев кіріспе сөз сөйлеп, ел бірлігі мен достығын насихаттап, оны нығайтуға белсене атсалысып жүрген құрметті қонақты сахна төріне шақырып, қошеметтеді.

Астаналық қонақ Әкім Әбдіқайымұлымен бірге Түркістан облыстық «Nur Otan» партиясының кеңесшісі Қазыбек Тәжиев, елімізге танымал журналист Ертай Беккұл, ҚР Журналистер Одағы мүшесі Алима Сунетілақызы, шәкірттері, рухани ұлдары Ерқасым Зұлпықаров, Берік Бейсенбай келді.

Жұрт асыға, құрметпен күткен «Олтиним» кітабының тұсауын облыстық «Nur Otan» партиясының кеңесшісі Қазыбек Тәжиев пен қалалық білім бөлімінің басшысы Баянғали Жұмабаев кесті. Өз кезегінде «Алтыным» кітабын өзбек тіліне аударған Көкшетау университетінің студенті, талантты жас жазушы Мафтуна Нажиева «Өз ұстазым Әкім Ысқақ ағаның халық көңілінен шыққан, жас ұрпақ сүйіп оқитын кітабын аударғаныма өзімді бақытты сезінемін, өз ұлтымның жастары да осынау жақсы дүниені оқып, ғибрат алғанын қаладым» деп өз сөзін ерекше шабытпен жеткізді.

Мектеп оқушылары ақынның өлеңдерін, қара сөздерін, өзбек тіліндегі «Олтиним» кітабынан үзінділерді жатқа оқыды. Әдебиетке құмар жас ақындар Нұр-Сұлтан қаласынан келген қаламгерге өз өлеңдерін арнап, көкейіндегі сұрақтарға нақты жауаптарын алды.

Кеш тізгінін ұстаған білікті ұстаз Гүлнұр Каратай қайраткер-қаламгердің туындыларын жатқа оқып, ерекше шеберлік танытты.

Мектеп кітапханашылары Шакизат Сайдулиева мен Шолпан Махамбетияровалар қос домбырада «Күзді сүйем,» «Көңіл қымбат» әндерін нақышына келтіре орындап, тыңдармандар қошеметіне бөленді.

Жазушының рухани ұлы, шәкірті Ерқасым Зұлпыхаров өкіл әкесіне арнап «Әкеге хат» шығармасын орындағанда толқып, көзіне жас алмаған адам қалмады. Екінші рухани ұлы Берік Бейсенбай «Жан әке» деген сазгердің әнін ерекше тебіреніспен орындады.

Мектеп фойесінде Әкім Ысқақ шығармашылығын баяндайтын кітап көрмесі ұйымдастырылды. Бұл

тұрғыда кітапханашылар Рахиля Абдусаттарова, Табиғат Бейсенбекова, Базаркүл Едігееваның еңбегін атап өткен жөн.

Кеш барысында Әкім Әбдіқайымұлы әсерлі әңгімелер айтып, өз өлеңдерін оқыды. Әсіресе «Бір физиктің махаббаты» атты өлеңін ұстаздар қауымы шынайы да зор ілтипатпен қабылдады. Осынау басқосуға қатысқан №25 мектеп директорына «Ең бай әке», «Қанатты хаттар» кітаптары ақын қолтаңбасымен сыйға тартылды.

Әсерлі де мағыналы өткен кездесу барша қатысушыларға керемет көңіл-күй сыйлады. Ұлтаралық достықтың дәнекері болып, мектептерде қосымша оқулық ретінде оқылып жүрген кітабын «Алтын ұяларға» арнайы табыстаған қоғам қайраткеріне үлкен ризашылық сезімімен алғыс білдіреміз. «Алпыстың» асқарына жетіп, кемелденген арда азаматқа Алланың нұры жаусын дегім келеді.

Мақаламызды Әкім Әбдіқайымұлының «Алтыным! Өмірді сүйсең ғана, шынайы достық артса бақытты сезіне аласың. Өзіңе, арманыңа сенгеніңде бақыттың өзі іздеп табады. Жарқырап, жайнап, жасай берші, жақсы Адам! Сен барда айнала керемет, мынау дүние сұлу, Өмір ғажап!» деген сөзімен қорытындылағанды жөн санадық.

БАЛАНЫ ОТБАСЫНДА РУХАНИ ТӘРБИЕЛЕУ

ИСМАИЛОВА Эльмира Манапқызы,
«Қарлығаш» бөбекжай-бақшасының әдіскері.
Қызылорда облысы, Шиелі ауданы

Бала тәрбиесі – баршаның ісі. Отбасының да, балабақшаның да, мектептің де мақсат-мүддесі біреу ғана, ол – рухани кемел, адамгершілігі мол болашақ ұрпақты тәрбиелеу.

Болашақ азамат тәрбиелегенде алғашқы ұя отбасы, ата-ана құшағы екені сөзсіз. Жас сәбидің өмір табалдырығын аттағандағы алғашқы еститіні - анасының мейірбан сөзі, көретіні - анасының аялы алақаны. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» немесе «Әке көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» деген ұлағатты сөз осының айғағы. Яғни, ата-әженің, әке-шешенің өнегесі, өнері балаға үлгі болатыны, бала үйде қандай игі істерге тәрбиеленсе, ұядан ұшқанда да сол өнеге қасиет оған сарқылмас қазына болары сөзсіз.

Балаға айналадағы өмір шындығының әсері өте көп болады. Бабалар өмірін, олардың өнегелі өсиеттерін, асыл мұраларын педагогикамен ұштастыра отырып, отбасында ұрпақ бойына сіңіріп отыруды әрбір ата-ана

естен шығармауы керек.

Қазақ халқының хандары, билері мен батырлары туралы жазылған көркем шығармалар, сахналық қойылымдар, кинолар т.б. көрсете отырып, отбасы мүшелерінің пікір алысуына баланы қатыстыру қажет. Баланың айтқан ойы мен сөздеріне әрдайым оң баға беріліп отырғаны дұрыс. Мысалы, «Абай» спектаклін көрген бала міндетті түрде ол жайлы өз пікірін айтады. Сол сияқты Әлия, Мәншүк туралы киноларды көрген соң, батырлық, ерлік жайында білетін тақпақ, өлеңдерін, әндерін айтып, мылтығын асынып, дүрбімен көздеп, кинодан көргендерін дәл соған ұқсатып ойын түрінде қайталайтыны белгілі. Батыр ағалар мен апалар жөнінде балабақшада жүргізген жұмысты жалғастыру мақсатында халық батыры, ұлы жазушы Бауыржан Момышұлының ерліктері туралы, балалық шағы туралы түсіндіріп, қазақ халқының ұлы ақындары Абай, Жамбылдарды таныстырып, олардың бала тәрбиесіне байланысты шығармаларын жаттатудың тәрбиелік маңызы зор екенін естен шығармауымыз керек.

Отбасы тәрбиесінде ауыз әдебиетінің алтын қоры адамгершілікке, еңбекқорлыққа, достыққа тәрбиелейтін мақал-мәтелдерді оқып беріп, мәнісін түсіндіріп отыру керек. Осындағы түйінді ойды түсіндіріп, мән-мағынаны, үлгі-өнегені танытуға ерекше көңіл бөлу керек. Тәрбие үрдісінде бала мақал-мәтелдерді ой мен тілдің көркем құралы, халықтың өшпес даналық мұрасы ретінде бағалап өсуіне, оның тәлім-тәрбиелік жағына баса назар аударған жөн. Мақал-мәтел баланың логикалық ойын дамытса, жұмбақтар мен жаңылтпаштар жас баланың тілін жетілдіріп, табиғат, өмір жайындағы түсінігі мен қиялдау қабілетін дамытады.

Адамзат қоғамының сан қилы тарихи кезеңдерін басынан өткерген халқымыз, өз ұрпағының болашақ борышын өтеуге тұрарлық азамат болып өсуін армандаған ата-бабалар халықтың даналық ой-түйіндерін тәрбиеге тірек ете жүріп, келешекке азбайтын қазына етіп қалдырған. Болашақты алыстан болжайтын осындай аса бай қазына бүгінде тәрбиенің пәрменді құралы міндетін атқарып келеді. Ендеше бала тәрбиелеуде тынбай еңбек ете берейік дегім келеді.

ОЙЫН-ЗЕРТТЕУДІҢ ЕҢ ЖОҒАРҒЫ ТҮРІ

БАЗАРБАЕВА Еңлік Ерланқызы,
«Болашақ» мектебі мекемесінің «Интеллектум» кабинетінің меңгерушісі, үйірме жетекшісі.
Шымкент қаласы

Интеллектум дегеніміз білім берудің жаңа үлгісі, ойындар негізінде құрылған жүйені білім беруде қолдану, балалардың ынтасын арттыру, өзін еркін ұстайтын табиғи ортада жетілдіру болып табылады. Бұл мақалада біз балаларға арналған ақыл ойындарының /интеллект/ ерекшеліктеріне тоқталатын боламыз. Әйгілі швейцарлық балалар психологы әрі ойшылы, балалардың когнитивті дамыту теориясының негізін салушы Жан Вильям Пиаже́ бір еңбегінде: «Баланың ақыл-ой интеллектісін тану – қапастан гауһар іздегендей асыл іс. Мұндай кіршіксіз мүмкіндік сізді де шексіз рахатқа жетелейді» деген. Өзінің «Баланың сөйлеуі мен ақыл-ой жүйесі» атты еңбегінде ғалым аталмыш тезистің астарын ғылыми тұрғыда ашып, талқыға салады. Мұндағы ғалымның алға тартатыны интеллекттің сан қырлылығы, әрі оны классификациялау барысындағы әдістемелік түйткілдер барысы. Ғалым ақыл-ой, яғни, интеллектуалды даму үдерісі мен адамның кезең-кезеңмен тұлғалық дамуының жақын ұқсастығын тапты. Алғашында бұл термин адам психикасының орынды ойлау функцияларын белгілесе, қазіргі кезде оған барлық танымдық үрдістер кіреді. Жалпы айтқанда, интеллект - адамның болмысты тануының негізгі нысаны. Интеллект - ақпаратты мақсатты бағытта қайта өңдеуге, реттеуге, оқуға қабілеттіліктің күрделі жүйелерінің танымдық іс-әрекеті. Еліміздің болашағы – бұл заманауи, жоғары білімді, зияткер жастар. Сондықтан жастарды барынша қолдау – ең алдымен, жарқын болашақтың қамы. Осы орайда, балалардың логикалық ойлауын, зияткерлік қабілеттерін дамыту мақсатында «Болашақ» мектебі мекемесінде, мектебіміздің құрылтайшысы Саттар Қуашбай мырзаның басшылығымен «Интеллектум» кабинеті ашылды.

Интеллектуалдық дамыту ойындарынан күтілетін нәтижелер:

-баланың ақыл-ойы дамиды;

-сөздік қоры молаяды, ойын еркін жеткізуге талпынады;

-тілдік қарым-қатынасқа еркін араласады;

-қоршаған ортаны танып білуге қызығушылығы артады;

-ұжымдық іс-әрекетке бейімделеді;

-еңбекке тәрбиеленеді;

-мақсатқа жетуге тырысады;

-әр баланың ақыл-ой деңгейі, өзіндік мінез-құлқы, өмірлік дағдылары қалыптасады;

-бәсекелестікке, тапқырлыққа, төзімділікке, адамгершілікке тәрбиеленеді.

Кабинет заман талабына сай, соңғы үлгідегі жиһаздармен жабдықталған. Оқушыларымыздың жеке және топпен ойын ойнауына толық жағдай жасалынған. 15 түрлі интеллектуалдық ойындар бар:

EQUILIBRIO - моторика, логика, есте сақтау және мәселелерді шешу техникасы сияқты қасиеттерді дамытатын ойын.

BECERIKLI YAPILAR - сәулет пен дизайнға жастайынан қызығушылық туғызатын әлемдегі ең танымал білім беру ойындарының бірі.

SKIPPITY - қызықты командалық ойын, стратегиялық тактиканы үйретеді.

META-FORMS - аналитикалық, абстрактілі және логикалық ойлау қабілеттерін дамытатын ойын.

Q-BITZ - визуалды қабылдау, есте сақтау және мәселелерді шешу тактикасын қалыптастыратын ойын.

KULAMI - аналитикалық, логикалық, математикалық және стратегиялық ойлау қабілеттерін дамытатын ойын.

MANGALA - есептеу дағдыларын дамытуға ықпал ететін стратегиялық ойын.

3D BUILDING MODELS - кеңістікті қабылдау мен ойлауды дамытатын ойын.

SHAPY - фигураларды тануға және жылдам қабылдауға көмектеседі.

CANDY - ойынында балалар топта өзара әрекеттесуді, тапсырмаларды жылдам орындауды үйренеді.

WHATZIZZ - талдау мүмкіндігі, көрнекі және таңдамалы қабылдау, қиял сияқты қасиеттерді дамытады.

PATTERN PLAY - балаларға симметрия, кескіндер және бөлшек сандар туралы түсінік беретін ойын.

TANGRAMLAR SETI - жүрек, жұмыртқа мен танграммалар жиынтығына арналған тапсырмалары бар көпшілік сүйетін өте қызықты ойын.

LOOK LOOK- визуалды қабылдау және қысқа мерзімді есте сақтау қабілетін дамытатын, қосу және азайтуға арналған практикалық жаттығуларды қамтитын қызықты командалық ойын. SIX - стратегиялық дағдыларды үйрететін қарапайым ойын. «Ойын - зерттеудің ең жоғарғы түрі» - деп атақты физик-теоретик Альберт Эйнштейн бекер пайымдамаған.

Баланың ой-өрісін дамытатын аталмыш ойындар Еуропа мен Азия елдерінде кеңінен қолданылып жүр. Логикалық ойлау, есте сақтау қабілеттерін шыңдауға ықпал ететін бұл «Интеллектум» үйірмесі еліміздің білім беру саласына осыдан үш жыл бұрын енгізіле бастады. Қазір бұл ойындарға деген сұраныс күннен-күнге артып келеді. «Интеллектум» кабинетінде балалар дамытушы ойыншықтармен жалғыз немесе топ болып ойнай алады. «Интеллектум» жиынтығы негізінен түрлі басқатырғыштар, ойжұмбақтар, дойбы, шахмат, домино түріндегі ой-өрісті дамытатын ағаш ойыншықтар мен түрлі кітаптардан тұрады. Жас ерекшелігіне қарай ойындар 4-14 жастағы балаларға арналған.

Интеллектум - мектебіміздің оқушылары қызыға қатысатын үйірмесі. Бастапқыда жай ғана ойын ойнап қайтамыз деп ойлайтын оқушыларымыз әрбір ойынның ерекшелігін көріп, қызығушылықтары күннен күнге артуда. Өйткені, сабақ барысында олар логиканы, моториканы және қиялды дамытуға арналған көптеген басқатырғыштармен және құрастырғыштармен жұмыс жасайды. Сол арқылы өздерінің тұлғалық қабілеттерін шыңдай түседі. Берілген тапсырманы дер кезінде орындап, өз сыныптастарының алдында ерекшелену арқылы өздерінің алғырлықтарына қуанып, ата-анасына мақтанышпен айтады. Әрбір ойынды үйреніп, белгілі деңгейді игеріп болған баланың келесі жоғары деңгейге өтуге деген құлшынысын көріп біз де қуанып отырамыз.

Әрине, әр оқушының ойлау деңгейі, қиялы әр түрлі. Сондықтан да түрлі ойындарда жететін жетістігі де соған сәйкесінше болады. Біздің міндетіміз - әр баланың ерекшелігіне, деңгейіне қарай ойын тапсырмаларын беру, қабілеттерін дамыту.

Әдетте, шахмат, дойбы, тоғызқұмалақ сияқты ақыл-зейінді дамытатын ойындармен әуестенетін балалардың сабаққа деген белсенділігі, үлгерімі жоғары болады. Балалардың бойында сабырлылық, шыдамдылық қасиеттер қалыптасады.

Интеллектум үйірмесі ашылғаннан бастап аз уақыт ішінде 1,2,3 сыныптар аралығында EQUILIBRIO ойынынан мектепішілік олимпиада ұйымдастырылды. Үш турдан тұратын олимпиадаға 25 оқушы қатысты. Жеңімпаз болған жүйрік оқушылар арнайы дипломдармен марапатталды. Оқушылардың белсенділігін одан әрі арттыру үшін алдағы уақытта көптеген іс-шаралар ұйымдастыру туралы мақсаттарымыз бар. Алдағы уақытта оқушылармен бірге алар асуымыз, бағындырар белесіміз биік болатынына сеніміміз мол.

БАЛАЛАРДЫҢ АГРЕССИЯЛЫҚ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖӘНЕ ТҮЗЕТУ ЖОЛДАРЫ

ТОЛЫБАЕВА Мадина Жанатовна,
Кеңсай жалпы орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.
Түркістан облысы, Бәйдібек ауданы

Бүгінгі таңда агрессия, соның ішінде балалардың агрессиялық мінез-құлық мәселесі туралы психологиялық зерттеулерге үлкен орын беріліп, белсенді ғылыми-практикалық тұрғыдан ізденістер талап етілуде. Жеткіншектер әлемінде қарым-қатынастағы шиеленістер, мазасыздану, тұлғалық даму мен мінез-құлықтағы ауытқулар, агрессия міндетті түрде кездесетіні баршамызға мәлім. Психологиялық-педагогикалық міндеттердің бірі балалардың психикалық дамуындағы өзгерістердің себептерін тауып қана қоймай, оны түзету мен алдын алу жұмыстарын жүргізу болып табылады. Сондықтан да бұл балаларды анықтау мақсатында тек агрессивтіліктің деңгейін анықтап қана қоймай, сонымен бірге агрессивті мінез-құлықтың алдын алу және түзету жұмыстарын жүйелі түрде жүргізген жөн. Бала агрессивтілігінің алдын алу - бұл балалар мінез-құлығындағы агрессияны туындататын негізгі себептер мен жағдайларды жоюға бағытталған мемлекеттік, қоғамдық, әлеуметтік-дәрігерлік және ұйымдастыру-шылық-тәрбиелік іс-шаралардың әсер ету үдерісі.

Агрессивті балалар - бұл көмекке мұқтаж және үлкендердің қабылдамауына ұшыраған балалар тобы. Агрессивті мінез-құлықтың себептерін білместік, түсінбеушілік агрессивті балалардың ересектер және құрдастар тарапынан оларды ашық түрде жақтырмай, қабылдамауына алып келеді. Балалардың агрессивтілігінің алдын алу дегеніміз - бұл баланың агрессивті мінез-құлқын туындататын әлеуметтік-психологиялық факторларға жол бермеуге бағытталған іс-шаралар. Тұлғаны түзету оның ауытқыған мінез-құлығындағы жағымды тұлғалық өзгерістерге жағдай жасау. Психологиялық түзету - мектеп психологының психологиялық әсер етудің арнайы құралдарының көмегі арқылы баланың агрессивті мінез-құлқын түзетуге бағытталған қызметінің бір түрі. Психологиялық түзетудің жеке және топтық түрін бөліп көрсетуге болады. Жеке психологиялық түзетумен айналысатын психолог баламен бөтен адамдардың қатысуынсыз жұмыс жасайды. Топтық психологиялық түзету жұмысы кезінде оқушылар тобымен өзара әрекеттестік болады, агрессивтілік деңгейінің төмендеуі балалардың бір-біріне өзара әсер ету және өзара қарым-қатынас жасау арқылы жүзеге асады. Агрессивті мінез-құлықты түзету үшін біршама жұмыс бағыттары ұсынылған, оларды дұрыс орындайтын болса жағымды нәтиже береді.

Агрессивті балалармен жұмыс үш бағытта жүргізілуі қажет:

1. Агрессивті балаларды ашуды дұрыс шығара білуге үйрету.
2. Жанжал жағдайларында балаларды өзін-өзі ұстау, бақылау дағдыларына үйрету.
3. Басқаларды түсінуге, сезінуге, олар үшін уайымдауға, басқаларға сенуге үйрету. Түзету жұмысы кезінде екі негізгі бағытты ескеру керек:

- әлеуетті агрессорлармен (мұғалімдер, ата-аналар, оқушылар) жұмыс істеу;
- әлеуетті зорлық-зомбылық көрушілермен жұмыс істеу.

Агрессиялық жүріс-тұрысты түзетудің негізгі шарттары:

- қоршаған әлеуметтік ортада жағымды жағдайға бағдарлану;
- қарым-қатынас мәдениетін дамыту;
- бірлік, өзара түсінушілік, жылылық сияқты эмоциялық қалыпты ұстап отыру.

Осыған байланысты жасөспірімдерге жақсы көңілде қарап, жайдарлық көрсетіп, оларға сенім білдіріп, белсенді әрекеттерге шақырып, олардың жетістіктерін мақтап, «кері байланыс» жасап отыру керек.

Балалардың агрессивтілігімен байланысты мектептерде нәтижелі жұмыс атқару үшін міндетті түрде психология және психологиялық диагностика, бала тұлғасын түзету салалары бойынша терең білім қажет. Бұл мәселемен айналысатын маман психологи-ялық әдістермен тәжірибеде жұмыс істей білуі және баланың агрессивтілігін түзету және алдын алу мақсатында әртүрлі тренингтерді жүргізу және ұйымдастыра білу дағдысы болуы керек. Баланың агрессиялық мінез-құлқын анықтауда мына төмендегі әдістердің алатын орны ерекше және де оларға қысқаша тоқталып кетейік.

Бақылау әдісі баланың агрессивті мінез-құлқын зерттеуде кеңінен қолданылады. Бұл әдістің мақсаты оқу және басқа да іс-әрекет барысында жасөспірімнің педагогтармен, құрбыларымен өзара қарым-қатынас жасау үдерісіндегі жағымды және жағымсыз факторлар ерекшеліктерін анықтау болып келеді. Психологтың сұрауы бойынша ата-аналар, мұғалімдер, сынып жетекшілері бақылау мәліметтерін тіркеп отырады. Сабақ барысындағы немесе сабақтан тыс уақыттардағы психолог пен педагогтың бақылаулары бала тұлғасы туралы сенімді ақпарат алуға мүмкіндік береді. Баланың мінез-құлқын бақылау барысында американдық психологтар М.Алворд пен П.Бейкер өңдеген критерийлерді қолдануға болады. Егер баланың 6 ай

ішіндегі мінез-құлығынан төменде берілген 8 белгінің 4-еуі байқалса, онда оны агрессивті деуге болады.

Балада агрессиясының болу белгілері:

- өзін-өзі жиі басқара алмайды.
- үлкендермен жиі сөз таластырады, ұрсысады.
- ережелерді орындаудан жиі бас тартады.
- адамдарды әдейі жиі ашуландырады.
- өз қателіктеріне басқаларды жиі кінәлайды.
- жиі ашуланады және белгілі бір нәрселерді орындаудан бас тартады.
- кекшіл, қызғаншақ.
- сезімтал, оны ашуландыратын оны қоршаған адамдардың (балалар мен ересектер) әртүрлі әрекеттеріне жылдам жауап береді.

Психологиялық әдіс түрлеріне Әңгімелесу әдісі, Сараптамалық бағалау әдісі, Сауалнамалық әдістер, Проективті әдістер жатады.

Мектепте агрессивтілік және күш көрсету деңгейінің алдын алу және түзетумен психологтар айналысады. Мектептегі психологтың жұмысының өзіндік ерекшелігі бар және оқушылардың психологиялық жағдайын қадағалаумен, психологиялық кеңес берумен, тренингтер жүргізумен ерекшеленеді. **Тренинг** (ағылшын тілінен. training, train-үйрету, оқыту, тәрбиелеу) - білім, біліктілік пен дағдылар, әлеуметтік нұсқаулардың дамуына бағытталған белсенді оқытудың әдісі. Тренинг көп жағдайда жаңа ақпаратты игерумен қатар, тәжірибелер арқылы білімді игерудің қажетті нәтижелерге жетуде қолданылады. Тренингтердің даму тарихы оқытудың даму тарихы секілді мыңдаған жылдарды қамтиды. Дегенмен, 1912 жылы Dale Carnegie Training орталығының негізін қалаушы Дейл Брекенридж Карнеги тренингтерді ерекше қолдана бастады. Бұл орталықта әлі күнге дейін сөйлеу мәнері, өзіне сенімділік, адамдар арасындағы өзара байланыстар дағдысының дамуына байланысты тренингтер өткізіліп тұрады..

Өткен ғасырдың 60-жылдары Карл Роджерстың гуманистік психологиясы дәстүрлеріне сүйенген әлеуметтік және өмірлік икемділікті қалыптастыратын тренинг қозғалысы пайда болды. Ал 70-жылдары Лейпциг және Йен университеттерінде М.Форверг жетекшілігімен әлеуметтік-психологиялық тренинг деп аталған әдіс дайындалды. Балалардың агрессиялық мінез-құлқын түзету мақсатынданда «Өз есіміңмен таныстыру», «Ашу ситуациясы», «Тіресу», «Метродағы оқиға», «Өзара қарым-қатынас түрлері», «Сезімдер әлемі», «Күншуақ», «Қоштасу» атты тренингтерді пайдалануға болады:

Психологиялық кеңес беру жұмысы - мектеп психологы қызметінің өте маңызды бөлігі болып табылады. Кеңес беру мұғалімдермен, оқушылармен және ата-аналармен жүргізіледі.

Балалардағы агрессивті мінез-құлықты түзетуге ұсыныстар:

1. Балалардағы агрессивті жүріс-тұрысты түзетуді ең алдымен ата-анадан бастау керек. Есіңізде болсын, отбасында қажетті өзгеріс болмай, балаңыздың бойындағы агрессияны түзету мүмкін емес.

2. Бала әрбір сәтте өзін ата-анасының сүйетінін, бағалайтынын, қажет екендігін, қабылдайтынын сезінуі қажет. Оны сүюден және аяудан ұялмаңыз.

3. Басқа адамдар туралы жаман сөздер айтпаңыз, ашуға бой алдырмаңыз, тиімді мінез-құлық ерекшелігін көрсетіңіз.

4. Дауыс көтеру және тыйым салу агрессивтілікті жеңуде тиімді нәтиже бермейді. Осындай мінез-құлықтың себебін түсінгеннен кейін ғана, жақсы нәтижеге қол жеткіземіз.

5. Эмпатияны дағды ретінде қалыптастырыңыз.

6. Балаңызға өз агрессиясын шығаруға мүмкіндік беріп, басқа нәрсеге көңіл аудартыңыз (мысалы, жастықты ұру).

7. Баланың өзін-өзі көрсетуге ұмтылуын басуға тырыспаңыз, түсінушілікпен қарап, ортақ бір шешімге келіңіз.

Балаларыңызды спорт мектептеріне беріп, гантел, эспандермен күнделікті гимнастикалық жаттығу жасауға үйретіп, гир көтертіп, қолына былғары қолғап беріп, бокс өнерімен айналысуға жетелеңіз. Бала өз агрессиясын бейбіт айқасқа жұмсасын. Өйткені, агрессия ауру тудыратын зарядтармен қуатталған, жарылыс қаупі бар нәрсе.

Қорыта келгенде, оқушылардың агрессивтілігінің алдын алуын қамтамасыз ету мақсатында мектеп басшылығы пән мұғалімдерінің, сынып жетекшілерінің, әлеуметтік педагогтар мен педагог-психологтардың агрессивті және «тәуекел топтардағы» балаларды ертерек анықтау бойынша тығыз өзара әрекеттестігін қамтамасыз етуі керек. Өкінішке орай, көп жағдайда психологиялық жұмыстар оқушылар мен пән мұғалімдерімен шектеліп жатады. Ал ата-аналар жұмысбастылыққа мойын бұрған осынау нарық заманында мектепке сирек бас сұғатын болғандықтан психологиялық кеңестер мен көмектерден қалыс қалып жатады. Сондықтан да мектептегі психологиялық көмекті тек қана оқушылармен, пән мұғалімдерімен шектемей ата-аналарға берілетін кеңесті күшейту керек деп есептеймін.

ТӘУЕЛСІЗДІК – ең басты құндылығымыз

КУШЕНОВ Ержан Мұханбетжанұлы,
«Қазақстан» жалпы орта мектебінің директоры.
Түркістан облысы, Шардара ауданы

Тарих толқынында талайды бастан кешірген Қазақ Елі 30 жыл бұрын өз тәуелсіздігін алған тұста дұрыс таңдау жасағандығын бүгінгі таңда уақыттың өзі дәлелдеп отыр. Тәуелсіздігіміздің алғашқы таңынан бастап қазіргі кезеңіне дейінгі оңды өзгерістер Елбасымыздың тікелей бастамасымен болып жатқаны аян. «Біз бәріміз бір атаның - қазақ халқының ұлымыз. Бәріміздің де туған жеріміз біреу: ол қасиетті қазақ даласы. Бұл дүниеде біздің бір ғана Отанымыз бар: ол тәуелсіз Қазақстан» деген Елбасымыз Н.Назарбаевтың даналығын өмірдің өзі дәлелдеді. Бейбітшілік, келісім мен тұрақтылық жағдайында Қазақстан жылдам қарқынмен дамып, әлемдегі алдыңғы қатарлы жетекші елдердің қатарына қосылып келеді.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында еліміздің атқарған істері мен жеткен жетістіктерін талдап, саралап, алдағы он жылдағы жоспарды айқындап берді. Мақаланың маңыздылығы сол, Тәуелсіздіктің 30 жылдық мерейтойы қарсаңында әрбір қазақстандықтың «Мен елім үшін не істедім?» деп ойлауына ойтүрткі болды. Халқымыздың осы уақыттағы танымы мен алған тағылымы қоғамның қалыптасуы мен ұлттың құндылықтары егжей-тегжейлі айтылған. Сонымен бірге, Тәуелсіз ел болғаннан бергі халқымыздың өткеннен ұлағат алып, келешекке нық ұстаныммен қадам басуына жөн сілтеп отырған мақала деп ойлаймын.

Тәуелсіздік жылдарында толағай табыстарға қол жеткізген Қазақ Елінің әрбір азаматы бақытты деп ойлаймын. Бақыт бағасын білгеннің басында тұратыны белгілі. Ата-бабаларымыздың аңсаған азаттығымызды бағалай білуі үшін жас ұрпақ тәуелсіздік тарихын терең түсінуі керек. Тәуелсіздігімізді жариялағанымызға аз ғана уақыт болса да біз сан мыңжылдық тарихы бар ғажайып елміз деп мақтанышпен айта аламыз.

Биыл барша қазақстандықтардың аса қасиетті құндылыққа қол жеткізгеніне 30 жыл толып отыр. Осы орайда мен басшылық жасап отырған Шардара ауданы, «Қазақстан» жалпы орта мектебінде Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына орай іс-шара жоспары түзіліп, мектебімізде қасиетті құндылықтарымызды оқушылардың бойына сіңіретін біршама жұмыстар атқарылуда. Атап айтар болсақ, «Тәуелсіздік-тұғырым», «Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына-30 кітап» танымдық іс-шарасы, «Тәуелсіздік-тірегім», «Тәуелсіздік-тұмарымыз, білім-нұрлы шырағымыз», «30 игі іс» қайырымдылық акциясы, «Тәуелсіз елдің ұланы» спорттық эстафеталық сайысы, «Тәуелсіздік ұрпақтары» атты үш тілде өткен жыр мүшәйрасы, «30 үздік экологиялық бастама» және «30 кейс» шарасы, «Мен Қазақстан патриотымын», «Тәуелсіздік - ең басты құндылығымыз», «Тәуелсіздік - ел тұғыры», «Тәңірдің тәтті сыйы - Тәуелсіздік», «Ата-бабам аңсаған Тәуелсіздік», «Тәуелсіздік деп соғады жүрегіміз» тақырыптарында сынып сағаттары, ашық тәрбие сағаттары, дөңгелек үстел, сайыс сабақтар, тренингтер өткізілді. Тәуелсіздігімізге арналған іс-шаралар алдағы уақытта да өзінің жалғасын таппақ.

Еңсемізді тіктеп, егемен ел атанып, өз алдына отау тігіп дербес мемлекет атанған Қазақстан қаншама қиындықтарға жолықса да тастай берік төзімділіктің арқасында, жалпақ әлемге өзінің өршіл үнін, өркениетке деген үмітін мойындатты. Ата-бабаларымыздан мұра болып қалған ұлан-ғайыр атамекен жеріміз, отарлық жоя алмаған тіліміз, мәдениетіміз тек қана қазақтың рухының күштілігімен сақталды.

Біздің тәуелсіз Қазақстан Республикасының тарихындағы барлық жетістіктері, қазақ халқының егеменді заманда жаңаша ерекше өрлеуі, өркендеуі, рухани-экономикалық еркіндігіміз, әлемдік қоғамдастық пен дүние жүзінің дамыған озық мемлекеттерімен тереземіз тең, дәулетті елдермен бірдей қарым-қатынас жасау жетістіктеріміздің барлығының алтын бастауы – біздің мемлекеттің Тәуелсіздігінде.

Тәуелсіздік-тұмарымыз, білім-нұрлы шырағымыз. Таң шапағындай шуақты Тәуелсіздігіміздің арқасында Қазақ елі қуатты, алып мемлекетке айналып келеді. Ұлан-байтақ жерімізді көзіміздің қарашығындай қорғау Қазақ Елінің әрбір азаматының қасиетті борышы болып саналады. Сондықтан да Қазақ Елі бәсекеге қабілетті мемлекет болып, Мәңгілік Елге айналуы үшін жас ұрпаққа сапалы білім, жақсы тәрбие беруге тиіспіз.

Қазақ Елін берекелі болашаққа бастаған Тәуелсіздік мерекесі құтты болсын!

БАЛАЛАР – біздің болашағымыз

ЕСЕНКУЛОВА Бағила Абжаловна,
Арыс қаласы адами әлеуетті дамыту басқармасына қарасты «Теміржолшы» шағын жинақты мектебінің бастауыш сынып мұғалімі. Түркістан облысы

1-маусым - балаларды қорғау күні. Балалар – біздің болашағымыз. Бастаған ізгі істеріміздің жалғастырушысы, үкілеп ұшырған үміт-құсымыздың қанаты балалар тыныштық символы. «Бала тәрбиелеу – болашаққа ең үлкен инвестиция.

Біз бұл мәселеге осылай қарап, балаларымызға жақсы білім беруге ұмтылуымыз керек» деген Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев басты міндеттерімізді айқындап берді. Қазақ халқы «Балалы үй базар» деп бекер айтпаған. Бала - ата-ананың қуанышы, ізгі жолды жалғастырар ұрпағы, отбасының жақындастырушысы, жүректің бір тамыры. Ана баланы құрсағында көтеріп, дүниеге әкеліп, әулетті қуантып, әр қылығына қуана қарап шексіз мейірім шуағын шашады. Әр ата-ана 1 -маусымда Балаларды қорғау күні қарсаңында оларды қуантып, көңілдерінен шығуға тырысады. Бұл мерекенің өз тарихы бар. 1949 жылы Парижде әйелдердің халықаралық демократиялық федерациясының конгресі болып өтті. Бұл конгресте балалар бақыты, әлем тыныштығы жайында сөздер айтылады. Себебі екінші дүниежүзілік соғыстан соң балалар денсаулығы алдыңғы мәселелердің бірі болатын. Соғыстан соң көптеген балалар қараусыз қалған болып, олардың көз жасы мен зары әлем жұртшылығы назарын еріксіз өзіне аударған еді. 1950 жылдан бастап – 1 маусым халықаралық балаларды қорғау күні ретінде аталып өтіле бастады. 1989 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясы балалар құқықтары туралы Конвенция қабылдайды. Бұл құжатқа бүкіл әлем балаларын қорғау туралы заң мен жобалар енгізілді.

Осы мерекені тойлаудың басты миссиясы жұртшылық назарын проблемалы балаларға, олардың құқығын қорғауға, бақытты балалық шағын тыныш әлемде өткізуге және өз елінің толық және бейбіт азаматы ретінде өсуіне көз жеткізу болып саналады. Кез-келген отбасы өз балаларын қорғап, оларды шектен шыққан әрекетке бармауды, үлкендерге сыйластық танытуды үйретеді.

Отбасы - шағын мемлекет. Ол - тәлім мен тәрбиенің, үлгі мен өнегенің, мейірімділік пен адамгершіліктің ордасы. Адам баласының өмірге келгеннен кейінгі бар тіршілігі отбасында өтеді. Осы отбасы әрқашан бақытты болуы, шаңырағымыз биік болуы керек. Балалық шақ - адам өміріндегі ең ғажап уақыт. Ол кімді де болмасын сағынтпай, аңсатпай қоймайды. Балалық тәтті қылықтарың, айналаңның елжіреп, мейірім төгуі, бәрі де санаңда берік орнап, жаныңа жылу ұялатады. Көбіміз осы уақытты бағалай білмейміз, есеюге асығамыз. Балалық шақ қайта оралмайды.

Менің де есіме балалық шағым түсіп, кейбір есте қалған оқиғаларды айтқым келеді. Ауылды жерде тұратындықтан балалар ерте көктемнен егіншілік шаруашылығына араласып, таңертеңнен әкелерімен жағаласа тұрып көмектесуге тырысады. Сол еккен жүгерісі мен қауын-қарбызын күтіп-баптап, піскенше асығатын балалар үшін тым қызық еді. Алғаш піскен қарбызды үйге алып келіп, анамызға, бауырларымызға дәмін таттырып, қуантқанға мәз едік. Әкем де «Ия, бұл еңбектің жемісі» дейтін. Ал әкемнің сол өнімдерді жинап, базарға апарып келіп, бізге сыйлық әкелгені шексіз қуаныш еді. Адамзаттың ең ғажайып кезеңі - ол балалық шақ. Өзімнің балалық шағымды есіме алсам, «Бір күнге болса да сол күндерге оралсам ғой» деген тәтті қиял баурап алады. Балалық шағымның бал иісі аңқитын ауылымның әрбір сай-саласы мен үшін дүниенің жәннат бағы еді.

Отбасында баланы Отанды сүюге, үлкенді құрметтеуге, кішіге ізетті болуға үйрету - ата-ананың қасиетті парызы. Баланың дұрыс білім алуы оның ынтасына, ұстазына, ата-анасының қадағалауына байланысты. Жастай білім ғылымға үйір бала келешекте ел іргесін ұстайтыны анық. Қазақтың классик ақыны Абай:

Адамның бір қызығы - бала деген,
Баланы оқытуды жек көрмедім.
Баламды медресеге біл деп бердім,
Қызмет қылсын, шен алсын деп бермедім, - деген.

Мен де баланы оқытудан алыс болғым келмеді.

Сандық дәуірдегі колледж кітапханасы: мүмкіндіктер мен мәселелер

АДАСХАНОВА Ұлбосын Рахимбердиевна,
Шымкент қаласы білім басқармасының политехникалық колледжінің кітапхана меңгерушісі.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі техникалық және кәсіптік білім департаментінің өкілі, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапханасының қызметкерлері, Республиканың техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары кітапханашыларының қатысуымен 2021 жылы 23-24 сәуірде Түркі әлемінің рухани астанасы Түркістан қаласында, Түркістан көпсалалы, қолөнер колледжінде **«Сандық дәуірдегі колледж кітапханасы: мүмкіндіктер мен мәселелер»** тақырыбында колледж кітапханашыларына арналған республикалық семинар болып өтті. Семинарды Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының басшысы Жолаев Рахымбек Қуатбекұлы, Түркістан көпсалалы, қолөнер колледжі басшысы Абпазов Айдос Кенжеханұлы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапханасының бас кеңесшісі Айман Әлиқызы Насырова ашып, кітапханашылардың еңбектеріне табыс тіледі.

Семинардың мақсаты заман талабына сай оқырмандарға өркениетті қызмет көрсету, кітапхананы XXI ғасыр талаптарына сай жаңа ақпараттық техноло-гияға, цифрлық стандартқа көшіру, кітапхана базасында электрондық кітапхана құру, электрондық кітапхананың оқырмандарға қызмет көрсету барысында жан-жақты мүмкіндіктер жиынтығын қолдану аясын кеңейту болып табылады.

Электрондық кітапхана қордың бір бөлігі, әрі ақпараттық технологиялардың жаңа элементі екендігі айтылды. Қазір кітапханаға барып кітап оқитындардың саны азайған, соңғы онжылдықта бүкіл әлемде, соның ішінде Қазақстанда да кітап оқуға қызығушылық азая бастағаны байқалады. Кітап оқудың мәртебесі төмендеуі жұртшылықты алаңдатады.

Семинарда оқырмандардың кітап оқуға қызығушылығын арттыру үшін не істеу керек, қоғамның көңілін кітапқа қалай аудартамыз, кітапхана қызметкерлерінің жалақысы аз, кітапханаларды заманға сай жаңғырту керек, оған қаражатты жергілікті атқарушы билік бөлуі керек деген ұсыныстар айтылды. Кітапханашының басты мақсаты - елдің ұрпағын білім дариясына бағыттау үшін қызмет ету, жас ұрпаққа тәрбие беру, олардың жан-жақты дамуына, еңбекті құрметтеуіне ықпал ету, жас ұрпақты тәрбиелеуде кітапқа қатысты тәрбие жұмысының әртүрлі әдістерін кеңінен қолдану керектігі сөз болды. Әріптестер өз іс-тәжірибелерімен бөлісіп, Түркістан өлкесінің кітапханасының тыныс-тіршілігімен танысып, Түркістан қаласындағы колледж кітапханаларына экскурсия жасалып, Түркі әлемінің рухани астанасы Түркістан қаласының киелі жерлерін аралап, рухани байлық алып, көтеріңкі көңіл-күймен тарқады.

Спорт және дұрыс тамақтану – салауатты өмір салтының негізі

ЕГИЗБАЕВ Кайнар Бикадырович,
№15 колледжінің дене тәрбиесі пәні оқытушысы.
Түркістан облысы, Жетісай ауданы

Қазіргі кезде мектептегі тәрбие Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасының 12 бағыты бойынша жүргізіледі. Осы 12 бағыттың 9-бағыты «Дене тәрбиесі және салауатты өмір салтының денсаулық сақтау ортасын қалыптастыру» болып табылады. Дене тәрбиесі және салауатты өмір салтын қалыптастыру балалар мен жастарда өз денсаулығына жауапкершілік қатынас орнату дағдысына негізделген, дұрыс дене дамуы мен ағзаның жұмыс қабілетін арттыруға, қозғалыс білік-дағдыларын физикалық жетілдіруіне ықпал етеді, қоғамдық пайдалы еңбекке, өмірге, Отан қорғауға жақсы даярлықты қамтамасыз етеді, тиімді кәсіби қызмет үшін функционалдық, әлеуметтік бейімделу және психикалық орнықтылықты қамтамасыз ететін тұлғалық қасиеттердің қалыптасуын іске асырады, салауатты өмір салты, ағза ерекшеліктері туралы білім жүйесін қалыптастырады, дене тәрбиесі және спортқа баулу негізінде қайраттылық және салауатты өмір салтын дамытуды қалыптастырады.

Салауатты өмір салты (СӨС) — бұл ең әуелі денсаулықты сақтауға және нығайтуға бағытталған сауықтыру жолындағы белсенді іс-әрекет. Өмір адамның өмір салты өздігінен қалыптаспайды, ал салауатты өмір салты өмір сүру барысында мақсатты түрде қалыптасады. Қазіргі мәліметтер бойынша денсаулық 53-55%-ға салауатты өмір салтына тәуелді болады екен. Бұдан салауатты өмір салтын ұстанудың қаншалықты маңызды екендігі айқын.

Спорт - бұл салауатты өмір салтын қалыптастырудың негізгі шарты болып табылады. Ол өмірлік маңызды мүшелердің және мүшелер жүйесінің қызметін жақсартады, сондықтан салауатты өмір салтын қалыптастыруда үлкен рөл атқарады. Қозғалыс белсенділігін дұрыс ұйымдастыру организмнің өсу мен дамуына белсенді ықпал етеді, организмнің жұмысқа қабілеттігін жоғарылатады, әр түрлі ауруларға төзімділігін арттырады. Ал аз қозғалған кезде организмде өзгерістер дамиды.

Әр түрлі ауруларды алдын алу үшін организмді үнемі шынықтыру қажет. Шынығудың арқасында организм қоршаған ортадағы температураның күрт өзгеруіне бейімделеді және организмнің жұқпаларға қарсылығын жоғарылатады. Шынықтыру емшараларын таңдау кезінде адамның жасы, денсаулығы, шынығуға бейімделу дәрежесі және т.б. жеке ерекшеліктерін ескеру қажет.

Денсаулықты сақтауда уақытымен және дұрыс тамақтанудың маңызы зор. Жүріп бара жатып, кітап оқып отырып, теледидар алдында тамақтануға болмайды. Майлы, тұзды, тәтті тағамдарды қабылдауды шектеген жөн, тамақты аса көп жеуге, ұйықтар алдында тамақтануға болмайды. Тағам әр түрлі сапалы, экологиялық таза болуы тиіс. Төрт мезгіл тамақтануды сақтай отырып, белгілі бір сағатта ас қабылдаған дұрыс.

Темекі шегуден, ішімдіктен және есірткіден бас тарту. Бұл зиянды әдеттер организмге әсер етіп, денсаулыққа зиян келтіреді.

Жастар арасында салауатты өмір салты құндылықтарын, рухани және шығармашылық мүдделер басымдықтарын белсенді таратуға көмектесетін балалар мен жастардың ынталы бірлестіктерін, қоғамдық жастар ұйымдарын құру керек.

Жастар арасында алкоголизм, нашақорлық, токсикоманияның алдын алу және салауатты өмір салтын тәрбиелеу бойынша профилактикалық жұмыстар жүргізу өте қажет.

Өз денсаулығына деген ынталы қатынасты қалыптастыру ең бірінші «денсаулық құндылықтары» феноменінің мәнін ашуға келіп тіреледі, себебі бұл өзінің мазмұны мен пайда болу жағынан көп қырлы күрделі ұғым болып табылады. Денсаулық құндылықтарының мазмұны деп біз мына компоненттердің кешенін айтамыз: (дене шынықтыру, интеллектуалдық, сезімдік, әлеуметтік, тұлғалық, рухани). Бұлар оқушылардың салауатты өмір сүруге деген қажеттілігі мен ынтасын қанағаттандыруға мүмкіндік береді.

Қазірден бастап салауатты өмір салты нені қамтитынын білу үшін, оның негізгі талаптарын қысқаша қарап өтеміз:

- Дене жүктемелері, дене шынықтыру және спорт. Бұл бұлшық ет күшін көбейтудің құралы ғана емес. Қозғалыс адам өмірінде маңызды орын алады. Дұрыс зат алмасу, дұрыс және үйлесімді өсу, ептілік, шыдамдылық, тіпті ақыл ойдың дамуы осыған байланысты.

-Шынықтыру. Бұл көптеген аурулардан сақтаудың ең жақсы құралы және шыныққан ағза тұрақты және микроб, вирустармен жақсы күреседі.

-Жеке бас гигиенасы. Тазалық және мұнтаздылық – адам үшін өте маңызды. Бұл өзіңді қоғам алдында көрсету мүмкіндігі мен аурудың алдын алу құралы:

салақ адам ешқашан басқа адамдардың көңілін тартпайды.

- Жұқпалы аурулардың алдын алу. Мұнда жеке бас гигиенасы да, шынығу да маңызды. Сонымен бірге әртүрлі ауруларға қарсы уақытылы егу шараларын жүргізу.

-Зиянды әдеттердің алдын алу. Оларға шылым тарту, алкагольді және есірткілерді пайдалану және дәрігердің кеңесінсіз түрлі дәрілерді қолдану жолдары жатады. Осы зиянды әрекеттердің кез келгені денсаулықты төмендетіп, өмірді қысқартады.

Салауатты өмір салты мен өмір сүру үшін төмендегі талапты орындау керек. Адам денсаулығын сақтауда төмендегідей факторлардың маңызы зор.

1.Айқын жасалған күн тәртібінің болуы.

2. Дұрыс тамақтану.

3. Дұрыс тынығу.

4. Дене еңбегімен шұғылдануы.

5. Таза ауада болып, күн көзінде серуендеу.

6. П.Ивановтың кеңесі бойынша табиғат аясында болуы.

7.Зиянды әдеттерден сақтану.

8.Дұрыс қозғалыста болуы.

Осы ұстанымдарды негіздеп жасөспірімдерді салауатты өмірге тәрбиелеу барысында мұғалімнің орны ерекше болуы тиіс.

Адам ағзасына айтарлықтай күш түсірмейтін әрі хобби болып есептелетін би, жүзу және таза ауада коньки, шаңғы, шана тебу, теннис, бадминтон, баскетбол, футбол, хоккеймен өте пайдалы. Бұл спорт түрлері адамдарды ұжымдаса отырып қимылдауға, ауызбіршілікке дағдыландырады.

Жаттығудан кейін бірден тамақтанбаңыз. Аздап демалып, су ішіп, душ қабылдаңыз. Сұйық тамақтар ішіп, көкөністер мен жемістер жеуге дағдыланыңыз.

Әрбір оқушы спортпен айналысуы керек. Өйткені спортпен үнемі айналысқан адамның дені сау, көңіл-күйі көтеріңкі болады және денсаулығы жақсарады. Спорттық ойындардың түрлері өте көп: футбол, баскетбол, волейбол, теннис, хоккей, шаңғы тебу, суда жүзу, т.б. Спорттың адам денсаулығына қаншалықты пайдалы екенін, оның адам өмірін ұзартатынын білеміз. Сол үшін балаларды ерте жастан спортқа деген қызығушылығын ояту үшін мектеп бағдарламасына да енгізілген.

Спорттың адам өмірінде алатын орны зор екендігін бәріміз білеміз. Спортпен айналысқан адамның денсаулығы мықты, өзі шыдамды болады. Біздің ата-бабаларымыз “Тәні саудың – жаны сау” – деп бекер айтпаған.

Балалардың күн кестесіне тазалық сақтау, ас қабылдау, таза ауада дем алып, ауа жұту, дене шынықтыру, ұйықтау, мектепте және үйде сабақ оқу, еңбек ету (үй шаруасына көмектесу, мектеп ауласында, ауыл шаруашылығында еңбек ету), қосымша сабақтар мен үйірмелерге қатысу сияқты оқушының күнделікті өмірі жатады.

«Салауатты өмір сүру дегеніміз – тазалық сақтап, дене тәрбиесі және спортпен шұғылдану». Салауатты өмір салты – бұл адамның тұрмыстағы күнделікті қалыптасқан дағдысы мен әдеті бойынша еңбек ету, бос уақытын дұрыс пайдалана білу, өзінің рухани және материалдық қажеттіліктерін қанағаттандырып, саяси және қоғамдық өмірге белсене қатысуы. Салауатты өмір салтын қалыптастыруда дене тәрбиесінің маңызы зор. Оның маңызды міндеттерінің бірі оқушылардың салауатты өмірге деген ықылас жігерін қалыптастыру болып табылады. Оның маңыздылығы жыл сайын артып келеді. Жастарды болашақтың тірегі болатын, денсаулығы мықты азамат ретінде қалыптастыру керек.

Сондай-ақ, адамзат денсаулығын сақтаудың басты шарты – дұрыс тамақтану. Тамақ құрамының құндылығы басты назарда болғаны дұрыс. Тиімді, дұрыс тамақтану денсаулықты сақтауға, ағзаның қалыпты өсуі мен дамуына, жұмыс қабілетінің жоғарылауына және ағзаның қоршаған ортаның әртүрлі жағымсыз әсеріне қарсылығын күшейтуге ықпалын тигізеді.

Дұрыс тамақтану ережелері:

Тамақты үстелдің басында отырып қабылдау керек. Егер тамаққа зейін салмаған жағдайда, адам тойғанын білмей қалып, артығымен тамақтанады;

Тамақты асықпай, мұқият шайнап, тамақтану режимін сақтап жеу керек. Тамақты жиі және аз мөлшерде, күніне 5 рет қабылдаған жөн;

Таңертеңгі асты мұқият ішу қажет. Егер организм 10-12 сағат тамақ қабылдамаса, онда ағзадағы қант азайып кетеді.

Дұрыс тамақтанудың негізгі шарттары:

1. Тағамның құрамында негізгі қоректік заттар (белок, көмірсу, май) болуы тиіс.

2. Тамақ рационында (дәрумендер, тағамдық талшықтар) болуы тиіс.

3. Тәулік бойы тамақтану тәртібін, мөлшерін сақтау.

4. Тағамдар санитарлық-гигиена талаптарына сәйкес болуы керек.

Тамақтану тәртібі дегеніміз – ас қабылдауда белгілі бір уақытқа бағыну, сондай-ақ тамақтану кезінде астың мөлшерін және мәзірін сақтау деген ұғымды білдіреді. Тамақтану режиміне мына төмендегі принциптер енеді.

Бірінші, тамақтану барысында тәуліктік кесте белгілеу.

Екінші, тәулігіне бір-екі рет қана тамақтану дұрыс емес, белгілі мөлшерде үш – немесе төрт рет тамақтану керек.

Үшінші, тамақ құнарлы болғаны жөн. Себебі, адам ағзасы дұрыс қабылдайтын, оны асқазан еш қиындықсыз қорытатын тағам түрлері, яғни белок, майлар, витаминдер, минералды заттарға бай болғанын адам өзі таңдай алуы шарт. Бұл ретте дәрігер — диетологтың да кеңесі артық болмайды.

Тамақ ішу тәртібін жүйелі түрде сақтамау асқазан ауруларының дамуының негізін салады, ағзадағы зат алмасуының бұзылуын туындатады. Осындай ретсіз тамақтану асты көп ішу дағдыларын қалыптастырады, яғни дене салмағының артуына, ал кейде семіруге әкеп соқтырады. Әсіресе, организмі калыптасу мен қарқынды өсу деңгейінде болатын жеткіншектер дұрыс тамақтану тәртібін сақтағаны маңызды, ал мектептің немесе КТМ-нің жоғары сыныптарындағы (курстарындағы) сабақтарда оларға қойылатын талаптар жеткілікті жоғары.

Белгілі бір сағаттарда ғана тамақ ішу маңызды. Бұл жағдайда ағзада уақытқа шартты рефлекс қалыптасады,

яғни тамақ ішу белгіленген уақытта асқазан сөлі көбірек бөлінеді, тәбет ашылады, тамақты жақсы қорытуға жағдай жасалады.

Қорыта айтқанда, мектептегі дұрыс ұйымдастырылған тамақтану оқушының үлгерімі мен жұмыс қабілеттілігінің артуына жәрдемдеседі. Мектептегі тамақтың сауықтыру әсері тәрбиелеуге мәнмен үйлестіріледі – болашақ өмірде режим сақтау әдетин баянды етеді.

ЕҢБЕГІҢІЗ ЖЕМІСТІ БОЛСЫН, ТАЛАНТТЫ ҰСТАЗ!

Ұстаздық ету – ұлы жол. Шыңы биік, мінер баспалдағы ауыр жол. Оқу мен тынымсыз еңбектің жолы. Бүгінгі біз қозғағалы отырған тақырып осындай ұлағат жолындағы ұстаздықпен қатар жүрек түкпіріндегі сырын сурет әлеміне сыйғызып, сол сурет арқылы шәкірттерінің қиялына қанат бітіріп, қылқалам құдіреті арқылы шәкірттерін өнерге баулып жүрген ерекше жан - Ясауидин Балтабайұлы туралы болмақ.

УТЕЛБАЕВ Ясауидин Балтабайұлы, С.Әбдіжаппаров атындағы жалпы орта мектеп-интернатының көркем еңбек пәнінің мұғалімі. Түркістан облысы, Бәйдібек ауданы

Ясауидин Балтабайұлы 1988 жылдың 19 желтоқсанында Бәйдібек ауданы, Кеңестөбе ауылында дүниеге келген. Бала жастан сурет өнеріне әуес болып, Ә.Қастеевтің дара жолын үлгі етіп, көптеген туындылар, тақырыптық суреттер орындап, бейнелеу өнеріне өз үлесін қосып келеді.

1995 жылы Қ.Сыпатаев атындағы жалпы орта мектебінің табалдырығын аттап, 2006 жылы 11 сы-ныпты бітірді.

2000-2003 жылдар аралығында Ә.Кастеев атындағы көркем сурет мектебінде оқыды. 2006-2010 жылдары АӘПУ жоғары оқу орнында оқып, бейнелеу өнері және сызу пәні мұғалімі мамандығын алды. 2011-2013 жылдар аралығында Алматы қаласында «ТОО Отау құрылыс» компаниясында дизайнер болып жұмыс істейді. 2013 жылдың қыркүйегінен бастап, қазіргі таңға дейін Бәйдібек ауданы, Шаян ауылы С.Әбдіжаппаров атындағы жалпы орта мектеп-интернатында көркем еңбек пәні мұғалімі және өнертанушы-қылқалам шебері болып жұмыс істейді. Қылқалам шеберханасын ашып, ізбасар шәкірттерін тәрбиелеуде. Көптеген туындылардың авторы.

Ясауидин Балтабайұлының туа бітті таланты мен үздіксіз ізденістерінің және қажырлы еңбегі жоғары бағаланып көптеген марапаттарға ие болып жүргенін атап айтқымыз келеді.

2016 жылы «Нұрлы жол - болашаққа бастар жол!» атты аудандық өнер фестивалінде **аудандық білім бөлімінің Мадақтамасымен**;

2017 жылы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы аясында «Туған жерге тағзым» айдарымен облыс оқушылары арасында өткен керуен-шеруді ұйымдастыруға қосқан мол үлесі **үшін ОББ басқармасының Дипломмен** марапатталды.

2017 жылы «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында **«Ең үздік шығармашыл ұстаз»** облыстық байқауына қатысқаны үшін **Диплом, Сертификат** иеленді.

Облыс оқушылары мен колледж студенттері арасында өткен «Бояулар құпиясы» жас суретшілер көрмесінде үздік шығармашылығы үшін 7 сынып оқушысы Тұрдалы Жомарт **II дәрежелі Диплом, Сертификат** алды.

2017 жылы «Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру» тақырыбындағы облыстық сурет байқауында ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі

департаментінің **Алғыс хатымен,** 8 сынып оқушысы Мұхамейұлы Азат **Дипломмен және Алғыс хатпен** марапатталды.

2018 жылы Бәйдібек ауданы әкімінің «Алғыс хатымен» марапатталды. 2018 жылы Бәйдібек ауданы әкімінің **«Үздік жас суретші» номинациясы Дипломымен;**

2019-2020 оқу жылының тамыз айында облыстық жастар ресурстық орталығының Түркістан облысының құрылғанына 1 жыл толуына орай ұйымдастырған «ART FEST TURKISTAN» жас суретші және қолөнер шеберлер байқауында мектептің 9 сынып оқушысы Тұрдалы Жомарт Дипломмен, жетекшісі ретінде Алғыс хатпен марапатталды.

2019 жылы Республикалық **«Тіл, өнер және білім» орталығының ұйымдастырған шығармашылық байқауына қатысып, «Үздік педагог» номинациясы бойынша І дәрежелі Диплом**, ҚР білім беру саласында шығармашыл, тәжірибелі ұстаздық еңбегі үшін **«Үздік педагог» төсбелгісін иеленді.**

2019 жылдың қараша айында «Атадан-мұра» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен өткен бүлдіршіндер мен мектеп оқушылары арасында **ұйымдастырылған ІІІ Республикалық «Ұлы дала ұрпағы» өнер мен білім байқауында** «Бейнелеу өнері» жанры бойынша өнер көрсеткені үшін 9 сынып оқушысы **Тастемір Мағжан «Бас жүлде» дипломымен** марапатталды. «Ата-мұра» қорының Республикалық байқауының Суперфиналына жолдама жеңіп алды.

Аудандық **«Адал ұрпақ»** еріктілер клубы мүшелерінің қатысуымен өтілген сурет байқауында **9 сынып оқушысы Зайниддин Әбдікәрім ІІІ орынмен, облыстық сурет байқауында ІІ орынмен** марапатталды.

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күніне байланысты аудан әкімі Б.Танагузовтың **Дипломы, «Жылдың үздік ұстазы» номинациясымен және «Үздік ұстаз-2019» кубогы** табысталды.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев 2019 жылды – Жастар жылы деп жариялады. Жастар жылында қоғамдық жұмыстарға белсене қатысқаны үшін аудандық «Нұр Отан» ПФ төрағасының бірінші орынбасары Т.Дүйсенбековтың **Алғыс хатын** иеленді.

2020 жылы Дарын онлайн І республикалық «Кемеңгер ұстаз» олимпиадасына қатысып І дәрежелі дипломмен марапатталды.

2020 жылы Егеменді еліміздің бәсекеге қабілетті ұрпағын оқыту мен тәрбиелеудегі атқарған шығармашылық ізденістері үшін Республикалық Өрлеу порталының **«Абай-175 жыл» төсбелгісі мен Құрмет грамотасымен марапатталды;**.

2020 жылы «Әлем таныған Абай!» атты балалар мен жасөспірімдер және жастар арасында өткен республикалық байқауда **Құрмет грамотасы және 10 сынып оқушысы Тастемір Мағжан Бас жүлде дипломымен** марапатталды. Ата-анасына Алғыс хат берілді.

2020 жылы Қазақстан-Ресейлік мұғалімдер қауымдастығы және «Алые Паруса» халықаралық балалар орталығы бірлескен жобасының жас суретшілердің І Халықаралық конкурсына қатысып, **І Дәрежелі Диплом** иеленді.

«2020-2021 оқу жылының ерекшеліктері» тақырыбында педагог қызметкерлерінің аудандық тамыз конференциясында озық идеялары және тәжірибесімен бөліскені үшін аудандық білім бөлімінің **Мадақтамасы** табысталды.

2021 оқу жылында «Түркістан: көне мен келешек көпірі» аудандық шығармашалық өнер фестиваліне ӨНЕРПАЗ ШӘКІРТТЕРДІ дайындағаны үшін Бәйдібек ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің басшысы А.Құлымбеттің **Алғыс хатын** иеленді.

2021 жылы аудандық «Мейірімділік жасауға асығамыз» тақырыбындағы көркемсурет конкурсында жетекшілік көрсеткені үшін **І дәрежелі Дипломмен**, шәкірті 6 сынып оқушысы Расил Нұрсәулет Ерсұлтанұлы жақсы нәтиже көрсеткені үшін **І дәрежелі Дипломмен** марапатталды.

Қазақта мынадай асыл сөз бар: «жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» демекші, талай шәкірттің санасына сәуле құйып, өнерге баулып жүрген Ясауидин Балтабайұлының ұстаздық қызметі мен өнерінің ұштасып жатқандығын мақтаныш сезіммен айта аламыз.

Ясауидин Балтабайұлы өзі таңдаған салада көшбасшы, білікті маман болуға табиғи талантпен қатар зор еңбектің, зейіннің, ынтаның арқасында биіктен көрініп келеді. Еңбегіңіз жемісті болсын, талантты ұстаз!

КЕЛЕСБАЕВА Гүлжан Жақсылыққызы,
Әбдіжаппаров жалпы орта
мектеп-интернатының кітапхана меңгерушісі.

ОСОБЕННОСТИ ПРЕПОДАВАНИЯ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ В РАМКАХ ОБНОВЛЕНИЯ СИСТЕМЫ ОБРАЗОВАНИЯ

ЖАНАЕВ Усейин Жунисбекович,
учитель русского языка и литературы ОСШ имени А. Дарибаева.
Туркестанская область, Отрарский район

"Урок - это зеркало общей и педагогической культуры учителя, мерило его интеллектуального богатства, показатель его кругозора эрудиции"
В.А. Сухомлинский.

«В деле обучения и воспитания, во всем школьном деле ничего нельзя улучшить, минуя голову учителя», - говорил великий русский педагог К. Д. Ушинский. То есть изменения надо начинать с себя, не противиться, не критиковать, не отвергать, а принять как миссию по воссозданию нового, гармоничного мира, и объединившись, используя свой опыт, профессионализм, заняться построением обновленной системы образования, используя фундамент достижений, накопленных за многие столетия педагогической практики. От того, как будет устроена школьная действительность, какой будет система отношений школы и общества, насколько интеллектуальным и современным мы сможем сделать общее образование, зависит благосостояние наших детей, внуков, всех будущих поколений.

В современном мире учителя уже не являются передающими знания, а направляют обучающихся в самостоятельном обретении их. А обучающиеся не являются носителями информации. Они знают способы приобретения знаний и умеют их успешно реализовывать. Уроки нового формата строятся на формировании самостоятельного исследования новых знаний. На таких уроках дается возможность саморегулироваться, самовыражаться. Уроки выстроены на формировании открытости обучающихся. Цель современного урока – научить обучающихся добывать знания самостоятельно, а помогают в этом новые подходы в преподавании и обучении. Учителю необходимо создать образовательную среду, благодаря которой обучающиеся будут активно участвовать в учебном процессе, а не пассивно принимать информацию.

Если раньше каждый урок начинался с приветствия и настроя на рабочий лад, то сейчас, используя идеи модуля «обучение тому, как обучаться» я начинаю свой урок с психологического настроя, который проводится для создания благоприятной рабочей обстановки в классе. Психологический настрой эффективно и динамично помогает мне начать урок, задать нужный ритм, обеспечить рабочий настрой и хорошую атмосферу в классе.

1.Современный урок в условиях обновления содержания не может обойтись без такого ингредиента, как определение темы урока.

Всем известно, что импульсом к познанию служит удивление. Удивить может чтение стихотворения учителем наизусть, интересная притча, необычный предмет, звук, явление, мини-спектакль.

Выбор учителя не ограничен. Это может быть введение в новую учебную тему, обзорная, «промежуточная» (второстепенная по значимости), обобщения и систематизации знаний, применение знаний и умений, проверки и коррекции знаний и умений или одна из основных тем курса. Однако для начала необходимо определить: выгодно ли тратить достаточно много сил и времени на подготовку нетрадиционного урока по теме, носящей прикладной характер, не имеющей особой практической ценности и не играющей большой роли при изучении курса.

2.Основной формой современного урока является групповая работа, где ребята раскрываются, показывают себя с другой стороны. Групповую работу я провожу при изучении новой темы и при закреплении изученного материала, особенно ребятам нравится работать в группах на уроках художественного труда. Где они все вместе создают одну работу и потом презентуют её.

3. Применять умения в жизни одно из основных компонентов современного урока. Научить ориентироваться в непростом реальном мире можно, выполняя практические, жизненные задачи. На своих уроках я применяю компетентностно-ориентированные задания.

Данные приемы способствуют развитию логического мышления у обучающихся, самостоятельной деятельности и функциональной грамотности.

4. Еще один из наиболее важных ингредиентов современного урока – это оценивание.

На уроках новой формации обучающиеся учатся критическому мышлению, умению критически оценивать себя и свою работу, выполняя групповые, индивидуальные работы или работу в парах.

5. Ещё бы мне хотелось сказать об обратной связи. Для того чтобы родители были в курсе, как учатся их дети, я использую наклейки - смайлики, которые дети получают за активную работу на уроке, за правильно выполненное

домашнее задание, в тетрадях пишу комментарии. После суммативных работ раздаю рубрики. Создали группу в ватсапе, где родители задают вопросы. Так же отправляю индивидуальные фотографии с результатами сор и соч, тем родителям, дети которых слабо справились с заданиями, для работы над ошибками.

Чтобы активизировать речевую деятельность учащихся, используется цветные иллюстрации, сюжетные картинки. Рассмотрев иллюстрации, ребята выбирают картину и беседуют на избранную тему, опираясь на свои наблюдения, используя заранее составленный тематический словарь. (например: школа, семья, улица, транспорт). В ходе беседы используются стихи, загадки и пословицы о природе, о временах года, о школьной жизни. Эти уроки в форме беседы прививают ученикам навыки сознательного и активного владения языком.

Значительное внимание уделяется осуществлению связи с родным языком при обучении русскому языку и считаю эффективным перевод текстов и хоровое проговаривание слов со специфическими русскими звуками. В проговаривании русских звуков большую помощь могут оказать качественная аудиозапись или видеофильмы. Таким образом, тщательный подбор дидактического материала, интересных заданий творческого и поискового характера помогают воспитывать у учащихся интерес к изучению русского языка, развивают творческие способности, формируют умения и навыки учебного труда и потребности самостоятельно пополнять свои знания.

Язык-наше бесценное наследство, с ним мы не расстаёмся на протяжении всей жизни, поэтому нельзя быть безразличным к тому, как мы пользуемся языком, как выражаем свои чувства и мысли, как ценим родное слово. Этому мы должны научить и своих учеников.

Можно долго говорить о том, каким должен быть урок и как можно работать.

Неоспоримо одно: он должен быть одушевлённым личностью учителя.

Надеюсь, моё выступление было для вас интересным. Мне бы хотелось своё выступление закончить этим стихотворением.

Учить детей сегодня трудно,
И раньше было нелегко.
Читать, считать, писать учили:
«Дает корова молоко».
Век XXI- век открытий,
Век инноваций, новизны,
Но от учителя зависит,
Какими дети быть должны.
Желаю вам, чтоб дети в вашем классе
Светились от улыбок и любви,
Здоровья вам и творческих успехов
В век инноваций, новизны!

Қыз тәрбиесі - ұлт тәрбиесі!

БЕКТЕМИСОВА Алия Курманкалиевна,
№4 балалар үйі директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.
Шымкент қаласы

“Шығыс халықтарының арасында, жалпы мұсылман елдерінде қыз баланы ерекше бағалайтын, қарындасты қатты қастерлейтін халықтың бірі де бірегейі де - біздің қазақ”.
Н.Ә.Назарбаев

«Қыз баланы тәрбиелей отырып, ұлтты тәрбиелейміз» қағидасымен қазақ қоғамында ғасырлар бойы қалыптасқан отбасылық дәстүрлер мен құндылықтарға негізделген отбасы мәртебесін нығайту.

Қыз – өмірдің гүлі, барлық адамзаттың қадірлеп, аялайтын асыл аруы десек те артық емес. Қыз баланы қазақта кішкентайынан мәпелеп, аялап, қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай және жалғандағы нәзіктік пен пәктікті, инабаттылықты әрбір қазақ қызының бойына сіңіріп өсірген. Белгілі ақын Ақұштап Бақтыгереева «Өмірде қыз болу бар да, нағыз қазақ қызы болу мүлдем бөлек!» деген пікір айтқан. Сол тәрізді ата-дәстүр, салт-сананы берік ұстанып өскен қазақ қызы қай ортада болсын, өзінің ерекше болмысымен көзге түсетіні анық. Қазақ қызының бойындағы асыл қасиеттерімен бірге сыр-сымбаты да өзге ұлттан дараланып тұруы тиіс. Қызды «жат жұрттық» деп қадірлеп, төрінен түсірмеген. Басқа үйдің отын жағып, түтінін түзу ұшыратын боласың, барған жерінде шешесі үйретпепті демесін деп анасы қызына бойындағы бар жақсы қасиетін сіңіруге тырысады.

Қазіргі кезде қыз бала тәрбиесіне ерекше мән беруді қажет етеді. Себебі, қыз баланы тәрбиелеу деген сөз - ұлтты тәрбиелеу деген сөз. Әр елдің өміріндегі шешуші кілт қыздарға берілетін тәлім-тәрбие арқылы өлшенеді. Біздің халқымызда «Қыз» деген сөзді әдеміліктің, әдептіліктің, жан-жақты сұлулықтың символы ретінде қолданады. Бесігінде жақсы тәрбие алған, үлгі-өнеге

көрген қыз бала болашақта да сол әдебін сақтап, өнегелі де аяулы ана болады. Ұлы ғұлама Бауыржан Момышұлының келіні Зейнеп Ахметова «Қыз баланың мына өмірдегі міндет-парызының жүгі ауыр, әрі ардақты. Ол - адамзат ұрпағын өмірге әкелетін болашақ ана, үй ұстап, жар күтетін адал жар, ата-ене сыйлап, иілетін қамқор келін. Ол осыны қаласын қаламасын, бұл - өмір заңы»- деген. Сондай ақ, «Қыз» – ең қасиетті сөз. Қасиетті болатыны, бүкіл адамзат қыздан тарайды: қыз келін болады, келін анаға айналады, ал ана әже деген зор дәрежеге жетеді. Осы үшеуі арқылы ұрпақ өсіріп, ұлт қатарын көбейтеді. Ұлттың бойындағы бар жақсы қасиеттерді - тілін, дінін, әдет-ғұрпын, салт-санасын, дәстүрін немересіне, немересінен шөбересіне жеткізуші, дамытушы әрине, әйел - Ана. Тіліміздің өзін ана тілі деп атауы - аналарға көп жүк артады. Ана - барлық өмірдің бастауы.

Сондықтан да қыз тәрбиесі мен отбасы тәрбиесі өте тығыз байланыста. Болашақ аяулы ана тәрбиелі отбасыда тәрбиеленеді. Отбасы тәрбиесі – бұл жалпы тәрбиенің ең басты бөлігі және көзделген нәтижеге жету мақсатында ата-аналар мен жанұя мүшелерінің тарапынан жасалатын ықпал үрдістерінің жалпы нәтижесі.

«Отан отбасынан басталады», – десек, сол әрбір кіші отанның ұйытқысы, берекесі болатын – әйел адам. Ұлттың адаспай, ұлт болып қалуы, қоғамның дамуы мен мемлекеттің өркендеуі – соңында келіп әйелге, келешек ана болар қыздардың қалай тәрбиеленетініне байланысты болмақ. Әрбір елдің өміріндегі шешуші кілт – қыздарға берілетін тәлім-тәрбие арқылы өлшенеді.

Отбасы қоғамның бір бөлшегі, ал отбасының алтын қазығы – әйел адам.

Қыздардың оң жақта отырып-ақ құрсақ көтеруі, ашық және қысқа көйлек киюі, жеңіл жүрістері ұлтымызға сын екендігін ата-аналар түсініп, ұлдары мен қыздарын ұлттық салт-дәстүр негізінде тәрбиелеуге баса көңіл бөлудің мәнін, қыз балаға тәрбиесінде жіберіліп жатқан олқы тұстарды тілге тиек ете отырып, қыздардың тән мен ар тазалығы туралы әңгімеледі. “Қызға қырық үйден тыю, қала берсе күңнен тыю” сөзінің төркініне түсінік берді.

Сондықтан да «Қыз тәрбиесі - ұлт тәрбиесі!» бүгін жалпы берілетін тәрбиенің ішінен қыз бала тәрбиесіне байланысты тұстарын бөліп алғандағы негізгі мақсатым: адамгершілігі мол, әдепті, инабатты, сыпайы, білімді қыздарымызды тәрбиелеу. Ертеңгі ана, бүгінгі қыздарымызды тәрбиелеу, ата-ана мен барша қауымның міндеті екенін ұмытпауымыз қажет!

Ж ж дыбысы мен әрпі

АЛИБЕКОВА Нурия Тохтасинқызы,
Қақпақ жалпы орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі.
Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы

Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	1.2.1.2 оқудың түрлерін (буындап оқу, жиі кездесетін сөздерді тұтас оқу, түсініп оқу). 1.2.9.1 әріпті тану, ажырату және оны дыбыспен сәйкестендіру. 1.3.8.1 жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу.
Сабақ мақсаттары	**Барлық оқушылар:** Әріпті біледі, жаза алады, оқи алады. **Көптеген оқушылар:** Әріптерді таниды және ажыратады. Әріпті дыбыспен сәйкестендіріп оқиды. **Кейбір оқушылар:** Мәтінді оқи алады, өз ойын еркін жеткізе алады.
Бағалау критерийлері	Әріпті таниды, ажыратады. Окудың түрлерін (буындап оқу, жиі кездесетін сөздерді тұтас оқу, түсініп оқу) қолданды.
Тілдік мақсаттар	**Пәнге тән лексика мен терминология:** Әріп, дыбыс, дауысты дыбыс, дауыссыз дыбыс, буын. **Диалог\жазылымға арналған сөз тіркестер:** **-** Ж дыбысы қандай дыбыс? - Ж әріпінен басталатын қандай сөздерді білесіндер?
Құндылықтарды дарыту	Мәңгілік ел - Зайырлы қоғам және жоғарғы руханият - өмір бойы білім алу, құрмет, ынтымақтастық, ашықтық.
Пәнаралық байланыстар	Дүниетану, жаратылыстану.
АКТ қолдану дағдылары	«Сиқырлы әріптер» бейнетоптамадан Ж дыбысының бейнеүзігін көрсету.
Бастапқы білім	Ж ж дыбсына келетін сөздер айта алады.

Сабақ барысы		
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	**Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет**	**Ресурстар**
Сабақтың басы **Сабақтың ортасы**	**Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру:** ***Белсенді оқу орталығын құру:*** **(Ұ) Шаттық шеңбері:** Елін сүйер, ер жетер Біз болашақ гүліміз **Топқа біріктіру: «Жүзім», «Жұлдыз», «Жапырақ» суреттері арқылы топқа біріктіремін.** 1-топ: **Жүзім** 2-топ: **Жұлдыз** 3-топ: **Жапырақ** Балалар өткен әріптерімізді қайталап алайық! **«Сұрақтар әлеміне саяхат» әдісі** арқылы өткен тапсырмаларды пысықтау мақсатында сұрақ-жауап өткіземін. 1. Балалар қазақ тілінде неше әріп бар? 2. Дыбыстар нешеге бөлінеді? т.б. Жауап берген оқушыға жұлдызша беру арқылы бағалаймын. **1-тапсырма. (ҰЖ Айтылым): Ой шақыру «Ұйқасын тап» ойыны. Жұмбақтар жасырып, сол жұмбаққа ұйқас сөздерді табу.** **Дескриптор: Білім алушы:** ұйқас сөздерді табады, жұмбақ шешуін табады. **Саралау:** ***(МК: Пікірталас арқылы іске асты)*** **Барлығы:** жұмбақтардың шешуін табады. **Көпшілігі:** ұйқас сөздерді анықтайды. **Кейбірі:** ұйқас сөздерді зерттейді, дәлелдейді. **ҚБ: «Күлегештер» бағалау** **Қызығушылығын ояту. «Кім тапқыр» ойыны. Топтық жұмыс.**	Жүзім, жұлдыз, жапырақ таркатпа суреттері Жұлдызшалар
	Ж дыбысы мен әрпі бар сөздерді тауып оларды атап, дыбыстық, буындық талдау жасап, сөйлемдер құрау Жіп, жапырақ, жолбарыс, жылан, жұмыртқа	
	Критерийлер: Ж ж дыбысы мен әрпіне байланысты сөздерді атап, дыбыстық, буындық талдау жасайды. Табылған сөздерге сөйлемдер құрастырады. **ҚБ: Топтар бір-бірін от шашу әдісі арқылы бағалайды.** Сонымен, балалар! Біз сендермен бүгінгі сауат ашу пәнінен Ж ж дыбысымен әрпін өтіп, танысатын боламыз. Ж ж дыбысы дауыссыз дыбысқа жатады. Ж ж дыбысын айтқан кезде, өкпеден шыққан ауамыз белгілі бір кедергілерге ұшырайды. Ж ж дыбысы сөздің басында, ортасында кездеседі.	Интер белсенді тақтада жүзім, жаңғақ, жолбарыс суреттері
	2-тапсырма. (ҰЖ) Оқылым: «Жалғастыр» әдісі арқылы орындалады. Жаңа сөздермен танысып, оқу жаға жасау жақсы жауын **«Тізбектелген моншақ» әдісі арқылы «Жарыс»** мәтінінің әр сөйлемін жеке-жеке оқу: ***Сұрақтар:*** Жарыс қай жерде өтуде? Жарысқа кімдер қатысты? Кім жарыс мәресіне тез жетеді? Мәтінде жиі қайталанып тұрған қандай дыбыс бар? Ж ж дыбысы бар сөздерге буындық талдау жаса? **Дескриптор:** сөздерді буындап, тұтас оқиды, мәтін мазмұнын түсінеді. **Саралау:** ***(анықтау, диалог, зерттеу арқылы іске асты)*** **Барлығы:** сөздердің буын санын анықтайды. **Көпшілігі:** жаңа сөздердің мағынасын зерттейді. **Кейбірі:** мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтар қояды. **ҚБ: «Мадақтау сөздер» бағалау.** **Сергіту сәті**: **Жазылым. Дәптермен жұмыс: Ж ж дыбысы мен әрпінің элементтерін ауада, дәптерге жазу.** **Дескриптор: Білім алушы** -Жазу жолын, жоларлық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазады. **ҚБ:** ***Тамаша, өте жақсы!*** **3-тапсырма: «Ойлан-жұптас-бөліс» әдісі. Жұптық жұмыс. Тапсырма:** Берілген буындар бойынша жаңбыр тамшыларынан сөз құрап, сол сөздің	 **Күлегештер** Сурет Ж ж дыбысына арналған

	буынын, дауысты, дауыссыз дыбыстарын тауып, сызбасын сыз. **Бағалау критерийі:** **1. Буындардан сөз құрап жазу** **2. Дыбыстық талдау жасау** **Дескриптор:** 1. Жаңбыр тамшыларынан сөз құрайды. 2. Құраған сөздерін оқыды, жазады. 3. Дауысты дыбыстарды ажыратады. Осы тапсырманың орындалу барысын кері байланыс арқылы жұппен жұмыс жасап, дұрыс берілген жауаптары арқылы тапсырмаларын тексереді. Мұғалім, оқушыға кері байланыс беру арқылы қорытынды жасайды.	Ж ж дыбысы мен әрпінің баспа, жазбаша түрі Сауат ашу оқулығы **Дәптер**
Сабақтың соңы	**Кері байланыс:** ***«Еркін микрофон» әдісі.*** -Нені білдім?	

Бағанды, сызықтық, дөңгелек және графиктік диаграммалар

ҚУАТБЕКОВА Жанат Айтжанғалиқызы,
№69 «Бескепе» негізгі орта мектебінің математика пәні мұғалімі.
Түркістан облысы, Сайрам ауданы

Оқу мақсаттары	5.4.4.1 дөңгелек, графиктік және бағанды диаграммалар туралы түсініктері болу; 5.4.4.2 дөңгелек, графиктік және бағанды диаграммалар салу; 5.4.4.3 кестелер немесе диаграммалар түрінде берілген статистикалық ақпаратты алу.
Сабақ мақсаттары	-дөңгелек, графиктік және бағанды диаграммалар туралы түсініктері болу; -диаграммалар түрінде берілген статистикалық ақпараттарды ала алады; -дөңгелек, сызықтық және бағанды диаграммалар сала алады.
Бағалау критерийлері	дөңгелек, графиктік және бағанды диаграммалар салады; диаграммалар түрінде берілген статистикалық ақпараттарды алады.
Тілдік мақсаттар	Оқушылар: - дөңгелек, сызықтық және бағанды диаграммалар туралы өз түсініктерін сипаттай алады; - диаграммаларды салу алгоритмін түсіндіреді; - кестелер және диаграммалармен берілген деректерді оқи алады.
Құндылықтарды дарыту	Оқушылар өз сыныптастарымен диалогқа қатысады, сыныппен талқылауда **коммуникативтік** дағдыларын дамытады. Оқушыларға есептерді шығару үшін шығармашылықпен жұмыс жасай отырып, **талап қоя біледі**, топпен жұмыста **қолдау көрсетеді.** Жұппен жұмыста оқушылар әріптесіне қарап, идеяларымен бөлісіп және талқылауға қатысып, жауапты болуға үйренеді.
Пәнаралық байланыстар	Информатика (диаграмма сызу), жаратылыстану (планеталардың радиустары)
АКТ қолдану дағдылары	Интербелсенді тақта, ғаламтор желісі
Бастапқы білім	*Шеңбер, дөңгелек ұғымдары туралы түсініктері бар*

Сабақ барысы

Сабақтың кезеңдері	**Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет**	**Ресурстар**
2 минут **5 минут**	**І. Ұйымдастыру кезеңі.** а) Оқушылардың және оқу кабинеттерінің сабаққа әзірлігі, сәлемдесу, түгендеу. б) Жағымды психологиялық ахуал тудыру. Сыныпты стикерлерге жасырын жазылған «Бағанды диаграмма», «Дөңгелек диаграмма», «Графиктік диаграмма» атауымен үш топқа бөлу. **ІІ. Үй тапсырмасын тексеру** ***«Миға шабуыл»*** *әдісімен сұрақ-жауап* **«Бағанды диаграмма» тобы** Оқушыларды өзімнен қол созым ара қашықтықта орналасуын сұрау. Қандай фигура жасағанын талқылау. **«Дөңгелек диаграмма» тобы**	Стикерлер

Жаңа сабаққа дайындық **3 минут**	Әр оқушыны еден жазықтығының қандай да бір нүктесі деп қарастыруға бола ма? **«Графиктік диаграмма» тобы** Мұғалімнен (центрден) бірдей қашықтықта орналасқан деген тұжырым жасауға бола ма? Оқушылармен бірге шеңбердің анықтамасын қорытындылауға жетелеу. Алынған шеңбердің радиусы деп нені қабылдаймыз? Оқушыларды диаметр мен радиустың анықтамасын түсінуге жетелеу. **ҚБ:** ауызша мадақтау (жарайсың, керемет, жақсы) **«Кім тапқыр?»** әдісі бойынша жетекші сұрақтар қоя отырып жаңа сабақты меңгерту. *Біздің айналамызда диаграммаға ұқсайды...* ***Дене шынықтыру сабағында оқушылардың бой-бойымен тұруы.*** ***Диаграмма – сандық ақпаратты көрнекі және графикалық түрде беру жолы. Диаграммада геометриялық кескіндеулерді пайдаланып, белгі шарттарымен шаманың сан мәндері және арақатынастары көрсетіледі.*** Екі түрлі суреттері бар парақ дайындауға болады. Суреттің сол жағында геометриялық фигуралар: дөңгелек, тіктөртбұрыш, сынық салынған. Суреттің оң жағында, соларға сәйкес - дөңгелек диаграмма, бағанды диаграмма және сызықтық диаграмма салынған. Оқушыларға суреттер жұбын салыстыруды ұсыныңыз. «Диаграмма» ұғымын түсінуге жетелеңіз. Оқушылар назарын пайдаланылған диаграмма түрлеріне аударыңыз.	Интербелсенді тақта
Жаңа сабаққа **7 минут**	 *Сұрақтарды талқылаңыз*. Мысалы: Күнделікті өмірде диаграммалар қай жерде қолданылады? Диаграммалар не үшін қажет? Оқушыларға топтарының атына сай мысалдарға қарап диаграммалар құруды, сызуды ұсыну. Сызылған диаграммалар берілген мәліметтерді салыстыруға бағыттау. Жаңа сабақты меңгеруді толтықтыруда bilimland.kz сайтынан видео түсіндірмені көрсетемін. **№1 тапсырма** **Жұптық жұмыс «Серіктесті оқыту» әдісі** **Оқулықтағы №1294 есепті орындау.** Берілген мәліметтер бойынша оқушылар дәптерлеріне диаграммалар салу қажет және сұрақтарға жауап береді.  **Дескриптор** Берілген өзен ұзындықтарын салыстырып ұзын, қысқа, шамалас ұзындықтары туралы ақпарат алады. Өзен ұзындықтарының графикалық диаграммасын салады. ***ҚБ:*** Жұптар бір-бірін геометриялық фигуралар(жұлдызша, төртбұрыш, үшбұрыш) арқылы бағалайды, интербелсенді тақтадан жауап тексереді. Сұрақ 1 Келли мысықты басып кетпес үшін тежеуішке басқанда сағат қанша болған еді? Жауап: .... **Жауабы: 9:06** **Дескриптор** Берілген диаграмманы пайдаланып, машинаның тежеуішті басқан уақыты туралы ақпарат алады. ***ҚБ:*** бірін-бірі бағалау мадақтау арқылы	Слайд 1 Слайд 2 Слайд 3 Слайд 4

Сабақтың соңы. 2 минут	**Үйге тапсырма:** Әр оқушы 1,2,3 тоқсандағы математика пәнінен тоқсандық бағаларының бағанды диаграммасын сызып келу. **Рефлексия** «+,-» арқылы белгілеу.	Үлестірмелі қағаз

Диаграмма анықтамасын білемін	Диаграмманың түрлерін ажырата аламын	Есептің берілгеніне қарап диаграмма сала аламын	Берілген диаграммаға қарап мәлімет ала аламын

Ар ілімі. Құндылық, ішкі тыныштық

МАЛКАЙДАРОВА Дильназ,
Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Жетісай ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің Б.Момышұлы атындағы №6 мектеп-гимназиясының Өзін-өзі тану пәні мұғалімі.

Сабақ мақсаты: Оқушыларға ар ілімі туралы түсіндіру арқылы, ішкі тыныштық құндылығының мәнін ашу. **Міндеттері:** 1. Оқушыларға қарапайымдылық, сенімділік қасиеттеріне түсінік беру; 2. Сабырлылық қасиетін дамыту; 3. Оқушыларды қарапайымдылыққа, сенімділікке, сабырлыққа тәрбиелеу.	**Ресурстар:** (слайд, диск) Кітап, дәптер, үнтаспа, ақ қағаздар, нақыл сөздер
Сабақ барысы: **1. Ұйымдастыру кезеңі** **Тыныштық сәті**: **“Нұрға бөлену”** Елестетіп көреміз: Күн нұры біздің төбемізден өтіп, кеудемізге қарай бойлап барады. Кеудеміздің орта тұсында гүл түйнегі орналасқан. Гүлдің түйнегі нұрдан баяу ашылып келеді. Таза әсем гүл біздің әр ойымызды, тілек-қалауымызды шайып, жүрегіміздің қауызын ашады. Нұр сәулесі біздің бойымызға ақырын тарай бастағанын елестетеміз. Ол біртіндеп күшейе түсуде. Оймен осы нұрды қолдарымызға түсіреміз. Қолдарымыз нұрға бөленіп, сәуле шашуда. Қолымыз тек жақсы, ізгі істер істейді. Нұр аяғымызға тарады. Олар сізді тек жақсылық жасау үшін жақсы жерлерге апарады. Одан әрі нұр біздің, тілімізге тарайды. Тіліміз тек шындықты, жақсы, ізгі сөздерді айтады. Нұрды құлағымызға бағыттайық, құлағымыз тек жақсы сөз бен әсем әуен естиді. Нұр көздерімізге де келіп жетті, көзіміз тек жақсыға қарап, бәрінен жақсылықты ғана көреді. Басымыз түгелдей нұрға бөленіп, сәулелі ой келеді. Нұр бірте-бірте шұғылана бастайды, біздің денемізден шығып, жан-жағымызға сәуле шашады. Осы нұрды туысқандарымызға, достарымызға, бағыттаймыз, олардың да жүрегі нұрға толсын. Ғаламның барлық түпкір-түпкіріне нұр бағыттаймыз. Ойша айтамыз: «Мен нұрлымын... Нұр менің ішімде...». Осындай тыныштық күйінде отыра тұрыңыз... Енді осы Нұрды жүрегіңізге орналастырыңыз. Нұрға толы бүкіл әлем біздің жүрегімізде. Оны осындай әсем қалыпта сақтайық. Жаймен көзімізді ашуға болады. Ракмет. **2. Үй тапсырмасын тексеру** Ш.Құдайбердіұлы «Мәнді сөздер» әңгімесінен үзіндіні оқу. 1. Қандай қасиеттер адамның өмірін түзеуге көмектеседі? Неліктен? 2. Арлы адам деп қандай адамды айтамыз? 3. Ар-ұждан даусымен өмір сүрудің мәні неде? **4.** Өзің алған адамгершілік білімдеріңді қалай жүзеге асырып жүрсің? 5. Ар-ұждан тазалығы дегенді қалай түсінесіз?	**Ескерту:** **5 Т** ережесін еске салу. 1.Тәртіп 2.Талап 3.Тыныштық 4.Тазалық 5.Татулық
3. Дәйексөз “Ақылың болса, арыңды сақта, Ар, ұят керек әр уақытта” (Халық нақылы) 1. Ар, намыс, ұят ұғымдары туралы не білесің? 2. Өз ісіңе қатты ұялған кездерің болды ма? 3. Адамның өз арын адал сақтауына қандай қасиеттер көмектеседі?	

Ұлдар - 2 рет, қыздар - 2 рет, барлығы - 2 рет қайталайды. Дәптерге жазу.	
4. Шығармашылық іс-әрекет, топтық жұмыс I. «Арыңды жасыңнан сақта!» деген нақыл сөздің мағынасына үңіліп, жазбаша ой-қорытынды жасау. II. Төменде берілген сөйлемдерді өз ойларыңмен аяқтап жазыңдар. Әділ сөйлеп, адал жүрген адамның... Ала жіпті аттамағанның абыройы биік, өйткені... Әрлі болғанша, арлы бол, себебі... Адам болам десең, арыңды сақта, өйткені...	2 топқа түсті қағаз арқылы топтастырамыз
Топпен ән айту **«Балдәурен»** Сөзі: Ш.Сариевтікі Әні: Е.Слетдиновдікі Балдәурен көктем асығып жеткен шағала күндер Базарлы маусым шырқалған даусың тамсанып әсем	
Балауса балғын көкмайса шалғын барады күндер Тербеліп билеп шайқалып билеп ән салып әсем Қайырмасы: Балдәурен бақытты ән дәурен Келеді қанатын самғаумен Көңілдің ұшырып аққуын Балауса бал-бұлақ балдәурен 2. Жаныңа жылы жүрекке ыстық көңілге сұлу Тоя ма көзің балдәурен кезің бақыт аумағы Даламдай дархан тауымдай биік өмірге сұлу Тоя ма көзің айтшы сен өзің уақытқа уақыт Қайырмасы:	
Балдәурен бақытты ән дәурен Келеді қанатын самғаумен Көңілдің ұшырып аққуын Балауса бал-бұлақ балдәурен	
Үй тапсырмасы: Оқулықтың 139-140 беттеріндегі М.Құрманалиннің «Табылған ақыл» әңгімесін мазмұндау.	
Сабақтың соңғы тыныштық сәті Денелерімізді түзу ұстап, басымызды жоғары көтеріп, ыңғайланып отырамыз. Ауаны терең жұтып, еркін тыныстаймыз, айналадағы барлық тіршілік иесі аялап, қоршап, қамқор болып жатқанын сезінеміз. Тұла бойымыз жақсылыққа, махаббатқа толғанын сезінуге ұмтыламыз. Бүгінгі сабақтан алған әсерлеріңізді, жақсы ойларыңызды естеріңізге түсіріп көріңіздерші... Ол өздеріңмен бірге қалуы үшін жүректеріңізге салып сақтаңыздар. Аңсаған армандарыңызға жетулеріңізге тілектеспін. Бүгін сіздер өте көп жақсы істер жасадыңыздар, ойларыңызды жеткізе білдіңіздер, жақсы ойлар айттыңыздар сол үшін сіздерге рақмет айтамын! Сабаққа қатысқандарыңызға рахмет! Сау болыңыздар!	

ӨРНЕКТЕРДЕГІ АМАЛДАРДЫҢ ОРЫНДАЛУ РЕТІ

УМАРОВА Зайда Алимжановна,
А.Үсенов атындағы жалпы орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі.
Түркістан облысы, Кентау қаласы

Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары:	2.2.1.6 Екі-үш амалмен орындалатын өрнектердің терімділік қасиеттерін\көбейтудің ауыстырымдылық қасиетін тиімді есептеулер жүргізу үшін қолдану.
Сабақ мақсаты	Өрнектердегі амалдардың орындалу ретін, көбейту мен қосудың ауыстырымдылық, терімділік қасиеттерін пайдаланып тиімді есептейді.
Бағалау критерийлері	**Барлық оқушылар орындай алады:** көбейту мен қосудың ауыстырымдылық, терімділік қасиеттерін біледі. **Оқушылардың көпшілігі орындай алады:**

	есептің шартын және өрнегін құрастырады, түрлі құрама есептерді шығарады. **Кейбір оқушылар орындай алады:** өрнектер құрастырады, амалдардың орындалу ретін қолданады.
Тілдік мақсат	**Түйінді сөздер мен сөз тіркестері:** орындалу реті, алдымен, ретімен содан кейін сол жақтан оңға қарай, жақша ішінде, қымбат, арзан. **Сыныптағы диалог:** -көбейту және бөлу компоненттерін айтып беріңіз; -амалдардың орындалу ретін білеміз бе?
Құндылықтарды дамыту	**Президенттің «Қазақстан-2050» Стратегиясы Жолдауында табиғатты сақтау және оны қорғауды сабақ барысында жүзеге асыра отырып балалардың бойына сіңіру.**
Пәнаралық байланыс:	Қазақ тілі, дүниетану, өзін-өзі тану, жаратылыстану.
Алдыңғы оқу	Амалдардың орындалу реті

Жоспар

Сабақтың жоспарланған кезеңдері	**Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет**	Ресурстар
Сабақтың басы **3 минут**	**Психологиялық дайындық** Кел достарым, келіңдер, Қолдарыңды беріңдер. Шаттық толы шеңберге, Қуанышпен еніңдер. Шақырамын сендерді, Жолдастарым кел бері. Толтырайық шаттыққа Дөңгелеген шеңбері. Оқушылар тақпақты дауыстап айтып, тілді жаттықтырады және сабаққа назар аударады. Алдыңғы білімді еске түсіру	слайд көрсету
Сабақтың ортасы **35 минут**	**Оқушыларға сабақтың тақырыбы мен мақсатын хабарлау** **Оқулықпен жұмыс** **«Идеялар себеті» әдісі** **1-тапсырма.** Берілген мысалдарды шығар және жауаптарын салыстыр. Барлық суреттерге не ортақ? Қайсысын артық деп айтуға болады? Неліктен ?  **12:6** **16:8** **18:9**  **14:7** **15:5** **Дескриптор:** - барлық суреттерге не ортақ екенін анықтайды; - артығын тапты және дәлелдейді. **ҚБ** мадақтау сөздер: Жарайсың, тамаша, керемет! **«Он сұрақ» әдісі** 1.2кг мақта ауырма 2кг темір ауыр ма? 2.Бір айда бес жексенбі бола ма? 3.8 тоқаш болды. 2-ін жейді. Қанша қалды? 4.7 кесе болды. 3-і сынды. Нешеуі қалды? 5.Дүйсенбіден кейін 3 күннен кейін қай күн келеді? 6.Бұтақта 10 торғай отыр еді. 6 торғай ұшып кетті.Нешеуі қалды?	суреттер су, бұлт, мұз, қар, өзен, себет Смайликтер

	7.Өзенге 8 үйрек келеді, ал қаздың 2-і кем. Қаз нешеу? 8.Сыныпта 10 бала.Оның 6-ы ер бала. Қыз бала нешеу? 9.Кеседе 8 өрік бар. Айдос 4 өрікті жеді. Қанша қалды? 10.Ұзындығы 10 метр жіпті әр бөлігі 2 метр болу үшін неше рет қию керек?	
Сабақтың соңы 2 минут	**Кері байланыс «Білім сандығы»** -Сабақты өте жақсы түсіндім, қызықты болды. -Тақырып бойынша әлі ізденуім керек. - Мүлдем түсінбедім.	Кері байланыс парағы

Үй жануарлары

СЛАНБАЕВА Нұрила,
Б.Онтаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің даярлық тобының мұғалімі.
Түркістан облысы, Арыс ауданы

Мақсаты:
Білімділік: Үй жануарлары туралы білімдерін толықтыру, олардың пайдасы, маңызы туралы түсінік беру. Олардың түрлерін бір-бірінен ажыратуға үйрету.
Дамытушылық: Балаларға үй жануарларына байланысты тақпақтар мен жұмбақтар айтқызу арқылы тіл байлықтарын дамыту.
Тәрбиелік: Үй жануарларына қамқорлық жасау, ұлттық тәрбие мен еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу.
Әдіс-тәсіл: «шаттық шеңбері», «ой қозғау», «ой шақыру», «сергіту жаттығуы», «жұмбақ жасыру», «анасын тап» ойыны, «сызба әдісін пайдалану».
Алдын ала жүргізілетін жұмыс: Үй жануарлары туралы әңгіме жүргізу.
Ресурстар: Интерактивті тақта, компьютер, видео роликтер.

Қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің қызметі	Балалардың қызметі
Ұйымдастыру-қозғаушылық «Ой қозғау»	Шаттық шеңбері Біздер жақсы баламыз, Өсті ақыл санамыз. Қонақтармен ең алғаш, Амандасып аламыз, Сәлеметсіздер ме!	Балалар шеңберге тұрып, өлең шумағын қимыл келтіре қайталайды.
Ұйымдастыру-ізденістік «Ой шақыру»	-Ал балалар орнымызға отырамыз, бүгінгі оқу қызметіміз «Сөйлеуді дамыту» Тақырыбы: «Үй жануарлары» Балалар қазір жылдың қай мезгілі? Қыс мезгілінде үй жануарлары қайда өмір сүреді? Мына суреттерге назар аударамыз қандай жануарлар бар екен? Жарайсыңдар, балалар өте жақсы жауап бердіңдер. Бұл жануарлардың барлығы үй жануарлары деп аталады екен. Осы үй жануарлары халқымыздың байлығы, берекесі. Осы үй жануарларын асырап, бағып осылардан өзімізге керекті пайдаларды аламыз. Етін жейміз, сүт аламыз, сүттен қаймақ, ірімшік, айран, май, құрт жасаймыз, жүнінен киімдер тоқимыз. Ол үшін біз үй жануарларына қамқорлық жасап, бағып қарауымыз керек. Олар өздігінен өмір сүріп күн көре алмайды екен. Біз оларға не беріп асыраймыз? Бұрынғы ата-бабаларымыз төлдерге арнап өлеңдер, жұмбақтар айтатын болған, сендер төлдер туралы өлең-тақпақтар білесіңдер ме? Кане кім айтады? **Жаннұр:** Құлыншағым құндызым, Құлдырайды шабады, Жылтылдаған жұлдызым, Құстай қанат қағады. **Нұрдәулет:** Мінезім жайлы сиырмын, Байлығымын бір үйдің, Етім дәмді, сүтім бал, Сырымды менің ұғып ал. **Мереке:** Кіп кішкентай момақан, Қошақанды ұнатам, Сүйеді апам қозым деп, Қошақаным өзің деп **Алиарыслан:** Шөре-шөре лағым, Теттек болма шырағым. Секектеме деміңді ал, Селтеңдемей құлағың. **Ықылас:** Айналайын ботам,	Қыс мезгілі. Қорада өмір сүреді. Балалар суреттерге қарайды. Жем, шөп, су береміз. -Иә, білеміз. Балалар тақпақтарын айтады. -Иә.

«Сергіту сәті» Жетекші жөндеуші «Ой жинақтау»	Қандай күлте жотаң. Табандарың жалпақ, Теріп жейсің жантақ. Жарайсыңдар, балалар өте жақсы біледі екенсіңдер! Балалар шаршадыңдар ма? Олай болса бойымызды сергітіп алайық, видеороликке қарап жасаймыз мұқият қарап тұрамыз. Жарайсыңдар, балалар! Бүгін сендер оқу қызметіне жақсы қатысып, сұрақтарға жақсы жауап бердіңдер мен сендерге үлкен алғыс білдіремін. Енді келген қонақтармен қоштасамыз. Қол ұстасып тұрайық, Шеңберді біз құрайық. Көріскенше күн жақсы, Сау-саламат болайық. Сау болыңыздар!	Балалар видеороликке қарап сергіту жаттығуын жасайды. Балалар шеңберге тұрып өлең жолдарын айтып қонақтармен қоштасты.

ҚҰСТАР

НОМАНОВА Малике,
«Қарлығаш» бөбекжай-бақшасының тәрбиешісі.
Қызылорда облысы, Шиелі ауданы

Білім беру саласы: Қатынас
Ұйымдастырылған оқу қызметі: Сөйлеуді дамыту
Мақсаты: Балаларға құстар туралы, олардың пайдасы мен тіршілігі туралы түсінік беру. Балалардың сөздік қорын, ой-өрісін, қызығушылығын дамыту. Құстарды қорғауға, табиғатты сүюге тәрбиелеу.
Көрнекілігі: Құстардың суреттері, дидактикалық материалдар, мультимедия
Билингвалды компонент: Құстар – птицы, табиғат – природа, қарлығаш - ласточка

Әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің қызметі	Балалардың қызметі
Мотивациялық - қозғаушы **Ұйымдастыру – іздестіру**	Шаттық шеңберіне тұрады, сәлемдеседі. Өлең жолдарын айтады. -Қане, балалар, тобымызға қонаққа келген апайлармен сәлемдесейік. Жыл мезгілінің ерекшеліктеріне тоқталу. Соған байланысты сұрақтар қою. -Балалар, табиғат екіге бөлінеді екен. Өлі табиғат және тірі табиғат. Мультимедиядан тірі және өлі табиғатқа не жататындығын көрсету. - Ал, енді мен сендерге жұмбақ жасырамын. Мұқият тыңдаңдар: 1 Түсі қара мақпалдай Төсі ақ сыр жаққандай Ұшса оқтай зулайды Көктен жұлдыз аққандай -Жарайсыңдар, балалар! Жұмбақтың шешуін дұрыс таптыңдар. Қарлығаш – табиғаттың бір бөлшегі, құстардың бірі екен. Қарлығашты адамның досы деп атайды, ол ұясын үйдің ішіне салады, балапандары қашан ұшып кеткенше оның ұясын бұзуға болмайды екен. Құстардың түрлері өте көп. Құстардың адам үшін пайдасы өте көп. Ендеше бүгін сөйлеуді дамыту оқу қызметінде құстармен танысатын боламыз. Құстар, құстар келеді, Даланы әнге бөледі. Көктем келді деп бізге, Жақсы хабар береді. Мультимедиядан құстарды көрсету (үй құстарын және дала	Нұр құшып әлемге Арайлап таң атты Жарқырап күніміз Жер көкті оятты Қайырлы таң, қайырлы күн! -Сәлеметсіздер ме, апайлар? -Қарлығаш Өлең жолдарын қайталатып айтқызады.

	құстарын) -Сендер қандай құстарды білесіңдер? -Құстар нешеге бөлінеді? -Біз құстарға қандай қамқорлық жасаймыз? -Құстар немен коректенеді? Ғажайып сәт: Қарлығаш келеді. -Сәлеметсіңдер ме, балалар? Мені танисыңдар ма? Мен кіммін? -Ой, жарайсыңдар! Мені танитындарыңа қуанып қалдым. Сендердің мен жайлы айтып жатқандарыңды естіп, сендерге қонаққа келдім. Мен туралы не білесіңдер? -Балалар, Қарлығаш – адамның досы екен. Ол туралы біз көптеген ертегілер білеміз. Ал, осы Қарлығаш деген құсты тазалықшы деп атайды. Себебі ол шыбын-шіркейді аулайды.Ұясын өте таза ұстайтын құс екен. Және Қарлығаштың ұшуына қарап ауа-райын болжайды екен. Ашық күндері биіктеп ұшады да, ауа райы жауын-шашынды болар алдында жер бауырлап ұшады. Су үстінен ұшып бара жатып-ақ су іше береді. Ұшып жүріп корегін ұстап жейді. -Жарайсыңдар, енді ойын ойнауға қалай қарайсыңдар? Ойнаймыз ба? Ойынымыздың аты «Не артық?» деп аталады. Мен сендерге ойынның шартын түсіндіріп берейін. (Ойынның шартын түсіндіреді) -Қанекей, бәріміз Қарлығашпен бірге шаршағанымызды басу үшін сергіту сәтін жасап алайық.	Қойылған сұрақтарға жауап береді. -Сәлеметсіз бе? -Сіз құс төресі Қарлығашсыз Қаракат: Адамзаттың жақыны, Қарлығаш та ақылды. Көгершін мен екеуі, Жайлайды бір шатырды. Дидар: Қос қанатын иіп ап, Жарға келіп қонады. Қара киім киіп ап, Балшықтан үй соғады.
Рефлексивті - түзетушілік	Сергіту сәті: Құстар ұшып барады, Көкте қанат қағады. Барлық құстар қосылып, Шиқ-шиқ - деп,ән салады -Балалар, сендердің құстарды қаншалықты жақсы білетіндеріңді байқау үшін ойын ойнайық. Дидактикалық ойын: «Ненің басы? Ненің аяғы?» Дөңгелектенген қағаз бетіндегі құстардың басы мен аяғының суреттері бойынша сағат тілшегі арқылы сәйкестендіреді. (Бүркіт, жапалақ, тырна, торғай) -Балалар, менің қайтатын уақытым болды. Сендер білімді екенсіңдер, құстарды аялауды, оларға қамқорлық жасауды естеріңнен шығармаңдар. Сау болыңдар! -Бәрекелді, балалар! Қарлығаш сендерге риза болып кетті. Ал, енді ойын ойнағыларың келе ме? Ойынның аты «Мысық пен торғайлар» деп аталады. -Балалар, ойын ұнады ма? -Бізге қонаққа кім келді? -Қандай құстармен таныстық? -Құстарға қандай қамқорлық жасаймыз? Бүгінгі үйренген сөздеріміздің орыс тіліндегі айтылуын үйренейік. Құстар – птицы, табиғат – природа, қарлығаш – ласточка. Құстар туралы тыйым сөздер үйренейік: -Құстың ұясын бұзба! Жұмыртқасын жарма! Аққуды атпа! Балаларды мадақтап, оқу қызметін қорытындылау.	-ойнайық Ойынға белсене қатысады. Қимылдар жасайды. Ойынды қызығып ойнайды. -Сау болыңыз! Қойылған сұрақтарға жауап береді. Сөздердің орыс тіліндегі баламасын айтады.

АСЫҚ АТУ. ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕСІ

НУРЖАУБАЕВ Мухтар Султанович,
Шымкент қаласы білім басқармасының
№4 «Энергетика және байланыс»
колледжінің дене тәрбиесі пәні мұғалімі.

Сабақ негізделген оқу мақсаттары	*-білімділік:* Асық ойыны туралы түсінік беру. Ойын ережесін түсіндіру. *-дамыту:* Салауатты өмір салтын жүргізу. Тұлғаның жан-жақты дамуы үшін дене шынықтырумен үнемі айналысып тұруын қамтамасыз ету. Ептілік қасиеттерін дамыту икемділігін, күштерін арттыру. *-тәрбиелік:* Ұлтжандылыққа, жауапкершілікке, әдептілікке тәрбиелеу.
Сабақ нәтижесі	**Оқушылардың барлығы мынаны орындай алады:** Оқулықта берілген және қосымша тапсырмаларды орындайды. Жазба жұмыс жасайды. Сұраққа жауап береді. **Оқушылардың көбісі мынаны орындай алады:** Топтық жұмысты бірлесе орындайды. Өз бетінше жұмыс жасайды. Сұраққа жауап береді. Қосымша үлестірме ресурстармен жұмыс жасайды. **Оқушылардың кейбіреуі мынаны орындай алады**: Оқулықтан тыс берілген қосымша тапсырмаларды орындайды, тақырып бойынша қосымша мәліметтер мен дәлелдер келтіре алады. Өз ой-пікірін нақты айта алады.
Бағалау критерийлері	Жеке, жұптық, топтық тапсырмаларды орындай алады. Бейнежазба бойынша өз пікірін айта алады. Кестемен жұмыс жасауда ерекшеліктері мен маңызын ажырата алады. Нәтижесін салыстырып, талдайды.
Тілдік құзіреттіліктер	**Оқылым:** мәтінмен жұмыс: « » **Айтылым**: мәтінді оқып, талдайды, салыстырады, ажыратады, ерекшелігін айтады. **Тыңдалым**: бейнежазба тыңдап, оған өз пікірін айтып дәлелдейді. **Жазылым**: тірек-сызбамен, кестемен жұмыс жүргізіледі.
Ресурстар	Секундомер, асықтар, ысқырық, суреттер, топқа бөлуге арналған кеспе қағаздар және әртүрлі заттар, топтық тапсырмалар, кері байланыс.
Әдіс-тәсілдер	Сұрақ-жауап, әңгімелеу, түсіндіру, ойын
Құндылықтарды дарыту	«Мәңгілік Ел» - бұл - зайырлы қоғам және жоғары руханият
Пәнаралық байланыс	АӘД, математика, физика, тарих
АКТ қолдану	Презентация (реферат)
Алдыңғы меңгерілген білім	Тоғызқұмалақ

Сабақтың жоспарланған кезеңдері	**Сабақта жоспарланған іс-әрекеттер**	**Ресурстар**
Сабақтың басы **(10 минут)**	**<u>I. Ұйымдастыру кезеңі</u>** 1.Студенттермен сәлемдесу. 2.Студенттердің қатысымын белгілеу. 3.Студенттердің назарын сабаққа аудару. 4.Сабақтың тақырыбы мен мақсаттарын баяндау. **<u>II. Үй тапсырмасын қайталауға арналған сұрақтар.</u>** Тоғызқұмалақ. Қауіпсіздік ережесі Ойын ережесі. Дене тәрбиесі сабақтарында қауіпсіздік ережелері. Адамның дене мәдениеті. Қазақстандағы спортпен дене шынықтырудың даму тарихы. Қазіргі қоғамдағы спорт және дене шынықтыру. Жеңіл атлетика Футбол Волейбол Баскетбол Қол добы Үстел теннисі Гимнастика Тоғызқұмалақ	 Смайликтер, стикерлер

	<u>Жаңа тақырыпты түсіндіру</u> Асық ату Қауіпсіздік ережесі Ойын ережесі. Асық ойыны — *қазақ халқының дәстүрлі ойыны*. Асық ойыны күндіз де, түнде де ойналады. Күндізгісі – *мергендікке*, түнгісі – *ептілікке* баулиды. Иіргенде түскен қалпына қарай асық – ***алшы, тәйке, бүк, шік*** деп, ал атуға арнап арнайы қорғасын құйылып жасалғаны сақа, жақсылары – оңқы деп аталады. Асық ойынының мынадай түрлері бар: ***құмар, тәйке, омпы, алшы, хан*** (*хан ату*), қақпақыл, т.б. Мысалы, құмар ойынға 2-4 адам қатысады. Олардың жақсы жонылып, табаны қайралған төрт асығы болуы керек. Ойыншылар өзара келісіп жеңімпазға жүлде тағайындап алады да кезек-кезек төрт асықты иіреді. Егер иіруші: ***төрт бүк, не төрт шік, не төрт алшы, не төрт тәйке*** түсірсе, жүлденің жартысын алады, төрт асық төрт түрлі түссе, онда тігілген жүлдені түгелдей алады. Осылайша ойын жалғаса береді. Асықты мұртынан не жамбасынан тұрғызуды ***омпы*** дейді. Омпы ойыны тегіс алаңда, жазық жерде, тіпті үлкен бөлме ішінде де ойнала береді. Ойыншы саны неғұрлым көп болса, ойын соғұрлым қызықты өтеді. Мақсат – көп асық ұтып алу. Ойнаушылар арасы *20 қадам* екі көмбе сызады да көмбенің тең ортасына сызық бойына әрқайсысы екі асықтан тігеді. Тігілген асықтардың тап ортасына бір асықты омпысынан тұрғызады. Балалар кезек-кезек сақаларымен он қадам жердегі омпыны атып түсіріп, асық ұтып алуға	 Оқытушы сөзі Тірек-сызба
Сабақтың ортасы **(20 минут)**	кіріседі. Егер атушы *омпыға* бірден тигізсе, онда тігілген бар асықты сол алады, ал омпыға тигізе алмай, тұрған асықтардың біреуіне тигізсе, сол асықты ғана алады. Асық жаңартыла тігіліп, ойын жалғаса береді. Асық ойынының халық арасына кең тараған, басқа да түрлері бар. Жүгіресің, секіресің, көздейсің, тигізесің, ерегісесің, жеңесің, жеңілесің, ұтасың, ұтыласың, асыққа бай боласың, жоқ боласың. Таза бәсеке, таза тәрбие. Өтірігі, арамдығы, жалғандығы жоқ. Болмайды да. Ұлттық тәрбие. Ұлттық ойын. Спорт ойыны, спорттық бәсеке. Шеберлікке, мергендікке, батылдыққа, шешімдікке, ырымға ырысқа-тәрбиелейді.	Бейнематериал (презентация, сілтеме)
Сабақтың аяғы **(15 минут)**	**<u>Сабақты қорытындылау:</u>** 1.Сабақтың мақсаты мен оқу міндеттері орындалды ма? 2.Бүгін студенттер не үйренді? 3.Сабақ қандай деңгейде өтті? 4.Жоспарланған саралау жақсы іске асты ма? 5.Оқу уақыты тиімді пайдаланылды ма?	Студенттердің дәптерлері
	<u>Үйге тапсырма.</u> Асық ату. Қауіпсіздік ережесі Ойын ережесі. Төреші ойын кезінде қандай белгі береді. Тақырыпты қайталау.	Оқулық, интернет-материалдар
	<u>Рефлексия (Кері байланыс)</u> **Сабақ туралы ой толғау** Сабақ ұнады. Қызықты әрі түсінікті болды. Көп жаңа мағлұмат алдым. Сабақтағы белсенділігім орташа болды. Кейбір тұстарды түсінбедім. Сабақ маған түсініксіз болды.	Смайликтер, (стикерлер)

ӨРНЕКТЕРДІ ТҮРЛЕНДІРУДЕ НЕГІЗГІ ТРИГОНОМЕТРИЯЛЫҚ ТЕПЕ-ТЕҢДІКТЕРДІ ҚОЛДАНУ ТАҚЫРЫБЫНА ЕСЕПТЕР ШЫҒАРУ

МАМЫТОВА Кулсин Жумадиллақызы,
№61 Ғ. Мұратбаев атындағы жалпы орта мектебінің математика пәні мұғалімі.
Түркістан облысы, Жетісай ауданы

Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары	9.3.3.5. Негізгі тригонометриялық тепе-теңдіктерді және тепе-теңдікті дәлелдеуге есептер шығара білу.

Сабақтың мақсаттары	**Барлық оқушылар:** Өрнекті тепе-тең түрлендірудің формулалары арқылы есептер шығара біледі.	
	Оқушылардың басым бөлігі: Негізгі тригонометриялық тепе-теңдіктердің қасиеттерін біледі. Бір тригонометриялық функцияның мәні бойынша қалғандарының мәнін тауып, есеп шығара біледі.	
	Кейбір оқушылар: Негізгі тригонометриялық тепе-теңдіктің формулалары мен шығару жолдарын дәлелдей біледі.	
Тілдік мақсат	**Оқушылар:** Негізгі тригонометриялық тепе-теңдіктерді қолданып функцияның мәнін табады. Өрнекті тепе-тең түрлендірудің формулалары арқылы есептер шығару қабілеті дамиды.	
	Негізгі сөздер мен тіркестер: Тригонометриялық өрнектер, тепе-тең түрлендіру, тепе-теңдікті дәлелдеу.	
	Сыныптағы диалог/ жазылым үшін тілдік бірліктер: **Талқылауға арналған тармақтар:** Негізгі тригонометриялық тепе-теңдіктерді өрнектерді түрлендіруге қолдану. **Сіз неліктен ... екенін айта аласыз ба?** Неге 1 мен 2 формулалар негізгі тригонометриялық тепе-теңдіктер деп аталады? 1-6 формулалар көмегімен бір тригонометриялық функцияның берілген мәні бойынша қалған тригонометриялық функциялардың мәнін есептеуге болама? **Жазылым бойынша:** Ережелер, есептер шығару:	
Құндылықтарды дарыту	Қазақстанның тәуелсіздігі және Астана «Қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік», «құрмет», «ынтымақтастық», «еңбек пен шығармашылық», «ашықтық», «өмір бойы білім алу» сияқты білім берудің басты құндықтарды оқушыларға дарыту.	
Пәнаралық байланыс	Тарих, биология, география	
АКТ қолдану дағдылары	Интербелсенді тақта, презентация	
Алдыңғы білім (меңгерген дағдылар)	1.Тригонометриялық функциялардың таңбалары. 2.Тригонометриялық функциялардың жұптылығы мен тақтылығы. 3. Тригонометриялық функциялардың периодтылығы	
Жоспар		
Жоспарланған уақыт	**Жоспарланған жаттығулар** (төменде жоспарланған жаттығулармен қатар ескертпелерді жазыңыз)	**Ресурстар**
Басталуы: 2 минут 2 минут	**Ұйымдастыру кезеңі:** Оқушылармен сәлемдесу, сыныпты сабаққа дайындау. **Топқа бөлу:** I топ «I ширек», II топ «II ширек», III топ «III ширек» («Менің сүйікті түстерім». Білім алушылар өздеріне ұнаған түстер арқылы топқа бірігеді) **Тренинг:** Күн шуағы шашылады әрқашанда кім үшін?... Ағаларың күзетеді ел тыныштығын кім үшін?... Әлди әні айтылды сәби шақта кім үшін?...	Сары, көк, қызғылт түсті қима-қағаздар
3 минут	Жаңа мазмұн бағдарлама келер жылы кім үшін?... Сынып бөлмелері үлкен, әрі жарық болуы кім үшін?... **Үй тапсырмасын пысықтау:** «Сәйкестендіру» әдісі арқылы үй тапсырмасын сұраймын. **Дескриптор:** -тригонометриялық функциялардың ширектегі таңбаларын анықтайды; -негізгі тригонометриялық тепе-теңдіктерді қолданады; -өрнектің мәні α-ға тәуелсіз болатынын көрсетеді; -өрнектің ең үлкен мәнін табады;	Интербелсенді тақта А4 формат
Ортасы: 10 минут	**Мұғалім оқу материалын қосымша ресурстар арқылы түсіндіруді ұйымдастырады.** **Оқушы рефлексиясы:** «Бармақ» әдісі бойынша. **Тапсырма №1. «Таза тақта» әдісі.** (оқушылар оқулықпен жұмыс жасайды) №425 (2,4) №428 (2,4) №429 (2,4,6) №433 (2,4) **Дескриптор:** -негізгі тригонометриялық тепе-теңдіктерді қолданады; -қысқаша көбейту формуласын пайдаланады; -тригонометриялық функциялардың 30^0; 45^0; бұрыштағы мәндерін	Оқулық, интербелсенді тақта, негізгі тригонометриялық тепе-теңдіктер

	қолданады; -өрнектерді ықшамдайды; -тригонометриялық өрнектің мәнін есептейді; **Оқушы рефлексиясы:** «Плюс-минус-қызықты» әдісі бойынша **Бейнеролик:**	
Аяқталуы 3 минут	**Үйге тапсырма: №429, 434** **Кері байланыс: «Ұшақ» әдісі** (оқушылар ұшақ қанатына смайлик бейнелерін түсіріп аспанға ұшылады). Мұғалім жалпы сабақ барысына, оқушылардың жұмыстарына талдау жасайды, жұмыс орны жинастырылады.	Қағаздан жасалған ұшақтар

Фосфор және оның қосылыстары

МЫНЖАСАРОВА Ұлжан,
А.Үсенов атындағы жалпы орта мектебінің химия пәні мұғалімі.
Түркістан облысы, Кентау қаласы

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	9.3A (VII),(VI),(V),(IV)-топ элементтері және олардың қосылыстары.	
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары	9.2.1.22-фосфордың аллотропиялық түрөзгерістерін салыстыру; 9.4.2.2-фосфор қосылыстарының Қазақстандағы кен орындары; 9.2.1.23-фосфор және оның қосылыстарының жалпы химиялық қасиеттерін түсіндіру.	
Сабақтың мақсаттары	**Барлық оқушылар:** -Фосфордың аллотропиялық түрөзгерістерін біледі, кристал тор түрлерін ажырата алады. **Оқушылардың басым бөлігі:** Фосфор және оның қосылыстарының қолданылу салаларына мысалдар келтіре отырып түсіндіре алады. **Кейбір оқушылар:** Фосфор қосылыстарының химиялық қасиеттерін сипаттайтын реакция теңдеулерін жаза алады.	
Бағалау критерийлері	Фосфордың аллотропиялық түрөзгерістерін сипаттайды, фосфор қосылыстарының Қазақстандағы кен орындарын, қолданылу салаларын айтады, фосфор қышқылының химиялық қасиеттерін сипаттайтын реакция теңдеулерін жазып түсіндіреді.	
Тілдік мақсаттар	Пәнге тән лексика мен терминология: Фосфордың аллотропиялық модификациялары: ақ фосфор, қызыл фосфор, қара фосфор, апатиттар, фосфориттер.	
Құндылықтарға баулу	Құндылықтарды дарыту қоршаған ортаны қорғауға оқушының көзқарасы арқылы/көмегімен жүзеге асады.	
Сабақтың барысы		
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	**Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет**	**Ресурстар**
Сабақтың басы 2минут 3 минут	Ұйымдастыру 1.Оқушылармен сәлемдесу. 2.Сыныпта ынтымақтастық орта қалыптастыру. 3.Топқа бөлу (түстер арқылы 3 топқа бөлу). **Білу: Үй тапсырмасы «Қарлы кесек» ойыны** 1.V-топтың негізгі топшасына қандай элементтер кіреді? 2.Аммиактың физикалық қасиетін сипаттаңыз. 3.Азоттың табиғаттағы айналымы қандай процестер арқылы жүзеге асады? 4.Азоттың химиялық белсенділігі неліктен төмен болады? 5.Азот қышқылының судағы ерітіндісі күшті электролит. Индикатордың түсі қалай өзгереді? 6.Азот қышқылы қандай заттармен реакцияға түседі? 7.Азот қышқылының қандай ерекше қасиеттері бар? 8.Азот қышқылы қандай металдармен реакцияласпайды?	**Кеспе қағаздар, маркер, стикерлер** **«Қарлы кесек»**

1 минут	9.Көп кездесетін 3 нитратты атаңыз? **Слайд: Оқушылар сабақ тақырыбын болжайды.** 	**Сіріңке қорабы**
Сабақтың ортасы 4 минут 5 минут 5 минут	**Түсіну:** **«Жасырын сөздерді тап»** 1.Азоттан ерекшелігі – фосфор .... 2.Фосфордың маңызды табиғи .... – фосфориттер мен апатиттер. 3.Ересек адамның организмінде .... фосфор болады. 4.Ауада ақ фосфор оңай тотығады және қараңғыда .... 5.Фосфорды қыздырғанда .... фосфориттер түзеді. 6.Фосфор қосылыстарда .... көрсетеді. Дескриптор: - жасырын сөздерді табады. - көп нүктенің орнына қойып сөйлемдерді толықтырып айтады. **«Бейнеролик» Фосфордың оттекте жануы** **Қолдану:** ***«Сәйкестендіру»*** 1.PH_3 Кальций фосфаты 2.$Ca_3(PO_4)_2$ Фосфин 3.Ag_3PO_4 Натрий гидрофосфаты 4.Na_2HPO_4 Күміс фосфаты Дескриптор: *- формуланы атауымен сәйкестендіреді.*	 **Слайд** **Интернет материалдары** **Маркер, стикер, постер**
Сабақтың соңы 5 минут 4 минут	**Қорытынды «STOP-кадр»** Фосфор және оның қосылыстарының тіршілік үшін, адам өмірінде қандай маңызы бар екеніне дәйек келтіре отырып түсіндіріңдер. Үй тапсырмасы: №5 есеп	***Түрлі-түсті қалпақтар, смайликтер, стикер***

Дос таңдай білу

НҰСҚАБАЕВ Жақсылық Мұсабайұлы,
№11 «Жеңіс» мектеп-гимназиясының
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.
Түркістан облысы, Жетісай ауданы

Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары	7.1.3.1.Тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, ұсынылған ақпарат бойынша факті мен көзқарасты ажырата білу: 7.4.2.1.Сөйлеу тіліндегі интонация, кідіріс, логикалық екпіннің мәнін түсініп қолдану.
Сабақ мақсаттары	**Барлық оқушылар орындай алады:** тақырыпты біледі, тақырып мазмұнын түсінеді және стратегияларды қолданады.

	Оқушылардың көпшілігі орындай алады: мәтін мазмұнын талдайды, тақырыпқа байланысты қосымша ақпарат жинақтайды.	
	Кейбір оқушылар орындай алады: тірек сөздер мен жетекші сұрақтар арқылы мәтіндегі негізгі ойды анықтайды, тақырыпқа байланысты өз пікірлерін білдіреді.	
Тілдік мақсат	**Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер:** дос, дос таңдау, еліктеу сөздер, еліктеуіш сөздер, бейнелеуіш сөздер, шылау, факт пен көзқарас.	
Бағалау критерийлері	**«Табыс» критерийлері:** 1.Оқылым мәтінінің тақырыбын біледі, мазмұнын түсінеді; 2.Берілген оқылым мәтінінің ішінен факт пен көзқарасты ажыратады; 3.Еліктеу сөздерді қолданып, тақырыпқа байланысты сөйлемдер құрастырады.	
Құндылықтарды дарыту	Балаларды сын тұрғысынан ойлана білуге, «Ұлттық құндылығымызды» сақтауға, құрметтеуге тәрбиелеу.	
Пәнаралық байланыс	Сабақ тарих, орыс тілі, әдебиет, ағылшын тілі пәндерімен байланысады.	
АКТ қолдану дағдылары	Сабақ барысында интерактивті тақтаны қолданамын.	
Бастапқы білім	§29.Сүйіспеншілік – жаны ашу, аяушылық	
Сабақ барысы		
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	**Сабақта жоспарланған іс-әрекет**	**Ресурстар**
Сабақтың басы	1.**«Құбыр»** тренингімен психологиялық ахуал қалыптастырамын. 2.Үй тапсырмасын жаңа сабақпен ұштастыра отырып, **«Көңілді микрофон» әдісі** бойынша сұхбат түрінде жүргіземін. 3.Жаңа сабақтың тақырыбы және оқу мақсаттарымен таныстырамын. 4.«Табыс» критерилерімен таныстырамын.	Парақшалар Микрофон
Сабақтың ортасы	*Сөздікпен жұмыс: дос таңдау - выбрать друга - select a friend. *Оқылым **1-тапсырма.** Оқулықта берілген мәтінді интонациямен оқып, мәтіннің жалпы мазмұнын **«Кластер» әдісі** бойынша түсіндіреді. Дескриптор: 1.Мәтінді интонациямен оқиды - 1 балл; 2.Мәтін ішінен факті мен көзқарасты ажыратып, мысал келтіреді - 1 балл; 3.Оқылым барысында ым-ишараларды орнымен қолданады - 1 балл. *Ойтүрткі **«Ыстық доп» әдісі** бойынша оқушыларға сұрақтар қою арқылы мәтіндегі негізгі ойды анықтаймыз. Дескриптор: 1.Сұрақтарға ашық, өмірмен байланыстырып жауап береді - 2 балл; 2.Сұрақтарға қысқа әрі жабық түрде жауап береді - 1 балл. *ӘТН **2-тапсырма.** Берілген сөйлемдердің мазмұны негізінде құрамына шылау мен еліктеу сөздерді қатыстырып, қысқаша мәтін құрастырады. Дескриптор: 1.Шылау мен еліктеу сөздерді қатыстырып, шағын мәтін жазады - 2 балл; 2.Тек шылауды немесе еліктеу сөзді ғана қатыстырып, шағын мәтін жазады - 1 балл. *Сергіту сәті: **«Жағдаяттық тапсырма».** Соңғы кездері досың ата-анасына: «Үйірмеге барамын», - деп, компьютерлік клубқа жиі баруды әдетке айналдырып жүр. Досыңды ренжітпестен, қателігін	Флипчарт, маркерлер мен стикерлер Доп

	қалай айтар едің? *Жазылым	А4 парақтары,
	3-тапсырма. Доска тән қасиеттер туралы өз ойлары мен идеяларын 2 минут ішінде жазып, **«Жазбаша дөңгелек үстел» (Раундробин)** тәсілі бойынша бір-бірінің ойларын әрі қарай жалғастырып айтады. **ҚБ** жүріп отырады. Дескриптор: 1.Тақырыпқа байланысты бір сөзді қатесіз жазады - 1 балл.	маркерлер
Сабақтың соңы	Кері байланыс: **«Таразы».** Үй тапсырмасы: 5-тапсырма. Достық туралы мақал-мәтелдерді қатыстырып, сабақта қарастырған мәселеге байланысты достарына хат жазып келу. Бағалау: Күлегештер арқылы қалыптастырушы бағалау жүргізу.	Кері байланыс плакаты, стикер Ашық журнал және өзін-өзі бағалау парақшалары

Қысқаша көбейту формулаларының көмегімен өрнектерді түрлендіру

ШАИМОВ Нурлан Жексембаевич,
Абай атындағы №5 жалпы орта мектебінің математика пәні мұғалімі.
Түркістан облысы, Кентау қаласы

Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары	7.1.2.14 тиімді есептеу үшін қысқаша көбейту формулаларын қолдану; 7.2.1.14 алгебралық өрнектерді қысқаша көбейту формулалары арқылы көбейткіштерге жіктеу; 7.2.1.15 қысқаша көбейту формулалары арқылы алгебралық өрнектерді тепе-тең түрлендірулерді орындау.
Ойлау дағдыларының деңгейлері	Білу, түсіну, қолдану.
Сабақ мақсаттары	- Қысқаша көбейту формулаларын біледі және қолдана алады; - Қысқаша көбейту формулаларын шығарады; - Қысқаша көбейту формулаларын өрнектерді көбейткіштерге жіктеу кезінде қолдана алады.
Бағалау критерийі	Тиімді есептеу үшін қысқаша көбейту формулаларын қолданады; Алгебралық өрнектерді қысқаша көбейту формулалары арқылы көбейткіштерге жіктейді; Қысқаша көбейту формулалары арқылы алгебралық өрнектерді тепе-тең түрлендірулерді орындайды;
Қолданылатын әдіс-тәсілдер	Сұрақ-жауап, сәйкестендіру тесті, оқулықпен жұмыс, топтық жұмыс, рефлексия
Тілдік мақсаттар	**Оқушылар:** - қысқаша көбейту формулаларын ауызша тұжырымдай біледі; - ауызша тұжырымдалған қысқаша көбейту формулаларын жаза біледі; - көпмүшені көбейткіштерге жіктеу тәсілінің таңдалуын дәйектейді; - көпмүшені көбейткіштерге жіктеудің орындалуын түсіндіреді.
	Негізгі сөздер мен тіркестер: қысқаша көбейту формулалары; екі өрнектің квадраттарының айырмасы; екі өрнектің қосындысының квадраты.

	Сыныптағы диалог\жазылым үшін пайдалы тілдік бірліктер: - екі өрнектің квадраттарының айырмасы ... тең; - екі өрнектің қосындысының (айырмасының) квадраты ... тең; - екі өрнектің қосындысының (айырмасының) кубы ... тең; - екі өрнектің кубтарының қосындысы (айырмасы) ... ; - ортақ көбейткішті жақша сыртына шығару үшін ... ; - коэфициенттердің ең үлкен ортақ бөлгіші; - берілген өрнекті ... түрінде жазуға болады; - көпмүшені көбейткіштерге жіктеу үшін ... ; - егер ... болса, онда көпмүшелердің көбейтіндісі нөлге тең; - көпмүшенің ... бар мүшелерін (өрнекті) бірге топтаймыз; - берілген көпмүшені көбейтінді түріне келтіру үшін ... қолданамыз; - берілген өрнектен қосындының (айырманың) квадратын бөліп алу үшін ... ;		
Құндылықтарды баулу	Құрмет, ынтымақтастық, оймен ашық бөлісу. Құндылықтарды дарыту топтық жұмыс арқылы жүзеге асады.		
Пәнаралық байланыс	Ағылшын тілі, сурет, тарих		
Алдыңғы оқу	Бірмүшелер мен көпмүшелерге амалдар қолдануды біледі.		
Сабақ барысы			
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	**Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері**		**Ресурстар**
Сабақтың басы 8 минут	2 мин 6 мин	**Ұйымдастыру.** Оқушылармен амандасып, сабаққа қатысты құрал-жабдықтарын дайындап, зейіндерін сабаққа аудару. Оқушыларды санақ бойынша 4 топқа бөліп, топ мүшелері міндеттерімен таныстырамын. **Үй жұмысын сұрау.** Үй жұмысын «Әлемнің 7 кереметіне саяхат жасау» арқылы сұраймын. Әр кереметтің артқы бетінде формулалар жасырылған. Оқушылар өздері көргілері келген кереметті таңдау арқылы шыққан формуланы тақтада жазады, ережесін айтады. Сұрақтар. 1. Екі өрнектің кубтарының айырмасының формуласы. 2. Екі өрнектің қосындысының квадратының формуласы. 3. Екі өрнектің айырмасының квадратының формуласы. 4.Екі өрнектің қосындысы мен айырмасының квадраты. 5.Екі өрнектің квадратының айырмасының формуласы **Дескриптор:** 1. Екі өрнектің кубтарының айырмасының формуласын біледі. 2. Екі өрнектің қосындысының квадратының формуласын біледі. 3. Екі өрнектің айырмасының квадратының формуласын біледі. 4.Екі өрнектің қосындысы мен айырмасының квадратын біледі. 5.Екі өрнектің квадратының айырмасының формуласын біледі.	Оқулық 7 сынып А4 парағы интернет Слайд көрсетілімі
Сабақтың ортасы 30 минут	22 мин	**Оқулықпен жұмыс.** №5.129 Көбейткіштерге жіктеңдер: 1.х(а-в)+у(в-а)=х(а-в)-у(а-в)=(х-у)(а-в) 3.2m(х-у)-у+х=2m(х-у)-(у-х)=2m(х-у)+(х-у)=(х-у)(2m+1) **Дескриптор:** -формуланы қолданады; -көбейтіштерге жіктейді; №5.130.Көбейткіштерге жіктеңдер. 1.$2x^2+4xy+2y^2$=$2(x^2+2xy+y^2)$=$2(x+y)^2$ 3.$3a^2-6a+3$=$3(a^2-2a+1)$=$3(a-1)^2$ 5.$2xy^2-4xy+2x$=$2x(y^2-2y+1)$=$2x(y-1)^2$ **Дескриптор:**	Оқулық, жұмыс дәптері Bilimland №3 тапсырма №6 тапсырма №7 тапсырма

	8 мин	-формуланы қолданады; -көбейтіштерге жіктейді; Bilimland сайтынан есептер алынады. Ортақ көбейткіш түріндегі екі мүшеге есептер; Топтау тәсіліне есептер; Көпмүшені көбейткіштерге жіктеуге есептер; Айлаға есептер; Үйге тапсырма № 5.129 есеп (2,4) №5.130 есеп (2,4,6) № 5.137 есеп (2,4,6,8)	№11 тапсырма
Сабақтың соңы 2 минут	2 мин	**Рефлексия**  	Поезд рефлексиясы

ЕЖЕЛГІ КӨШПЕЛІЛЕРДІҢ МАТЕРИАЛДЫҚ МӘДЕНИЕТІ

КЕНЖЕГУЛОВА Шакизада Кулмановна,
№83 А.Байтұрсынов атындағы жалпы орта мектебінің
тарих пәні мұғалімі.
Түркістан облысы, Сайрам ауданы

Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	5.2.2.6 Көшпелілердің әлемдік өркениетке қосқан үлесін түсіну.
Сабақ мақсаты	1.Оқушыларға көшпелілер өмірінен деректер беру, киіз үйдің ерекшеліктерімен таныстыру. 2.Оқулық пен қосымша деректерді пайдалануға, өз ойларын еркін айтуға, өз пікірлерін қорғап әдеби тілмен сөйлеуге дағдыландыру. 3.Ұлтжандылыққа, батылдыққа, бірлікке, туған жерін, елін сүюге тәрбиелеу.
Бағалау критерийлері	**Білу және түсіну:** көшпелілердің әлемдік өркениетке қосқан үлесін түсіндіре алады; **Сыни ойлау мен талдау:** киіз үйдің маңызына дәлел келтіре алады.
Тілдік мақсаттар	• Түрлі ақпарат көздерінен мәлімет алады, тұжырым жасайды, пікір алмасады (оқылым, тыңдалым, айтылым дағдылары). • Деректердің мазмұнын түсінеді, тарихи интерпретация жасай алады (оқылым және жазылым дағдылары). • Бейнематериалды көріп, оның мәнін талқылау (тыңдалым және айтылым дағдылары). • Тыңдаған бейнематериалды жазбаша мазмұндау (жазылым дағдылары). • Көшпелілер баспанасының ерекшелігі неде? деген сұрақ төңірегінде талқылау жүргізе алады (айтылым дағдысы). **Пәнге тән лексика мен терминология:** Темір дәуірі, кезең, ел, көшпелі мал шаруашылығы, баспана, әлемдік өркениет, материалдық мәдениет. **Диалог пен жазу үшін пайдалы сөздер мен тіркестер:** Біздің анықтағанымыз... Қорытындысында... Менің ойымша... Келесі себептер/факторлар... Көшпелілер баспанасының ерекшелігінде мына себеп маңыздырақ болды, өйткені…

Құндылықтарды дарыту	Ежелгі көшпелілердің материалдық мәдениеті тарихына құрмет пен ұлттық сана-сезімді қалыптастыру. Топтық тапсырмаларды орындау арқылы мәселені ынтымақтасып шешуге тәрбиелеу.
Пәнаралық байланыс	Дүниежүзі тарихы, қазақ тілі, музыка.
АКТ қолдану дағдылары	Ғаламтордың көмегімен ақпараттарды анықтап, қажеттісін сұрыптай алады.
Бастапқы білім	Ежелгі көшпелілердің материалдық мәдениеті, көшпелілер баспанасының тарихы туралы білімі болуы.

Сабақтың жоспарланған кезеңдері	**Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет**	Ресурстар
Сабақтың басы **10 минут** **«Қызығушылықты ояту» кезеңі**	I.**Ұйымдастыру** - Сәлеметсіздер ме, балалар. Отырыңыздар. - Оқушылар назарын сабаққа аудару. 1.«Шаттық шеңбер» бір-біріне тілек тілеу. Оқушылар сабақты бір-біріне жылы сөз айтып, жаңа сабақты меңгеру барысында көңіл-күйлерінің жақсы болуына тілек білдіреді. - Балалар, қазақ халқында мынадай сөз бар «Жылы сөз жанға қуат береді» дейді. Ендеше бүгін сабағымызды бастамас бұрын бір-бірімізге жылы сөз айтып, бүгінгі күнге жақсы тілек айтып бастайық. **Сұрақ-жауап** (миға шабуыл): 1.Темір дәуірі неше кезеңнен тұрады? 2.Тарихтағы дәуірлердің атауы нені білдіреді? 3.Тарихта еңбек құралдарын жасаудың адам өмірінде қандай маңызы болды? 4. Көшпелі мал шаруашылығы дегеніміз не? 5. Көшпелі мал шаруашылығының пайда болуының негізгі себептері. 6. Ат әбзелдерін атаңдар. 7. Ежелгі адамдардың баспанасы не болған деген тәрізді сұрақтар қойып әңгімелесу, тақырып бойынша не білетіндерін нақтылау. ҚБ. Мадақтау (смайлик тарату)	Тренинг «Жүректен шыққан жылы сөз». (Миға шабуыл)
Сабақтың ортасы	Ой шақыру стратегиясы. Жұмбақ шешкізу:	Презен-тация
25 минут **Мағынаны тану кезеңі**	Төбедегі көзінен Күн сәулесі түседі Бұрышы жоқ төрінен Самал еркін еседі (киіз үй) Жаңа сабаққа шығу, жаңа сабақтың тақырыбын, зерттеу сұрағын, мақсаты мен бағалау критерийлерін таныстырамын. **Бейнематериал көрсету.** (Сұрақтар қойып, көшпелілердің тіршілігіндегі ең аса құнды, қазақ халқы үшін өмір салты мен әдет-ғұрпының, дүниетанымының, сан ғасырлық мәдениетінің жарқын айғағы киіз үй туралы түсінік беру) **-** киіз үй туралы не білесіңдер? - неге киіз үй деп аталады? - көшпелілер баспанасының ерекшелігі неде? **Дескриптор:** - киіз үй туралы түсіндіреді; - киіз үйді сипаттайды; - көшпелілер баспанасының ерекшелігі неде анықтайды. **Зерттеу және талдау. Киіз үй -** көшпелі өмірге бейімделген, ерте заманнан келе жатқан көшпелілер баспанасы. Еуразия далаларындағы жартылай көшпелі және отырықшы халықтардың арасына кеңінен тараған. Көшіп-қонуға лайықты жасалады, түйе мен атқа тиеу арқылы жеңіл көшіріледі, оның киіз туырлықтары мен үзіктерінен жауын өтпейді. Ыстық күнде киіз үй салқын болса, қысты күні керегесін екі қабат киізбен қаптап, ошақ жағып, жазға дейін отыра беруге болады. Киіз үй - өзіндік баға жетпес өнер туындысы, қазақ халқы үшін өмір салты мен әдет-ғұрпының, дүниетанымының, сан ғасырлық мәдениетінің жарқын айғағы. Көшпенділердің кіші әлеміне айналған киіз үй олардың өмірінің көп бөлігі өтетін дәстүрлі тұрақты мекен-жайы болған. Сергіту сәті «Көңілді күй» әнімен.	Бейне-мате-риал «Киіз үй» (Блум токсоно-миясы) Презен-тация «Көңілді күй» әні
	Интерпретация Көшпелілер баспанасының ерекшелігі неде? Сауалына жауап алу арқылы сабақты қорытындылаймын. 1.Көшпелілердің баспанасы қалай аталады? 2.Киіз үйдің құрылысын атаңдар. **Сабақты бекіту.** **«Бес жолды өлең құрастыру»**	(Миға шабуыл)
Сабақтың соңы **5 минут**	Сабақта алған білімі бойынша сабақ мақсаттарына оралып, өздерінің прогресін бағалату. **Қорытындылау**: (Эссе технологиясы) Мына ойды жалғастыр. **Егер мен киіз үйде тұрсам...** **Үйге тапсырма беру:** Киіз үй туралы қосымша мәлімет жинау. **Рефлексия**: Сабақтың соңында оқушылар рефлексия жасайды: **Ұнады; Ұнаған жоқ; Ұсыныс.**	(Эссе техноло-гиясы) Рефлек-сия

АСҚАБАҚ

БҰРХАН Айша,
№28 "Мақташы " жалпы орта мектебінің оқушысы.
Жетекшісі: бастауыш сынып мұғалімі ҚАСЫМБЕКОВА Күнсұлу
Түркістан облысы, Келес ауданы

Асқабақ шөптесін өсімдік. Қос жарнақты бір және көп жылдық шөптесін өсімдіктер. Кейде бұта не кішігірім ағаш түрінде өседі. Асқабақтың Қазақстанда 9 туысы, оның ішінде қауын, қарбыз, асқабақ, қияр, сәнқабақ (люффа) бар. Асқабақ қолдан егіледі, ал атпақияр, итжүзім, қоңыраусары жабайы түрде өседі. Асқабақтың ұзын шырмалғыш сабақтарының ұшында дара не айыр мұртшалары болады. Тұтас не салаланған дара жапырақтары сабаққа кезектесе орналасады. Гүлдері сарғылт, кейде жасыл түсті гүл шоғырын құрайды немесе жапырақ қолтығына жекелене орналасады. Асқабақ тұқымдастары - дара жемісті, бір және қос үйлі, айқас тозаңданушы өсімдіктер. Жемісі - жалған жидек немесе қауашақ, олардың салмағы кейде 100 килограмға жетеді. Тұқымдары етті, жалпақ тұқым жарнақтарынан тұрады. Кейбір түрлерінің тұқымдарынан тағамдық және техникалық май алынады, ал кейбір түрлерінен арнайы ыдыстар (ожау, т.б.) жасалынады. Мускатты асқабақтың тропикалық аудандардың жылы және ылғалды климатына бейімделген сорттары бар, олардың жемістерінде қанттың мөлшері аса жоғары болады. Пісіп-жетілген дәндерінде 52% дейін май болады, БОР-дың территориясында Кавказда және Орта Азия мен Қазақстанда өсіріледі. Кәдімгі асқабақтың жемісінің формасы мен мөлшері және түсі көп өзгеріп отырады. Ол жыл санауға дейін 3000 жыл бұрын Мексикада мәдени дақыл ретінде өсіріле бастаған. Қазір кәдімгі асқабақ еліміздің барлық аумағында өсіріледі. Кәдімгі асқабақтың сан алуан іріктемелері (қауақ, бәлішқауақ) бар. Асқабақ тұқымдастар азықтық, дәрілік және техникалық мақсатта өсіріледі. Асқабақтың пайдасы және емдік қасиеті. Денсаулыққа пайдасы. Асқабақ әсіресе асқазаны ауыратындарға таптырмайтын дәрі. Сонымен бірге жүрегі әлсіздерге, түрлі аурудан жүдеп, шаршағандарға қуат беретін бірден-бір пайдалы ас. Асқабақтың ішіндегі жұмсақ жерін, яғни «етін» күйген денеге таңуға да болады. Мұны дәрігерлер де мақұлдайды. Отқа, ыстық суға күйіп қалғандар үй жағдайында асқабақтың сары етін алып таңса болғаны. Асқабақ көру қабілеті нашарлағандарға, қаназдықтан жапа шегетіндерге көмек бере алады. Құрамындағы жасанды талшықтың арқасында артық салмақтан арылғысы келетіндер үшін де таптырмайтын ем. Несеп айдаушы, қабынуға қарсы, өт айдағыш қасиеті бар және де паразиттерді жояды. Құрамында жасанды талшық, ақуыздар, каротин, кальций, темір, магний, фосфор және А, В1, В2, РР және С дәрумендері, ағзадағы зат алмасу процесін жеделдететін Т және қанның ұюына ықпал ететін К дәрумендері, калий, кальций және темір бар. Құрамында дәрумендердің көптігінен болар, ол мың бір ауруға ем боларлық көкөніс деп есептеледі.

Асқазаныңыз қыжылдаса…

1. Егер дәрігерлік тексерулер сіздің асқазаныңызда қышқылдың жоғары екенін анықтаса, асқынудың алдын алу үшін кәдімгі араның балын пайдаланыңыз. 30-35 грамм балды стакандағы жылы суға салып ерітіп, тамақ ішуден 1,5-2 сағат бұрын, болмаса тамақ ішіп болған соң 3 сағаттан кейін ішіңіз. Бал қосылған суды күніне 3 рет ішесіз. Бірақ есіңізде ұстаңыз, бұл емді қабылдап жүргенде басқа тәттілерді қолданбау керек. Егер асқазан қышқылы тым жоғары болса, балды суды таңертең ішіп, оған мүмкіндігінше сүзбе, болмаса сүт қосу керек.

2. Кәдімгі картоптың сөлін сығып алыңыз да стаканның төрттен бір бөлігін толтырып тамақ ішуге жарты сағат қалғанда күніне үш рет ішіңіз. Күн өткен сайын бұл мөлшерді көбейте беруге болады. Емделу мерзімі 4-5 апта. Асқазандағы қыжыл қайтады. 3. Асқазандағы қышқылды тауық жұмыртқасының ақуызы айтарлықтай қалпына келтіре алады. Жұмыртқаның ақ бөлігін тамақтың алдында салқындатылған қалпында ішеді. Асқазан аурулары асқынғанда тауық жұмыртқасының белогынан буға пісіріліп дайындалған амлет аса пайдалы.

Ежелгі Грек және Рим тұрғындары кепкен асқабақтарды сұйықтықтар құятын ыдыс ретінде қолданған. Орыстардың 1926 жылы жасаған экспедициясының нәтижесінде жабайы асқабақтар Африканың солтүстігіндегі мекендерден табылған екен. Ғалымдардың болжамы бойынша, асқабақтың отаны – Африка. Ол күллі әлемге сол жерден таралған. Асқабақ ағзаны шлактан тазартып, зат алмасуды тұрақтандырады. Несеп жыныс жүйесінің көптеген ауруларын емдеуге көмектеседі. Несеп айдаушы, қабынуға қарсы, өт айдағыш қасиеті бар және де паразиттерді жояды.

Демек дәрумендерге өте бай асқабақтың отаны Африка. Десек те асқабақ тек шет елдерде емес, біздің мемлекетімізде де қолданыста, себебі оның құрамында денсаулыққа пайдалы түрлі дәрумендер, ақуыз майлар болып иммунитетті көтереді түрлі паразиттен ауруларды, көз ауруларын, асқазан ішек жолдары ауруларын емдеп, ағзаны шлактардан тазартады. Құрамында көптеген металл, иондары болғандықтан, ол мың бір ауруға ем, түрлі пайдалы тағамдарды біріктіріп пісіру арқылы ағзаны комплексті емдейді.

Қазақ тілі - мәңгілік тіл

ЖҰМАБЕК Ерасыл,
№62 Нәзір Төреқұлов атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің 10 «Ә» сынып оқушысы.
Жетекшісі: қазақ тілі пәні мұғалімі БИМБЕТОВА Роза Жаксибековна.
Шымкент қаласы

Отан… Осы бір қасиетті ұғымның біздің халқымыз үшін мағынасы өте тереңде. Еліміздің Отан болып қалыптасуы жолында халқымыздың даналығы, ерлігі, қайтпас қайсарлығы жатыр емес пе? Қазақ елі талай қиын қыстау кезеңдерден өтіп, бүгінгі күні әлем таныған, терезесі ешкімге тең келмейтін жеке тәуелсіз мемлекет атанып отыр. Бірақ, бұның бурливы бізге ақ пейілді аналарымыздың көз жасы мен ержүрек батыр азаматтарымыздың бағасына татиды. Менің Отаным - тәуелсіздігі тұғырлы киелі қазақ жері. Киелі қазақ жерінің түпкіріндегі орны ешнәрсемен сараланбайтын шағын ғана Малтабар атты ауылым. Менің шырылдап дүние есігін ашқан жерім де, өскен жерім де осы шағын ауылмен тікелей байланысты. Менің – отанымның кішкентай бір бөлшегі. Яғни, әркімге өзінің туып өскен жері, кішкентай отаны. Осы кішкентай Отаныммен үлкен отанымның амандығы, бірлігі мен үшін өте маңызды. Мен үшін Отан – жер бетіндегі жан азығыммен өмір мәнінің түйіскен бұрышы деп білемін. Дархан даламызды Алаштың айбынды азаматтары көздің қарашығындай сақтап, келер ұрпақтың жарқын болашағына жол салып берді. Отанымыздың алып мемлекет атануына септігін тигізген азаматтардың үлестерін жадымызда сақтау кімге де болсын парыз әрі міндет. Бірақ осы міндетін ұмытқан оты сөнген жандар да баршылық. Олардың адам деген атты құр алып жүруге қалайша намыстары жібереді десеңізші? Менің ойымша, нағыз отанына деген патриот, «адам деген атты құр алып жүрмей, шын мәнісінде адам» атануға тиісті. Яғни олардың отанға деген сонымен қоса, отанмен бірге өзінің тағдырына да салғырттығы. Мұзбалақ ақын Мұқағали атамыз жырлағандай үш бақыттың тіпті болмаса біреуін болсын қадірлесе, қазақ азаматы ретіндегі жүрегінде отанына деген патриоттық сезімі болса, онда ата-баба рухы бізге мәңгіге ризашылығын білдіретіні сөзсіз. Олардың көз жасы мен қанының зая төгілмегендігінің белгісі деп білемін. Еліміздің жарқын болашағы үшін жеке мемлекет болуына үлес қосқандар да аз емес. Олардың есімдері мәңгіге халық жадында сақталмақ. Айта кетер болсам, Ереймен өлкесіндегі Малтабар атты топырағы қасиетті кең жерде қазақ халқының жарқын болашағы үшін өз өмірін арнаған Алаштың ардақты азаматы Перуаш Кәрімұлы 1914 жылы дүниеге келген. Өзінің Отанына деген қызметін қарапайым ұстаздық етуден бастаған болатын. Бар жоғы 16 жаста мұғалім болып, алғаш мектеп салып, сол мектепті 1936 жылға дейін басқарған болатын. Жас болғанына қарамастан, білімге деген құштарлығы өте зерек – Перуаш Кәрімұлы – бар білімін халқының, отанының болашағы үшін арнаған. Осындай жүрегі қазақ деп соққан азаматымыздың Малтабар мектебіне есімі берілгеніне мақтан етемін. Ол кісінің дара жолы бір тағдыр, ал біздің өміріміз сол кісінің салған ізімен тікелей байланысты. Осындай алып азаматтарды дүниеге әкелген ата-баба рухына мың тағзым. Солардың да арқасы болар, біздің ешбір уайымсыз ертеңімізге алаңдамай әр атқан ақ таңдарымызға күліп қарайтынымыз. Еліміздегі әрбір адам білім алуға міндетті екенін білеміз. Бұл біздің мемлекетіміз үшін өте маңызды, өйткені, ел ертеңі – білімді жастар! Адамның тұлға ретінде қалыптасуы, мектеп қабырғасынан басталатынын білемін. Менің қазіргі мақсатым – мектепті жақсы бағалармен аяқтап, жоғары оқу орнына түсу. Жас кезімізде сапалы білім алсақ, келешекте оның жемісін көреміз деп ойлаймын.

Символы Казахстана

САМАТ Каусар,
ученица ОСШ интернат имени С.Абдужаббарова,
руководитель учитель русского языка и литературы САЛИМОВА Роза Куангалиевна.
Туркестанская область, Байдибекский район

У каждой страны есть свои государственные символы и они олицетворяют ценности народа. Жители гордятся своими государственными символами. Мы не только должны знать свои государственные символы, но также знать и историю их возникновения.

Акын Ж.Молдағалиев сказал так:

Өткеніңді еске алсаң,
Өскеніңнің белгісі.
Өткеніңді ұмытсаң,
Өшкеніңнің белгісі.

Казахский народ мечтал о свободе и независимости и его символы являются отражением основных направлений и идеологий независимого государства, воплощением его многовековой мечты. Наш государственный голубой флаг с золотистым солнцем и парящим силуэтом орла, и герб в центре которого находится образ шанырака как символ общего семейного благополучия для всех казахстанцев. А небесно - голубой цвет символизирует такие качества как честность, чистоту и наше стремление к миру, согласию. Кроме того, синий цвет символизирует в тюркской культуре преданность. Парящий под солнцем беркут олицетворяет собой силу нашего государства, суверенитет и независимость, стремление к будущему.

Четвертое июня наша страна отмечает День государственных символов. И Флаг, Герб, Гимн выступают как выражение патриотизма граждан нашей страны. В этот день проходят патриотические акции и проявление любви к своей Родине.

А патриотизм у казахского народа - желание жить и созидать во благо нашей любимой Родины Казахстан, добиваться высоких вершин. Чем больше побед у молодого поколения, тем выше будет развеваться свободолюбивый флаг и звучать наш гимн. Только патриотизм к Родине может двигать историю моей Родины.

Қарбыздың пайдасы

ҚҰРАЛБЕК Інжу Бауыржанқызы,
Б.Момышұлы атындағы №6 мектеп-гимназиясының 3 «В» сынып оқушысы.
Жетекшісі: бастауыш сынып мұғалімі НАЗАРОВА Алтынай Жасузаковна.
Түркістан облысы, Жетісай ауданы

Қарбыз – өте жақсы тағам және дертке дауа болар дәрі. Олар геморой, бүйрек, бауыр, асқазан-ішек жолдары ауруларына, әсіресе тас немесе құм жиналып қалған жағдайда ем бола алады. Ұмытпаңыз, бұл жемістерді шамадан тыс жеу – денсаулығыңыз үшін өте қауіпті.

Қарбыз - дәмді ас. Жейсің әрі суын ішесің. Қарбыздың көп бөлігін су құрайды. Көп адам қарбызды оның тәттілігінен шөлді басуға пайдаланбайды, алайда оның құрамында түрлі газдалған сусындар мен жемісті шырындарға қарағанда қант болмайды.

Қарбыз – сәуір айының соңғы күндерінде немесе мамыр айының басында гүлдейді.

Ал, толығымен шілде айының соңғы күндерінде пісіп жетіледі.

Қарбыздың ерекше түрлері:

1. «Densuke» деп аталатын бұл қарбыздың түрін кез келген бақшадан көре алмайсыз. Себебі ол тек Жапонияның «Хакайда» аралында өседі. Оның басқа қарбыздардан ерекшелігі сыртқы өңінде. Қара түсті қабықта, көзіміз әбден үйренген жолақтар жоқ екен. Бірақ іші қызыл, дәндері бар.

Бұл әлемдегі ең қымбат қарбыз, оның бағасы 250 долларға шығады.

2. «Pekinese» атты қарбыздың көлемі - жүзім тәріздес болса, іші - қияр, сырты – қарбыз сияқты.

Әлемдегі ең кішкентай қарбыз.

Бұл қарбызды - көбінесе мейрамханаларда салаттарды безендіруге қолданады.

3. Жапониядағы **төртбұрышты** ерекше қарбыздың бір түрі. Қарбызды төртбұрышты қылу үшін, оны осындай формаларға салып өсіреді. Сақтау және тасымалдау өте ыңғайлы.

4. Бұл **«Қызыл патша»** деп аталатын өте дәмді, дәнсіз қарбыз.

Оны кезіктіру қиын.

5. Ерекше қарбыздардың бір түрі - **іші сары,** ал дәмі лимонның дәмі секілді. Бұл қарбыз глюкоза мен фруктозаның көптігінен осындай түспен дәмге ие болған.

Біз білетін қарбыздың адам ағзасына пайдасы. Сонымен, оның адам денсаулығына пайдасына тоқталатын болса, адам ағзасына қажетті бір күндік магнийді бар-жоғы 150 грамм қарбыз қамтамасыз ете алады екен. Өйткені оның құрамында магний өте көп. Сондықтан артериялық қанқысымы бар жандарға оны ас мәзіріне міндетті түрде қосуы керек.

Қарбыз адам бойындағы холестиринді шығарады, бұл жүрек-қантамырлары ауруларына шалдыққандарға пайдалы. Сондай-ақ, қант диабеті артық салмақтан арылуға, көз ауруларына ем. Қарбыздың ерекшелігі сол, оның шырынында табиғи қышқылдар мен тұздар болмайды. Бұл оның басқа жеміс-жидектерден бірден-бір артықшылығы. Бірақ ол сілтіге бай. Осының барлығы оны несеп жолдары үшін өте пайдалы қылады. Сондықтан дәрігерлер бүйрегіне тас байланған жандарға осы жемісті жеуге кеңес береді. Қуықтың қабынуы, бүйректің қабынуы кезінде қарбызды көбірек пайдаланған жөн. Мамандар күніне тәтті жемістің кем дегенде 2 келісін жеуді ұсынады. Ол қаназдықты емдеуде де жақсы көмекші.

Қарбыз шырыны мен дәнінің пайдасы. Қарбыздың дәндері, қабығы мен шырынды бөлігі дәрілік мақсатта қолданылады.

Қарбыз шырыны мен жұмсағы С, РР, Е, В дәрумендері мен фолий қышқылы, көп мөлшерде кальций, калий, магний, натрий, темір мен фосфорға бай. Қарбыз шырынының қасиеттері мен қанықтығы оны көптеген ауруларға ем болатын дәмді халықтық дәрі-дәрмек етті. Мысалы, ол атеросклероз, артрит, құян және қант диабеті сынды ауруларды емдеуде үлкен көмек бола алады. Қан қысымы жоғары адамдарға және цистит, простатит сынды аурулардан зардап шегетін адамдарға қарбыз шырынын жиі ішу ұсынылады.

Қарбыз сығындысы – зат алмасуды жақсартатын, су-тұз алмасуын реттейтін тамаша сусын. Оны күйзелістік жағдайдың алдын алу үшін, обыр ісігінің таралуын тежеу үшін, стресстерге төтеп беруді күшейту үшін, іскендікті басу үшін және қышқылдық деңгейін реттеу үшін тағайындайды. Оның көмегімен анемия, ерлердің жыныстық әлсіздігін емдейді, бұлшық ет қатайып, оттек пен құнарлы заттармен қамтамасыздандырылады.

Қарбызды қалай таңдаймыз? Қарбыз алар кезде мына кеңестерді есте ұстау керек.

-Піскен қарбыздың ақ жолағы жалпақ болады әрі жолағы қанық болуы тиіс;

-Қарбызды шертіп көрген кезде дауысы анық шығуы керек;

-Сыртында қоңыр-қара дағы бар немесе жарылған қарбызды көрсеңіз мүлде жоламағаныңыз жөн;

-Ірі әрі салмағы ауыр қарбыз жақсы піскен;

-Қарбызды сондай-ақ, жеміс сабағына қарап та таңдауға болады. Егер жеміс сабағы шірімеген болса онда ол жаңа жұлынып әкелінген және іші де түспеген;

-Қарбызда болатын сары дақтар оның толық піскенін білдіреді;

-Қарбыздың сырты жылтыр болса да жақсы піскендігінің белгісі.

Қорытынды.

Қарбыз - адам денсаулығын нығайтады.

Қарбыздың қандай түрі болса да, өзіндік пайдасы бар.

Әр отбасы өзінің бақшасында қарбыз егіп, өсірсе, простатит, цистит, қант диабеті, қан қысымының жоғары болуынан, артық салмақ, пен көз ауруларын болдырмас үшін алдын алар едік.

Түркістан облысы, Бәйдібек ауданы С. Әбдіжаппаров атындағы жалпы орта мектеп - интернатының шығармашыл шәкірттерінің салған суреттері.

КАМАЛ Ақниет Нұркенқызы,
4 "В" сынып оқушысы

ПЕРНЕБАЙ Нұрасыл Біржанұлы,
4 "Г" сынып оқушысы

РАСИЛ Нұрсаулет Ерсұлтанұлы,
6 "Г" сынып оқушысы

САҒЫНДЫҚҚЫЗЫ Аяулым,
4 "В" сынып оқушысы

Сиқырлы бояу

ТАСТЕМІР Мағжан Елікұлы,
10 "А" сынып оқушысы

ҮСЕН Нұрислам Русланұлы,
4 "Г" сынып оқушысы

Сиқырлы бояу

Менің арманым...

АБДУРАИМОВ Абдушукур Бахтиерович,
Түркістан облысы, Сайрам ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі
№104 негізгі орта мектебінің 4 «В» сынып оқушысы.
Жетекші: АЗИМБОЕВА Севара Фазилжановна.

Армансыз адам – қанатсыз құспен тең. Әр адамның жан дүниесінде тамыр жайған арманы бар. Ол арман – адаммен бірге өседі, өркендейді. Дәл солай, менің де балалық шағымның үлкен бір арманы бар, ол – дәрігер болу. Бұлай деуімнің себебі мен қазіргі таңда үйде оқытылатын яғни мүмкіндігі шектеулі оқушылардың тізіміндемін. Алайда мен толық пікір айтып, жазып, оқып айтып бере аламын, шүкір (мұндай әрекеті жоқ талай балаға кез болдым, ондағы сезімімді тілмен жеткізе алмаймын!) алайда өкінішке орай менде есте сақтау қабілеті тым нашар! Жүрегіме жасалған отадан кейін әлсіреп, өзімді нашар сезінген кездерім болды. Сол кездегі маған жанашырлық танытқан ақ халатты абзал жандарды жанымдай жақсы көріп дәрігер боламын деген мендегі арман пайда болды.

Адам өмірі үшін, күресе білетін, өз ісімнің маманы болғым келеді! Менің бұл ойымды ақ қағаз бетіне түсіруіме маған үйге келіп сабақ беретін қазақ тілі пәні мұғалімім Азимбоева Севара апайымның «Балалар күні» мен құттықтап келіп: «Сендегі осы сөздерді сен сияқты достарың да оқысын, білсін, мойымай алға қадам бассын, деп қолдау көрсетіп, шыны керек кей сөздердің орнын, аудармасын ұмытып қалған сәтте көмектесуі арқау болды. Бұл үшін Севара апайыма, бастауыш сынып мұғалімім Ибрагимжановаға Хилола апайға алғысым шексіз! Өйткені олар мені басқа балалардан бөліп жармай, қатар қойып, білімін беріп келеді.

Кім біледі, менің бүгінгі арманым – ертеңгі болашағым болар?! Бүгінгі қиялымдағы ойым – ертеңгі күнімнің еңбекпен тауып жейтін азығым болар?! Мен бұл арманымды міндетті түрде орындаймын!

Қош бол, бастауыш!

МАМУРЖАНОВА Дурдона Акмалжановна,
Түркістан облысы, Сайрам ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі
№104 негізгі орта мектебінің 4 «А» сынып оқушысы.
Жетекші: бастауыш сынып мұғалімі ИСАКОВА Халида.

Қош бол, бастауыш.
Мектебім - сауат ашқан алтын ұям.
Ер жетіп сенде сөзім, артты санам.
Баулыған 4 жыл бойы ата-анамдай.
Әрқашан қасиетті атың маған.
Арада өтсін мейлі тағы төрт жыл,
Әр күні балалықтай бір жүрек бұл.
Өзіңе борыштармын өмір бойы
Есейген шәкіртіңнің серті деп біл.

Бастауыш сынып – мектеп қабырғасындағы жылдардың бастамасы. Санамда түрлі сұрақтар пайда бола бастады. Ойлап қарасам, бұл уақыт отбасым мен ата-анамнан алғаш жырақтап, өзге ортаға сіңісуіме ыңғай танытатын кез екенін ұқтым. Әлі ештеңені толық түсінбей, еркелігім басылмай, көзім жәутендеп апайымның әр сөзін мұқият тыңдап отыратын балғын балапан шақ екен. Уақыт өтті... . Апайым қолға қалам ұстатып, әріп пен сандарды жаттатқызып, оқу мен ілімге деген қызығушылығымды арттырды. Бізге алғаш әріп танытып, әліппені үйреткен бастауыш сынып ұстазымыз - Исакова Халида апай 4 жыл өзінің бойындағы білімі мен қабілеті арқылы бізді үлкен өмірге тәрбиеледі. Ең алғаш сыныпта барша оқушыларды жинап, өзін таныстырған сәті бәрімiздің есімізде. «Мен сендердің сынып жетекшілерiңмін, яғни екінші аналарыңмын» деп сөзін бастап, соңынан бәрімізге бірдей тәтті ұсынған. Енді міне, ең алғашқы апайымызбен, мектеп қабырғасындағы алғашқы кезеңмен қоштасатын уақытта таяп қалыпты. Бұл уақыт аралығында біз мектеп қабырғасына үйреніп қана қоймай, біліммен қоса тәлім-тәрбиені де толығымен үйренуге тырыстық. Партада қалай отыру қажет, ұстаздармен дұрыс қарым-қатынас орнату, сыныптастармен бірге жақсы дос бола білу керек сынды қасиеттерді осы уақыт аралығында толығымен үйрене алдық.

Мұның бәріне бастауыш сынып мұғалімім Халида апайдың қосқан үлесі зор. Сыныптастарымның атынан да сізге білдірер алғысымыз шексіз, үмітіңізді ақтап, берген біліміңізді өмірде қолданып, саналы азамат болып өсуге уәде береміз!

№05-06 (067-068) 2021 жыл
Мамыр/маусым

Мазмұны

ЕСЕН Б. А.
Жас түлек, болашақта жолың болсын, аңсаған армандарың орындалсын!.............1
АРЫСБАЕВА Ж. Ә.
Білім шырағын жаққан ғұлама 180 жыл..2
ИСАЕВ С.Ә.
Парасатты білім ұясының түлегі - арулар мақтанышы...4
ЫБЫШЕВА Д. К.
Оқушылардың функционалдық оқу сауаттылығын дамытуда педагогтің рөлі.......6
ЖУМАХАНОВА Э. Ж., ТЕМИРХАНОВА С. М.
Онлайн оқыту:сабақты қызықты өту жолдары..7
ЕРНАЗАРОВА М.
Жасай берші, жақсы Адам..9
ИСМАИЛОВА Э.М.
Баланы отбасында рухани тәрбиелеу...10
БАЗАРБАЕВА Е.Е.
Ойын-зерттеудің ең жоғарғы түрі..11
ТОЛЫБАЕВА М.Ж.
Балалардың агрессиялық мінез-құлқының алдын алу және түзету жолдары........13
КУШЕНОВ Е.М.
Тәуелсіздік-ең басты құндылығымыз..15
ЕСЕНКУЛОВА Б.А.
Балалар-біздің болашағымыз...16
АДАСХАНОВА Ұ.Р.
Сандық дәуірдегі колледж кітапханасы: мүмкіндіктер мен мәселелер..................17
ЕГІЗБАЕВ Қ.Б.
Спорт және дұрыс тамақтану – салауатты өмір салтының негізі............................18
КЕЛЕСБАЕВА Г.Ж.
Еңбегіңіз жемісті болсын, талантты ұстаз!..20
ЖАНАЕВ У.Ж.
Особенности преподавания русского языка и литературы
в рамках обновления системы образования..22
БЕКТЕМИСОВА А.К.
Қыз тәрбиесі-ұлт тәрбиесі!..23
АЛИБЕКОВА Н.Т.
Ж ж дыбысы мен әрпі..24
ҚУАТБЕКОВА Ж.А.
Бағанды, сызықтық, дөңгелек және графиктік диаграммалар.................................26
МАЛКАЙДАРОВА Д.
Ар ілімі.Құндылық, ішкі тыныштық..28
УМАРОВА З.А.
Өрнектердегі амалдардың орындалу реті..29
СЛАНБАЕВА Н.
Үй жануарлары...31
НОМАНОВА М.
Құстар..32
НУРЖАУБАЕВ М.С.
Асық ату. Қауіпсіздік ережесі...34
МАМЫТОВА К.Ж.
Өрнектерді түрлендіруде негізгі тригонометриялық
тепе-теңдіктерді қолдану тақырыбына есептер шығару..35
МЫНЖАСАРОВА Ұ.
Фосфор және оның қосылыстары...37
НҰСҚАБАЕВ Ж.М.
Дос таңдай білу...38
ШАИМОВ Н.Ж.
Қысқаша көбейту формулаларының көмегімен өрнектерді түрлендіру.................40
КЕНЖЕГУЛОВА Ш.К.
Ежелгі көшпелілердің материалдық мәдениеті..42
БҰРХАН А.
Асқабақ...44
ЖҰМАБЕК Е.
Қазақ тілі - мәңгілік тіл...45
САМАТ К.
Символы Казахстана..45
ҚҰРАЛБЕК І.Б.
Қарбыздың пайдасы...46
Сиқырлы бояу...47
АБДУРАИМОВ А.Б.
Менің арманым...48
МАМУРЖАНОВА Д.А.
Қош бол, бастауыш!...48

БІЛІМ ШЫҢЫ-
ҒЫЛЫМ СЫРЫ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК, ТАНЫМДЫҚ, МӘДЕНИ-РУХАНИ ЖУРНАЛ

2015 жылдың тамыз айынан бастап шыға бастады.
Айына бір рет шығады.

Бас редактор:
ЕСЕН Бахыткүл Артыққызы

Шығармашылық директор:
БЕКЗАТ Рүстем

Бас редактордың орынбасары:
Биғараев Жарқынбек

Тілшілер:
УСИПОВА Жанна
ИЗТАЕВА Феруза

Дизайнер:
АНАРКУЛОВ Ислам

Компьютерлік қызмет:
ҚҰРАЛБЕКОВА Динара

Журнал Қазақстан Республикасының Инвестициялар және Даму Министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі №15454-Ж (01.07.2015)

Жазылу индексі: 74871
Редакцияға келіп түскен авторлардың мақалалары редакцияның көзқарасын білдірмейді.
Түпнұсқа редакция архивінде сақталады.
Кейбір суреттер мен мәліметтер интернеттен алынады.

Меншік иесі: ЖК “Шың” Баспаханасы.
Журнал 2021 жылы 03 маусым ЖК “Шың” баспаханасында басылып шықты.
Мекен-жайымыз:
Қазақстан Республикасы,
Шымкент қаласы,
Ғ.Орманов көшесі 10/1
Байланыс телефондары:
+7 (7252) 77 20 10
Ұялы тел.: +7 701 590 79 16,
+7 775 403 72 84
эл.пошта: bilimshini.kz@mail.ru
сайт: www.bilimshini.kz

Тапсырыс: №205
Таралымы: 6270

ШЫҢ БАСПАХАНАСЫ

Кітап
Кітапшалар
Диплом
Журналдар
Афиша
Құттықтаулар
Стендтер
Визитка
Маңдайшалар
Брошюра
Буклеттер
Шақырулар
Плакат
Баннер
Портфолио
Бланк
Календарь

Сапалы әрі арзан бағада

Мектеп бөлмелерін безендіру

Байланыс сымтетігі: +7 (7252) 77 20 10;
Ұялы тел.: +7 701 590 79 16
ҚР, Шымкент қаласы, Ғ.Орманова көшесі 10/1
E-mail: bilimshini.kz@mail.ru

БАСПАСӨЗ-2021

БІЛІМ ШЫНЫ-
ҒЫЛЫМ СЫРЫ

Жазылу индексі: 74871

6 айға жазылу бағасы

Қазпошта арқылы
2779 теңге 80 тиын

"Ер-нұр" пресс арқылы
3006 теңге 00 тиын

Мекен-жайымыз: ҚР, Шымкент қаласы, Ғ.Орманов көшесі, 10/1
Байланыс телефондары: 8(7252) 77 20 10 Ұялы тел.: 8 701 312 99 06